

КУАНЬІШ

05.

ББК 84 Қаз7-44  
Қ71

Қ71 Елена Чепилка

Қуаныш. -Алматы: ШЫФЫС СӘУЛЕСІ, 2005-148 бет  
ISBN 9965-9777-7-1 ББК 84 ҚАЗ 7-44

Қазақ тіліне аударған “ШЫФЫС СӘУЛЕСІ” баспасы  
Алматы қаласы

Қ 4702250201  
00 (05) -05

© “ШЫФЫС СӘУЛЕСІ”, 2005

ISBN 9965-9222-5-X

«ШЫФЫС СӘУЛЕСІ»

## МАЗМУНЫ

Атайдың сыйлығы .....	4
Тұған күн .....	11
Қызыл алма .....	16
Ақмамық және оның қожайыны .....	19
Жабайы лақ .....	29
Емханада .....	35
Оля мен Надя .....	42
“Естілмей” қалған дүға .....	44
Әкіл әжей .....	46
Жаман сөз .....	54
Құрбылар .....	57
Тоты құс .....	65
Керме ағаш .....	69
Достар .....	71
Екілік .....	74
Сенуші болғым келмейді .....	78
Шығармашылық бәйге .....	80
Қауышқан отбасы .....	85
Исамен кездесу .....	94
Арай .....	96
Құспазы балалар .....	98
Ар-ұят .....	101
Күшік .....	103
Қарбалас .....	109
Антошканың сырқаты .....	113
Коля ағайдың әңгімесі .....	116
Сүйкімді Ажар .....	123
Құлпәш әжей .....	126
Вася – сыған баласы .....	129
Кішкентай ізгі хабаршы .....	138

# АТАЙДЫҢ СЫЙЛЫФЫ



Демалыс күні Айтбекке ауылдағы атасы қонаққа келді. Айтбек атасын жанындай жақсы көретін. Әрдайым сағына күтіп жүреді. Әжесі ертеректе қайтыс болған. Балалары болса бірінің артынан бірі қалаға коныс аударған. Қазір ауылдағы үйінде атай жалғыз өзі тұрады.

Қарт анда-санда балалары мен немерелеріне қонаққа келіп тұрады. Ал жазғы демалыс күндерінде балалары мен немерелерінің ауылдағы үйіне қонаққа келгенінде мәре-сәре болып қуаныш қалушы еді.

Немерелеріне барғанда оларға неше түрлі ойыншықтар апарып беруді әдетке айналдырған. Міне, бүгін де олар аталарының әкелген ойыншықтарына риза болып, көңілдері жадырап жүр. Айтбекке шайыр исі аңқыған судай жаңа доп таяқ пен шайбы добын әкеліпті. Қарындасты Бота атасы сыйлаған жаңа қуыршағын құшағына қысып, томпиған сүйкімді жүзі қуаныштан бал-бұл жанады, кішкентай інісі Айдар ашық түсті ала добын бөлменің ішінде домалатып, ойын қызығына түсіп жүр.

— Балалықтың балдырыған шағында мейірлерің қанғанша ойнаңдар. Осы қызықты кезендерің тез-ақ өте шығады, — деді қарт бурыл сақалын анда-санда сипап қойып.

Балалар үшін атасымен бірге болу зор ғанибет. Айтбек пен Бота түс-түсынан шуылдан, оған өздерінің жаңалықтарын айттысып жатты. Айдар болса атасының тізесіне жайласып отырып алғып, оның бетіндегі әжімдерін сипап отыр. Балалар әсіресе атайдың Киеle кітапты оқып беріп, түрлі оқиғалар жайлы әңгімелегенін ұнатады. Немерелері атасы мен ата-анасының Жаратушы Құдайға деген шынайы сүйіспеншілігіне қатты таңырқайтын. Олар атайдың Құдайға сенгені үшін талай қағажу көріп, жапа шеккенін папасы мен мамасының айтуынан білетін. Ал қарт болса өзі туралы әңгіме етіп, сөз сабактауды ұнатпайтын.

Айтбек ата-анасынан түстен кейін мұз айдынына барып ойнауга сұранды. Балалармен бірге барып хоккей ойнағанша асығып, тағаты таусылды. Балалардың шайбасы бар. Жаңа доп таяқты міндетті түрде алғып бармақ. Мұндай доп таяқ ауладағы баілалардың бірде-бірінде жоқ. Осы таяққа ынтызар болып қашаннан да армандал жүретін. Кейде өз бөлмесінде отырып, ұйықтар алдында Құдайға сиынып, тілек

ететін. Енді, міне, судай жаңа доп таяғының сабын сипап отырып, Жаратушыға тілегін қабыл алғаны үшін алғыс сезімдерін білдіріп отыр.

Айтбек далаға шықты. Ауа райы тамылжып түр екен. Қар жамылған көшелерге күннің нұры шуағын молынан төгіп түр. Қытыймыр аяз бетін өбіп, мұрынын қытықтайды. Қазір мұз айдынында ойынның нағыз қызыған шағы. Айтбек көрші подъезде тұратын Дәуіт деген досының үйіне кіріп кетті. Ол екеуі мектепке бірге баратын. Дәуіттің одан бір жасқа үлкендігі бар. Жексенбі сайын ол екеуі Құдайға құлшылық етуге бірге барып, қатар отыратын. Айтбек келе салысымен Дәуіт оның үтіттегенін күтпестен-ақ жылдам-жылдам жинала бастады. Жалт-жұлт еткен жаңа доп таяқты қөргенде қуанғанынан ысқырып жіберді. Көп өтпей-ақ Дәуіт аула хоккейшісінің киімін киіп, ескі доп таяғын ұстаган бойда досымен бірге далаға шықты. Мұз айдынындағы тегеуірінді ойынға шыдамай жарақаттанған доп таяғын ол изолятор таспасымен тастай етіп орап тастапты.

– Бәрекелді, мына доп таяғың қандай тамаша еді, – деп қайта-қайта айта берді Дәуіт қызыққанын жасыра алмай. Сенің атаң қандай жақсы адам, бәрін түсінеді, – деді ол.

Айтбек өзін шексіз бақытты сезінді. Әне-міне дегенше екі дос мұз айдынына келіп жетті. Бұл кезде балалар мұз айдынында доп қуалап ойнап жүр екен.

Әдетте бір ауланың балалары екінші аула балаларына қарсы команда болып ойнайтын. Қайса қақпашилар мұз алаңындағы ойын барысының бірде-бір сәтін қалт жібермей, жіті бақылап тұрды.

Айтбек пен Дәуітті балалар қуана қарсы алды. Олар келгеннен соң екі команададағы ойыншылар саны тепе-тең болды. Ендігі жерде ойынның әділетті әрі әсерлі болатынына ешкімнің де құдігі қалмады. Айтбектің жаңа доп таяғы балалардың барлығына ұнады. Жаңа доп таяқты бірінен соң бірі қолдарына алма-кезектесе ұстап, шайбы добын қуып ойнап көріп жатты. Айтбек ешқашан ашқоз, саран болған емес. Дегенмен де доп таяғының өзінө қайта оралғанына қуанды. Бұғінгі ойын кезінде ол әсіресе ширак қимылдан, шабыттана ойнады. Әне-міне дегенше қарсыластар қақпасына екі допты енгізіп те жіберді. Бұл жерде доп таяқтың қатысы жок. Тек Айтбектің көңіл-күйі көтерінкі болған еді. Міне, тағы да бір допты қарсыластар қақпасына түсірді. Жанкүйерлер қуана қол шапалактап, ысқырып жатыр. Кейбіреулері мұз алаңына жүгіріп шығып, Айтбекті жеңісімен құттықтап жатты.

Ойын аяқталып, балалар үйлеріне қайтуға бет алған сөтте Айтбектің қасына теңселе басып Серік келді. Ол қарсылас команданың капитаны еді.

– Не, жаңа доп таяқ сатып алып, көкірегінді кересің бе? – деді ол тістене сойлем, – сен жаңа доп таяғың жоқ кезде осылайша ширак ойнамайтынсың. Кел, бәстесейік, жаңа доп таяқсыз сен қақпаға доп түсіре алмас едін.

– Не үшін таласып тұрсын? Мен әділ ойнадым. Бәрі көріп тұрдығой. Бәстесіп таласар жайым жоқ, – деді Айтбек.

– Не, әлсізсің бе? Әлде мамаңа баруға асырып тұрсың ба? Менің қолдан жасалған ескі доп таяғыммен дәл осы жерде тұрып, менің қақпама доп түсіріп көрші, көне. Олай етпейінше мен сені ешқайда жібермеймін. Оған көнбесең міне, саған, – деп жұдырығын көрсетті. Олардың көшелерінде тұратын балалардың басым көпшілігі осы баладан именетін. Айтбек болса бұрын-сонды біреумен төбелесіп көрмеген еді. Дегенмен де оның алдында әлсіздік көрсетіп, берілгісі келмеді. Өз ауласының балалары Айтбекті қаумалай қоршап алып, оған қолдау көрсетіп, шуылдан тұрды.

– Жақсы. Мен қақпаға доп соғамын. Бірақ сен менің доп таяғыма тиіспе. Оны бүгін маған атам тарту етті. Егер қақпаңа доп түсіре алмасам, саған сағызы беремін. Жарай ма?

– Дұрыс айтасың, Айтбек, – деп Дәүіт оның сөзін қолдады.

Серік кекесінмен ыржып күлді де, өзінің қақпасына қарай жүгіре жөнелді. Айтбек өзінің неліктен абыржып, қиналғанын түсінбеді. Жүгіріңкіреп барды да, шайбы добын имек таяғымен қарсыластар қақпасына қарай бағыттап үрүп жіберді. Ойын сөтін бағдарлап тұрған балалар тұс-тұстан шуылдан кетті. Тәсілкөй Серік ширак қимылданап, допты қақпаға жеткізбей қағып алды.

– Немене, дәрменсізсің бе? – деді ол қарама-қарсы келе жатқан Айтбекке кекесінді жүзбен қарап.

– Оқасы жоқ, бәрібір бүгінгі женіс біздікі, – деп Дәүіт досын жұбатып жатыр.

Бірақ Айтбек өзін сондай қолайсыз сезінді:

– Жарайды, Серік, мен онда қазір саған сағызы өкеліп берейін. Осы жерде күте тұр.

— Айтарсың. Күт дейді. Қазір кетерсің де жым-жылас жоқ боларсың. Сенің айтқаныңа сеніп тұрган мен жоқ. Кепілдік ретінде доп таяғыңды қалдырып кет. Оны қайтарып алу үшін қайтып келерің айдан анық.

Серік доп таяқты қос-қолдап үстап, жармасқан күйде Айтбекке кекесінмен тесіле қарап қалыпты. Айтбек ойланып қалды. Көрші ауладағы үйлердің бірінде тұратын осы бір сотқар баланы бұрыннан-ақ ұнатпайтын. Бұрын-соңды оған ісі түсіп көрген емес. Дәл қазір қандай амал істеу керек екенін білмей дал болды. Серікті райынан қайтару мүмкін емес екендігіне анық көзі жетті.

— Жарайды, Серік, мен жылдам барып келемін, қаласаң доп таяғыммен ойнай түр. Мен дүкенге кеттім.

Айтбек жүгірген бойда үйіне келді де, портфелінің ішіндегі ата-анасы мектепте түскі ас ішу үшін берген ақшаны ала салып, далаға жүгіріп шықты. Атасы мен әке-шешесінің жай-жапсар сұрағанына тек:

— Содан соң, — деп жауап берді де, келген ізімен қайта жүгіріп кетті.

Бақытына орай дүкенде кезек күтушілер жоқ екен. Көп ұзамай-ақ ол сатып алған сағызың қалтасына салып алыш, мұз алаңына жүгіріп келді.

Айтбек өз көзіне өзі сенбеді. Бұл не деп ойларсын? Өз ауласының балалары бір жерге үйме-жүйме болып жиналып, алса орындықтарда отыр. Көрші аулаңың балалары көрінбейді. Айтбек отырғандардың арасынан Серікті іздеді. Ол із-түzsіz жоғалыпты.

Дәүіт жүгіргеннен ентігін баса алмай, алқынып тұрган досының қасына келіп:

— Ол кетіп қалды, Айтбек, олардың барлығы да кетіп қалды, — деді үнжырғасы түскен күймен, — біз жібермеуге тырысып бақтық, бірақ олардың саны біздегілерден артық, түсінесің бе?

Осы кезде Айтбек өз достарының беті-бастарына көзі түсті. Олардың барлығының беті-қолдары жарақаттаныпты. Болған істі енді түсінді. Бұл жай Айтбектің жаның жабырқатты. Ол осы доп таяқты алғысы келіп армандағанын, талай рет Құдайға сиынып, тілек тілегенін, осы доп таяқты атасы сыйға тартқанда қуанышы қойнына сыймай, қуанғаның есіне алды. Үнжырғасы түсіп, үнсіз отырған балаларға алғыс сезіммен мейірлене карады. Осы балалардың барлығымен тай-құлындағы тебісіп, бірге өсті, бірге ойнады. Бірақ Айтбектің олармен үқсас қасиеттері аз. Мәсіхшілер отбасында

тәрбиеленгендіктен Айтбектің тәртібі, мінез-құлқы оларға қарағанда бөлекше. Дос балалары Айтбекке өздерінің қандай да бір құпия сырларын айтып, ақылдасатын. Одан көмек сұрауға да қымсынбайтын. Айтбек болса балалардың қылығын әжуалап, құлкіге айналдырып, жасы кіші балаларды жәбірлеп көрген емес. Сондықтан да болар балалардың барлығы да оны қатты сыйлайтын. Көмектескілері келіп-ақ еді. Әттең! Балалардың барлығы оған жәрдемдескің келген ниетпен біреуі Серікті кешкісін подъездің алдынан үстап алууды, екінші біреуі оның үйіне барып ата-анасына болған жайды айтып беруді үсінди.

— Ештеңе істеудің қажеті жоқ. Сендерге раҳмет, балалар. Мен онымен өзім-ақ түсінісе жатармын, — деді Айтбек түсініксіз дауыспен мінгірлеп.

Ол үнсіз бұрылды да, үйіне қарай бет алды. Қөзінен тарам-тарам болып шыққан жасы бетін жуды. Суық жел бетін тоңазытып, көз жасын кептіргендей. Қасында Әүіт келе жатыр. Ол үрге келе салысымен Айтбек үшін Құдайға сиынып, дұға-тілек бағыштаймын деп шешті ішінен.

Атасы кіре берісте көзінің жасын әрең тыып, шешініп жатқан немересінің әр қимылын қалт жібермesten бағдарлап отырды.

— Не болды, қарғым, доп таяғың қайда? Сынып қалды ма, әлде?

Атасының мейірімді көзіне көзі түскені-ақ мұн екен, ол өзін-өзі үстай алмай, еңіреп жылап жіберді. Атасы мен әке-шешесі Айтбектің айтқандарын тыңдал, болған істің жай-жапсарын білгеннен соң, оған басу айта бастады. Ақырында атасы Айтбектің қолынан жетектеп, балалардың үйықтайтын бөлмесіне ертіп келді. Ол өзінің Киелі кітабын алды да, немересіне осы кітаптан: «Кімде-кім сенімен сottасып, сенің жейденді алғысы келсе, сен оған сырт киімінді қоса бер», «Татуластырушылар бақытты. Себебі олар Құдайдың рухани балалары деп атанатын болады», — деген жолдарды оқып берді.

— Айтбек, саған азап шеккен алғашқы мәсіхшілер туралы әңгімелер қатты ұнаушы еді ғой.

— Үнайтыны рас, ата. Бірақ оның бұл іске қатысы қандай?

— Құлыным-ау, сен әркез олардың бойында осыншама қайсарлық, өз нанымдарына деген терен сенім, Құдайға деген шынайы сүйіспеншілік қайдан келген деп таңырқаушы едің ғой. Міне, осындей

ізгі қасиет біздің әрқайсымыздың бойымында қалыптасады. Жаратушы бізді осындай сынақтар арқылы Құдайға деген адалдығымызды, төзімділігімізді сыйнайды. Жігерімізді шындаиды. Сенім жолындағы ұлы қаһармандық істерге даярлайды. Құдайдың үлдары төзімді де қайратты болуы тиіс. Осындай ізгі қасиеттер біздің бойымында осындай сыйндарлы сәттер кезінде қалыптасады. Исаңың өсieti бойынша ісамал істесен, қуанышқа кенелесің! Мәсіхшілік өмірдің көркемдігін түсініп, жеңіс қуанышына бөлөнесің!

- Оған кешірім ет дейсін, ата. Қалай кешіремін?
- Оған кешірім жасағың келсе, Жаратушы Ие саған жеңілдік жасайды.

Бұл – Оның күзырындағы іс. Көмектеседі. Ол Януданың Гетсимандағы сатқындығы үшін оны жау санаған жоқ, қайта дос санады. Бұл ретте Ол монтансып, екі жүзділік танытқан жоқ. Біздің Құдайымыз осындай. Өзінің жолдан тайып, адасқан, күнәға белшесінен батқан шәкіртін аяған. Егер Януда кешірім өтінгенде, Иса оны қуана-қуана кешіріп, оған сүйіспеншілік сыйлар еді.

Сол кеште есігі жабық бөлмеде отырып атасы мен немересі – мәсіхші екі жан ұзақ әнгімелесті. Олардың бірі сақал-шашына ақ кірген, өзінің сеніміне, нанымына берік, жасы жеткен қария болса, екіншісі – өзінің өмір жолын жаңа ғана бастаған, аузын ашса – көмекейі көрінетін аңғал, ақжарқын, қайырымды мінезді жасөспірім бала. Сол кеште Жаратушы осы екеуінің ыстық ықыласты дұға-тілектерін қабыл алдып, екеуінің жүректерін шаттыққа, мамыражай тыныштыққа бөледі.

Балалар бөлмесінде отырып мәсіхші жасөспірім бала маңызды шешім қабылдады. Ол жедел киінді де, тыска шықты. Пәлтесінің қалтасында әжептәуір салмақты, өзіне ерекше қымбат зат бар.

Пәтердің қоңырауын басқан еді, есікті шаршагандықтан жүзі солғын тартқан мосқал әйел ашты.

– Саған не керек, бала? Сен дे Серікке шағым жасай келдің бе? Мениң тілазар балам сені де сабады ма? Ол сотқарлығы үшін жаңа ғана менен таяқ жеді. Саған дейін де көрші ауладан бірнеше адам келіп, оған шағым жасаған. Әкесі кеткеннен бері әбден бетімен кетті бұл бала. Үйіне бара бер. Қам жеме, сен үшін де жазалармын оны, – деді де жаңағы әйел Айтбектің аузын ашып, сөз айтуына мұрша берместен

зілдей есікті сарт еткізіп жаба салды. Бала алғашында не істерін білмей, сасып қалды. Дегенмен тағы да қонырауды басты.

— Саған не керек? — деді тағы да есік ашқан жаңағы әйел, есік алдында тұрған балаға таңырқай қарап.

— Жоқ, апай, мен шағымдануға келгенім жоқ. Маңызды бір шаруамен келіп едім. Кіруге рұқсат па?

— Шағымданбаймын дейсің бе? Онда мениң баламның досы болдың гой. Түріне қарасам, моп-момақан баласың. Сен де ата-анаңың жүйкесін тоздырып болған шығарсың. Эй, сотқарлар-ай!

Есік қайтадан жабылды. Айтбек тосылғаннан желкесін қасып:

— Әзәзіл менің Киелі кітап бойынша амал істеуіме кедергі келтіруде. Бірақ мен де беріле қоймаспын, — деді де, тас түйін бекініп альп, есіктің қонырауын тағы басты. Серіктің мамасы есікті қатты серпінмен сілки ашқанда Айтбек көзімді көгертип алар ма екенмін деп жасқаныш қалды.

— Мен оған сыйлық әкелдім. Мен қазір кетемін. Шақырып жіберіңізші, өтінемін сізден, — деп бастырмалата сөйлемді Айтбек.

Арғы бөлмеден түрі жүнін жұлған балапандай үйпа-түйпа болған Серік көрінді. Ол Айтбекке отты көздерімен ажырая қарап:

— Саған не керек? Келген ізіңмен кері қарай кет. Мама, мынаны қуып жібер, — деді тіксіне сөйлеп.

— Эй, өздерің біліндерші! Серіктің мамасы қолын бір сілтеді де, өз шаруасымен шұғылдана берді.

— Тоқтай түр, Серік, мен сенен доп таяғымды алайын деп келгенім жоқ. Мен саған мынаны әкелдім, — деп шайыр иісі аңқыған судай жаңа шайбы добын ұсынды, — жалғыз доп таяқпен не бітіресің? Не ары, не бері емес. Мұны менен сыйлық ретінде қабыл ал.

Серік кекесінмен мырс етті.

— Келемеждең тұрсың ба? Қазір көрсетімін саған.

— Жоқ, келемеждең тұрғаным жоқ. Осыны саған тарту етемін. Ал мына сағызы сенікі. Сен оны әділ түрде ұтып алдың.

Айтбек әкелген заттарын Серіктің қолына ұстата салды да, оның жауабын күтпестен баспалдақпен төмен қарай шапшашдап түсіп кете барды. Үйіне қайтып келе жатып, жол бойы Исаға сиынды:

— Тәнір Ием, мен Сенің калауын бойыншá бар амалымды істедім. Қазір мен қуаныштымын. Серікке батаңды беріп, онымен өзін сөйлескейсің!

Атасы мен әке-шешесі Айтбектің өзімен қастасқан баламен кездесудің қын болғанын, ақырында ол өз дегеніне жетіп, апарған сыйлығын оның қолына ұстатьп кеткендігі туралы әңгімесін зейін қойып тыңдады. Сонында мамасы сәл күрсінді де:

— Ол баланың өмірі қын көрінеді. Мамасының басында да ауыртпалық бар сияқты. Әкесіз бала өсіріп, тәрбиелеу оңай емес-ау. Құдайдың қомегі қажет-ақ. Серіктің мамасымен танысу керек екен.

Сол кеште Серіктің қөңіл-күйі, ішкі ой-сезімдері қандай болғандығын ешкім білмейді. Таңертенгісін дүкенге барайын деп, Айтбектің мамасы тысқа шыққанда, есіктің алдында жатқан жаңа доп таяқты, шайбыны және сағызды тауып алды. Бұл — атасының немересіне берген тартулары. Бұп-бұтін, түп-түгел күйінде екен. Осы заттарды Айтбектің төсегінің жанына апарып қойды. Ол балбырап, тәтті үйқының құшағында жатыр екен. Көп өтпей-ақ ауланың балалары Серіктің мінезінен айтулы өзгерісті аңғарды. Мұз айдынына да сирек келетін болды. Оның қойдан жуас момакан болып қалғанына ауланың балалары қатты таңырқады. Айтбек болса жаңа доп таяғы мен шайбы добын алып, жарқын қөңілмен далаға шықты. Айтбек пен Серіктің мамалары арасында қыл өтпестей достық қарым-қатынас қалыптасқаны да кездейсоқ жай емес еді. Жазда Айтбектің туған күні болды. Оған бірінші болып Серік келді. Оның бұл қылышына ешкім де таңданған жоқ. Өйткені осындаі кешірімділік, жақсы қарым-қатынас мәсіхшілер арасындаған болады емес пе? Атасының берген сыйлығы ма, әлде басқа да себеп түрткі болды ма, Айтбек жаңа дос тапты.

## ТУҒАН КҮН



Бүгін Сайлаудың туған күні. Мектептегі сабақ өте ұзақ болған сияқты. Мұғалімдер оған женілдік жасады: тақтаға шақырып, сабақ сұраған жоқ. Қандай жақсы. Міне, ең соңғы қоңырау да соғылды.

«Алақай! Енді үйге қайтуға болады», — деді ол қуанышы қойнына сыймай. Даладағы тамылжыған табиғат жанынды жадыратып, қөңіліңе дем бергендей. Қектемгі күн нұры көшелерге шуағын молынан төгіп түр. Майда қоңыр жел бетінді өбеді. Осынау кең дүниеде өмір

сүру қандай ғанибет еді! Оның үстіне ол бүгін көп-көдімгідей ержетіп, он жасқа толып отыр.

Сайлау мектептен шыққан бойда осындай көтерінкі көңілмен бірде ыскырып, бірде әндептіп, жүгіре басып үйіне қарай бетtedі.

Мамасы туған күнге дайындық жасап әбігер болып жүр екен. Ұлы көп-көрім ержетіп қалды. Бүгінгі күн ол үшін аса әсерлі де қуанышты болып өтсін деп бар ниетін сала дайындалуда. Тұрлі-тұсті кремнен жасалған райхан ғұлдерімен безендірілген үлкен торт мерекелік дастарханға көрік беріп тұр. Қазір қонақтар келеді. Сайлаудың қуаныштан көnlі тасып, шаттанып жүр.

— Алакай! Мынаның барлығы маған ба? Дастархан толып тұр ғой! Осының бәрін қашан дайындал үлгергенсің?!

— Бүгін сен он жасқа толдың. Осындай ілтипат көрсетуге лайықсың, — деді мамасы, — ал қазір киімінді ауыстыр да, нанға барып кел!

Жүгіре басып ас үйден шыққан Сайлау дәлізден қарындасы Нұргұлді көрді. Ол төрт жаста еді. Бұлдіршіндей сүйкімді қарындасын Сайлау жаңындай жақсы көреді. Көгілдір тұсті бұршақтары бар ак көйлегі, жіңішке бұрымындағы үлпілдек банты оған жарасып-ақ тұр. Нұргұл ағасына қарап кулана күлімсіреп:

— Сайлау, саған беретін сыйлығым бар, — деді.

— Солай ма? Ол қандай сыйлық?

— Айтпаймын. Сосын беремін. Қусың ғой өзің.

Сайлау мейіріммен құлімсіреді де, кішкене қарындасының тосап жағылған томпақ бетінен шөп еткізіп сүйіп алды. Бұл кезде жұмыстан қайтқан әкесі мамасына дастархан мәзірін үстелге коюға жәрдемдесіп жатты. Қазір қонақтар да келіп қалар. Шақырылғандар көп. Олардың арасында атасы, әжесі, жексенбілік мектепке бірге барып жүрген достары, сыныптас досы Қайсар бар. Бір аулада тұратын, футболды бірге ойнап жүрген достары да туған күнге келеміз деп уәде берген. Мен қандай бақыттымын! — деп ойлады ол масаттана.

Дүкенге барап жолда кіші-гірім гүл бағы, одан әріректе трамвай аялдамасы бар. Дүкен мен үйдің арасы он бес минуттық жол. Гүл аланының жаңынан өтіп бара жатып Сайлау баланың жылаған дауысын естіді. Бұрылып қараса, трамвай аялдамасының қарама-қарсысында өзінің қарындасы Нұргұлден сәл ересектеу бір бала жылап отыр екен. Сайлау ары қарай өтіп кете берейін деп те ойлады.

Өйткені уақыты тығыз, асығыс еді. Бірақ іштей бір ой өлгі балаға бұрылып, көмек көрсетуге жетелегендей болды. Иса осындай қиындыққа душар болғандарға қол үшін бермей, олардың жанынан өте шықпас еді гой деген ой келді. Мен сенушімін фой. Қой, баланың жанына барып, не болғанын білейін. Кішкене баланың түрінен оның қиындыққа душар болғанын анғару қын емес-ті. Балдырганның тұртұрпаты қызық-ақ. Үлбіреген қап-қара, бұйра шашы, тәмпіш мұрны, шаң басқан бетін айғыздаған көз жасы, қорыққаннан діріл қаққан еріндеріне қарап, Сайлау мейіріммен жымиды.

– Иә, батыр, саған не болды? Неге жылап отырсың?

Қоңыр көздеріне жас толған балдырган Сайлауға ерекше сеніммен қарап тұрып, өксігін баса алмаған күйі түсініксіз былдырлады.

– Мен адасып кеттім.

– Адасқаның қалай? Сен осы маңда тұрасың ба? Серуендеуге шығып па едің?

– Жоқ, мен мұнда трамваймен келдім. Мен алыста тұра-а-а-мын, – деп еніреп қоя берді.

– Қой, жылама. Дұрыстап түсіндірші. Қайда бара жатыр едің? Қасында біреу бар ма?

– Мен дәріхананы іздедім. Әжем ауырып қалды. Ол кісі көрі. Бұрындары әжем екеуміз дәріханаға осы трамваймен баратынбыз. Мен дәрі сатып алайын деген едім. Міне, ақша мен қағаз менде. У-у-у.

– Сенің ата-анаң қайда?

– Саяжайға кеткен.

– Әжен осындай кішкене баланы қалайша дәріханаға жалғыз жіберді екен?

Бала көзінің жасын жейдесінің жеңімен сұртті де, болған жайды түсіндіре бастады:

– Әжем дәріханаға кеткенімді білмейді. Мен кеткенде ол үйықтап жатқан. Әжеме дәрігер келіп, алғын дәрілерді жазып берді. Содан соң үлкен шприцпен укол салды әжеме. Дәрігер әжемнен дәріханаға кім барып дәрі әкеле алады? – деп сұрады. Менен басқа кім барушы еді? Әжем менің жалғыз өзімді жібермес еді. Мен оның үйықтағанын тосып тұрдым да, ақша мен қағазды алғып, трамваймен осында келдім. Біз бұрын әжем екеуміз дәріханаға бірге баратынбыз. Үш аялдама откен

соң түсетінбіз. Мен де солай істедім. Бірақ бұл басқа жер. Мұнда мен ешқашан да болған емеспін.

— Эй, менің ақылсызым-ау! Сен басқа трамвайға отырғансың ғой.

— Анаған отырдым. Трамвайлардың барлығы бірдей ғой.

— Бірдей болғанымен олардың әрқайсысының нөмірлері бар.

Жүретін бағыттары да әр түрлі. Жылағаныңды қой. Атың кім өзіннің?

— Жасұлан Айдаров.

— Мекен-жайыңды білесің бе?

— Иә, білемін. Заречная көшесі, 20-пәтер.

— Не істесем екен?

— Көмектесші маған, өтінемін! Әжем де оянып, мені іздеп жатқан болар. Ол кісіге абыржуға болмайды. Жүргегінің ауруы бар. Әжем өліп қалса қайтемін?

— Әжең өліп қала ма деп қорқып, дәрі іздеп шықтың ба?

— Иә, әжем өте жақсы адам.

Сайлау баланың бетіне қарап сәл ойланып тұрды. «Кіп-кішкене болсаң да өзіндік мінез-құлқың, жүргегінде мейірімін бар бала екенсін» деп түйді ол ішінен. Қоңыр көздерін жаутандатып, өзіне жалынышпен қарап тұрған Жасұланды қатты аяп кетті. Өзінің бар жұмысын ұмытқан Сайлау балаға қамқоршылық кейіппен қарап тұрып:

— Жарайды, Жасұлан, менің бүгін туған күнім еді. Үйде қонақтар жиналышп мені күтіп отыр. Бірақ сені қындықта тастап кете алмаспышын. Жүр, кеттік, сенің үйіне!

Бала қуанғанынан отырған орындығынан атып тұрды.

— Шын ба? Қандай жақсы баласың!

— Менің осылай еткенім, ең алдымен мен мәсіхші баламын. Түсінікті ме? Мен Құдайға сенемін. Иса бізді осындаі мейірбан болуга үйретті. Жарайды, қолыңды бер, тездетейік!

Сайлау аялдамада тұрғандардың бірінен Заречная көшесіне қалай бару керек екендігін сұрады. Бірнеше минуттан соң ол екеуі трамвайға отырды. Жасұлан Сайлаудың қолынан мықтап үстап алыпты. Ауық-ауық оған қарап жынышп қояды.

Оған қарап отырып, Сайлау туған күні, оған жиналған қонақтар туралы ойлап, мазасыздануын қойды. Екі аялдама жүрген соң Жасұлан өзінің үйіне жақын маңда орналасқан үйлерді танып, қуана қол шапалақтай бастады.

– Біздің үйге жеттік. Осы аялдамадан түсеміз. Анау үйді көрдің бе? Сол – біздікі.

Сайлау оның бүйра қара шашын сипап, қуаныштан алабұртқан жүзіне қарап езу тартты. Осы бір сүйкімді баланы бұрыннан-ақ танитын сияқты сезінді. Қалдырып кетуге қимай түр. Әне-міне дегенше олар Жасұланның үйіне де келіп жетті.

– Әрі қарай өзің баарсың. Мен үйге қайтуым керек. Қонақтар әбден күтіп қалды.

– Сайлау, кете көрмеші, жалғыз өзім баруға қорқамын. Әжем сазайымды береді менің. Менімен бірге жүрші. Жап-жақын. Бірінші қабатта тұрамыз, – деп жалынды.

– Жақсы. Сені әжеңе апарып, табыстайын да, тездетіп үйге қайтайын.

Жасұлан қуана-қуана пәтерге қарай жүгіріп кетті. Олардың пәтерлерінің есігі жартылай ашық түр екен. Үйдегі тыныштық адамның бойында үрей туғызардай. Қорықканнан түсі бұзылып кеткен Жасұлан абдырап, Сайлауға қарады. Не болды екен? Бөлмелерді аралап, безек қағып жүгіріп жүр. Ашық терезелерден сыртқа басын сұғып, әжесін шақырып айқайлайды. Өстіп отырғанда орта жастағы бір әйел үйге кіріп келді.

– Жасұлан, тентегім-ау, қайда жоғалып кеттің? Әженді ауруханага алғып кетті. Сені ойлап қатты уайымдады ол кісі. Аулалардың бірінде ойын қызығына түсіп жүрген шығар деп ойлады.

– Әжем өліп қалған жоқ па?

Аула сыйырушы Ләйлә апай баланың басын сипап тұрып:

– Жоқ, қымбаттым, қорықпа, ол кісіге ауруханада жақсы қарайды. Ем жасайды. Көп өтпей-ақ папаң мен мамаң да келіп қалар. Пәтердің кілті менде. Сені қайтсем екен?

Сайлау ойланбастан-ақ:

– Жасұлан әзірше біздің үйде тұратын болады. Біз жақын манда тұрамыз. Осы жерден үш аялдамағана.

Ләйлә апай Сайлаудың бетіне сынай қарап: «Мен бұрын сені бұл үйден көрmedім фой. Сен бұларға туысқанбысын?» – деді.

– Ол менің ең жақсы досым. Аты – Сайлау, – деді Жасұлан бастырмалата сөйлеп, – мен тек сонымен бірге барамын.

– Сіз қам жеменіз. Жасұланға біздің үйде ыңғайлы болады.

Ләйлә апай қарсы болған жоқ. Үйдің кілтін өзінде қалдырыды. Осы үйдің тұрғындары ол кісіге пәтерлерінің кілттерін сеніп қалдыра беретін. Ләйлә апай балаларды трамвай аялдамасына дейін шығарып салды да, Жасұланға: «Ауруханада жатқан өжеңе телефон соғып, сенің табылғандығың жайлы хабарлаймын, сен үшін қайғырмасын», – деді.

Жасұлан жол бойы тып-тыныш отырды. Жанында отырған Сайлауға сүйене отырып:

– Мен тек саған ғана сенемін. Менімен бірге біздің үйге келгенің қандай жақсы болды, – деді сыбырлай сөйлеп. Баланы подъездің жанында қалдырып кетпегенім мұндай жақсы болар ма, қалдырып кеткенімде мұның күйі не болар еді, – деп Сайлау ішінен өзіне өзі риза болды.

– Жасұлан, сен өженді ойлап, қайғырма. Біз қазір өженнің ауруханадан аман-есен жазылып, үйге оралуы үшін тілек тілеп, Құдайға дұға етеміз. Ол кісі әлі-ақ сауығып кетеді. Ертең екеуміз ауруханаға барып, өжеңнің халін біліп қайтамыз.

– Шын айтасың ба? Қандай жақсы!

Сайлау Исаға сиынып, Жасұланның әжесінің ауруына шипа, көңіліне тыныштық беруін тілеп, дұға етті. Жасұлан Сайлаудың әрбір сезін қалт жіберместен үйп тыңдал отырды.

Өне-міне дегенше өздерінің аялдамасына да келіп жетті. Баяғы кішігірім гүл бағы. Сол бір орындық. Нан сататын дүкен баяғыда жабылып қалған. Ол өзінің туған күніне кешікті. Нан да сатып ала алмады. Сөйтсе де ол еш өкінген жоқ. Дәл қазіргі сәтте өзін шексіз бақыттымын деп санады.

Бүгінгі күн Сайлау үшін ерекше күн. Өзінің жан-дүниесін жадыратып, қуанышқа бөлеген ерекше жағдай басынан өтті. Дәлірек айтканда, Жаратушы бүгінгі істеген істері үшін оған шексіз риза болды. Яғни бұл оның туған күніндегі ең маңызды тарту еді. Үй ішіндегілер де Сайлаудың бұл ісін түсініп, кішкентай Жасұланға көмек көрсетері шүбесіз.

## ҚЫЗЫЛ АЛМА

Кешкілік ауланың балалары түгелдей жиналып, совхоз бағына алма үрлауға барды. Мәулен де соларға еріп кетті. Баруын барғанмен үрлых



істегү күнәға батыратындығын ойлап, мазасы кетті. Бірақ осынау оқиға қызықтырып-ак барады. Талғат пен Еркін мағынасыз мылжың әңгімелерді айтып, күзетшіні алдандырып тұрды. Ал қалғандары дуалдан секіріп түсіп, бақтағы алмаларды қалталарына тығыздап толтырып алды. Біршама уақыттан соң күзетші баққа үры түскенін аңғарып қалды да, ысқырығымен ысқырып, шу көтерді. Еркін мен Талғат ауылға қарай аяқтары-аяқтарына тимей тым-тырақай қаша жөнелді. Бақтың ішіндегі балалар қашып, тығылып, бастарын сауғалады. Күзетшінің иті балалардың қайсыбірінің артынан жүгірерін білмей, арпалысып жүгіріп, арсылдап үре берді. Ақырында үргенін қойып, өзінің күркесіне кіріп тыныш тапты. Ашуға булықкан күзетші балаларды ұстай алмаса да, сырттарынан олардың ку тамтығын қалдырмай балағаттады. Аулаға келіп жиналған балалар өздерінің «ерлік» істерін еске алысып, ішек-сілелері қатқанша құлсіп жатты. Соғылып, сырылып, жарақаттанған жерлерін сипап отырып, Мәулен дуалға ілініп өрім-өрім болып жыртылған шалбарын көргенде балалар одан өрі күлкіге бөкті. Үйлеріне олар «қаһарман» болып оралды.

Мәулен ақырын басып келіп, бөлмесіне енді де, төсегіне жып беріп сұңғып кетті. Ол мамасының өз бөлмесіне кіргенін, киімдерін жөндей жүріп қалтасынан ұрланған алмаларды қағып түсіріп, жинап алғанын білген жоқ.

Таңертенгісін Мәулен кішкене қарындастының былдырлап сөйлеген дауысынан оянып кетті.

– Мәулен, Мәулен, түр, сені мамам таңертенгі асқа шақырып жатыр.

Орнынан тұрып, шалбарын киейін дегенде кешегі құлқілі оқиғаны есіне алды. Алма қайда кеткен? Мүмкін қалтамнан қарындасты алып алған болар. Онда оқасы жоқ. Шалбарымның жыртығын біреу мүқият етіп жамапты. Бұл маманың ісі білар. Осы сәтте Мәулениң беті-басы қысылғаннан ду ете қалды. Енді ата-анасының бетіне қалай қарайды? Олар өркез Мәуленді өте байсалды да лайықты мәсіхші, нағыз сенуші бала деп мақтап, жасы кіші балаларына үлгі ететін. Не істерін білмей лажы таусылған ол ілби басып жуынуға бет алды. Содан соң дастархан басына келіп отырды. Үстел басына отбасы мүшелері түгелдей жиналыпты. Олардың барлығы да Мәуленмен жылы шырайлы ілтипатпен амандасты. «Шынымен ештеңе түсінбеген бе?»

— деп таңданды Мәулен. Осы сәт таңертенгі астың мәзірі қойылған үстелдің дәл ортасында құтыға салынған алмаларға көзі түсті. Бұл Мәуленнің қалтасындағы алмалар еді. Ол өз көзіне өзі сенбей, сілейіп отырып қалды. Ата-анасы еш нәрсе болмағандай-ақ Мәуленнің бетіне бейзат көңілмөн қарады. Ақырында әкесі оған тіл қатып:

— Мәулен, сен Жаратушының бізге нәсіп еткен асына бата сұра, — деді.

— Мен бе? Неліктен мен, әке?

— Неліктені қалай? Сен бұрын-сонды Құдайға сиынып, дұға тілеп көрмеп пе едің?

Мәулен қысылғаннан жаны алқымына келіп, тынысы тарылды. Құрыған жерім осы шығар. Үрлап әкелген жеміс үшін қалай ғана дұға етіп, бата тілермін? — деп күйзелді Мәулен. Алмаларды алып, басқа жерге қойсам ба еken деп те ойлады. Бірақ оның ыңғайы келе қояр ма еken? Әй, не болса сол болсын деп тәуекелге бел буды да, көзін жұмып алып:

— Жаратушы Ием, бізге осы асты нәсіп еттің. Рахмет саған. Ішкелі отырған асымызға батаңды бере گер! Әумин!

Көзімді ашқан сәтте үстелде тұрган алмалар жым-жылас жоқ болып кетсе ғой деп қиялдады Мәулен. Бірақ алма салынған құты сол тұрган орнында әлі тұр. Ас ішіліп болғанша алмалардың саны да біртіндеп азая бастады. Кішкене балалар дәмді, тілді үйретін хош исти қызыл алмаларды ұнатып қалыпты. Мәулен құтыға қараса болды, жүрегі айнып, бей-жай күйге түсті.

— Сен неге алма жемейсің, Мәулен? — деді әкесі, — дәмін татсаңшы тым болмаса. Өте тәтті еken. Жаратушы сенің өтінішіңмен батасын берді емес пе?

Мәулен бір алманы алды да, өзін-өзі зорлағандай болып әрең жеді. Неге екені белгісіз, сол күні кешке дейін іші ауырып жүрді. Ауырудың себебі абыржығандықтан ба, әлде Жаратушы осы алманы жер алдында ерекше бір бата берді ме, әйтеуір Мәулен сол оқиғадан кейін совхоз бағына балалармен ілесіп барып, алма үрлауын үзілді-кесілді тоқтатты. Кей ретте осындаидай да бата болады еken.

# АҚМАМЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЖАЙЫНЫ

Дархан балық аулаудан қайтып келе жатты. Оның шелегінде қызыл желбезекті табан балықтар шиыршақ ата жүзіп жүр. Бала анда-санда балықтарға қызыға қарап қояды. Бұлардан қандай жақсы балық сорпасы болады десенші! Әжесі қуанатын болды. Дархан мұнда демалысқа келген-ді. Балық аулауга келгені де бүгін бірінші рет. Ол айналмалы соқпақпен тауға көтерілді. Осы жерде әжесі тұратын ауыл орналасқан. Құн нұрлы шуағын айналға молынан төгіп тұр. Тозанақтың ұлпілдек шатыршалары жел лебімен ауада қалқиды. Жіңішке бұтақтарын жерге иген ақ қайындар осы көркем аймақтың тылсым сұлулығына өзіндік рең бергендей. Бұл жердің ауасы қандай тамаша десенші! Демалыс кездерінде осында келуге аңсары ауады да тұрады. Жақында әжесімен көршілес тұратын үйге Арман келеді. Ол екеуі ежелден тату достар. Арман келген соң екеуі уақыттарын көңілді өткізеп сөзсіз. Демалыс құндерін қалай өткізетіні туралы тәтті қиялға берілген бала ирелен соқпақпен келе жатып, кенеттен бір топ балалардың көңілді күлкілерін естіді. Жақын жерде үш бала мысықтың кішкентай баласын әбігерге түсіріп жатыр екен. Бірінен соң бірі кезектесе байғұс жануардың біресе құлағын, біресе құйрығын жүлкәлайды. Мысықтың баласы жан дауысы шыға мияулап, олардан қашқалақтайды.

— Жануардың жаңын қинамандар! Оның не жазығы бар еді?! — деді Дархан зығырданы қайнап.

Балалар Дарханның тіксініп сөйлегенін жақтырмай қалды.

— Сенің шаруаң қанша, жоғал әрмен. Осы жаққа кім көрінген келеді екен, келген жағына қарай кері қайт, — деді балалардың бірі.

— Әбден азаптадындар ғой, онанша бұл бейшараны маған беріндерші, — деп өтінді Дархан.

— Сен оның орнына бізге не бересің? Мысықты бізден тегін аламын деп дәмеленіп тұрмысың? Мысық деген үй шаруасында таптырмайтын көмекші. Сенің әжеңнің үйінде тышқандар қаптап кеткен болар.

— Мына балықтарды алындар. Жанаған үстап алдым.

— Ха, балық деймісің? Мұндай балықтарды біз күнде аулаймыз. Ал мына қармағынды берсен аламыз.

Балалар оның балық аулау жабдықтарына қызыға қарап тұрды. Бұл қармақты Дарханға ауылдағы әжесіне барамын деп жинальп

жүрген кезінде өкесі сатып әперген-ді. Өте оңтайлы, ықшам әрі жепженел. Дарханның жасқаншақтап тұрғанын пайдаланып балалар мысықты одан әрмен әуреледі. Байғұс мысық қарсыласуға шамасы келмestен, көгал шөптің үстінде сұлық түсіп жатып қалды.

– Жарайды, қармағымды алындар да, маған мысықты беріндер!

Сейтіп, кішкене мысық Дарханның қолына өтті. Әбден қорлық көріп, есі кеткен мысық сұп-сұық тұмсығын Дарханның қолтығына тығып, жайласып алды. Ол мысықты жейдесінің ішіне салып алып, бір қолымен оны жебеп ұстаған күйі үйіне қарай бет алды.

Дархан ішінен киялға шомып келе жатты. Кішкене мысығыма сүт беріп тамақтандырамын. Төсегімнің жанына кішкене кілемше төсеп, сонда жатқызармын. Әжем оған қарсы бола қоймас, – деп ойлады Дархан. Осылайша ой үстінде келе жатып, әжесінің үйіне қалай жеткенін де анғармай қалды. Қармағымды бергенімнің өкініші жоқ. Оның ессесіне мысығым бар. Тек әжемнің қора-қопсысының ішінен қолдан жасалған ескі қармағымды іздеп, тауып алуды керек. Оның ойын жылаған баланың дауысы бөліп жіберді. Бұрылып қараса, бір үйдің алдындағы сәкіде жылап отырған тоғыз жас шамасындағы кішкентай қызды көрді. Мойылдай қара шашын екі бұрым етіп өріп қойыпты. Үстіне киген қысқа көйлегі өзіне жарасып-ақ тұр. Қолына үлкен қуыршақ ұстап алыпты. Кішкентай қызы Дарханның қаладағы ата-анасымен бірге қалған кішкентай қарындасты Балжанды есіне түсіргендей болды. Бала не болғанын білейін деп жылап отырған бұлдіршіннің жанына келді:

– Саған не болды, балакай, біреу жәбірледі ме?

– Кішкентай мысығымды, Ақмамықты балалар тартып алды, – деді өксігін баса алмай.

Дархан болған жайды біле қойды да, қойнындағы кішкентай сұр мысықты қызға ұсынды.

– Мынау ма?

– Иә, осы. Кішкентайым менің, тірі екенсің фой, ана балалар сени өлтіріп тастаймыз деген еді фой. Сен мұны қайдан алдың?

– Сол балалардан алып алдым. Өзімнің қармағыма айырбастадым. Олар бұл мысықты сенен неге тартып алды?

– Олар мені келемежедеп, Құдайыңа сиын, көреміз Оның сениң мысығыңа қалай көмектесетіндігін, – деді. Шынында да Құдайдың көмегімен менің мысығым тірі қалған екен. Рахмет, саған!

– Сен Құдайға сеніп, Оған сиынасың ба? Бірақ сенің мысығынды құтқарған мен емес пе?

– Білмеймін. Бірақ сен құтқарып ұлгермеуің де мүмкін еді ғой. Немесе оларды көрмей жаңынан өтіп кетуің де мүмкін. Менің папам мен мамам өмірде кездесоқ жағдайлар көп болады дейтін.

– Сенің папаң мен мамаң қайда?

– Олар қалада. Мен атам мен әжемнің үйіне қонаққа келгемін. Жүр, біздің үйге, мен сені олармен таныстырайын!

– Жоқ, рахмет. Үйге қайтуым керек. Сенің ақмамығынды көруге тағы бірде кіріп шығармын.

Үйге келген соң болған жайды әжесіне айтып берді. Әжесі бірде басын шайқап, бірсек күрсініп, бірде күлімсіреп отырып, немересінің айтқандарын зейін қоя тындағы. Немересінің осы ісі үшін дән риза болды.

– Жарайсың, Дархан, кішкентай мысықты да құтқардың, кішкентай қызды да қуанттың! Мен ол қызды білемін. Жапар мен Раяның немересі ғой. Олар – Құдайға сенуші адамдар. Бірақ олардың сенімдері қызық. Алайда ол кісілер өте мейірбанды, жақсы жандар. Ауыздарынан ешқашан өбес сөз естіген емеспін. Олар Құдай туралы, сенімдері жайлы әңгіме айтқанда, құлагыңың құрышын қандырады. Киеle кітаптары бар. Өте қызықты кітап. Осы жердегі сотанақ балалар қарттарды келемеждеп жүреді. Жазда бақтарына кіріп, алмаларын үрлайды, бау-бақ өнімдері себілген атыздарын таптайтын. Олар өздерінің сотанақтық ісі үшін еш жаза қолданылмайтындығын жақсы біледі. Енді, міне, олардың кішкене немересін жәбірлеген. Осындай балалар өз ата-аналарының жүйкелерін тоздырып, жандарын жабырқатары сөзсіз.

Қарт әжей ауылдағы өмір туралы ұзақ әңгімеледі. Ауылда басқан әр қадамың, әрбір ісің барша жүргіттың көз алдында. Еш нәрсені бүгіп, жасыра алмайсың. Дархан көбіне-көп мәсіхші қарттардың өмірлері туралы көп білгісі келді. Олар туралы әжесі мақтаныш сезіммен әңгімеледі. Үүрінғы жылдары қарттарға Құдайға сенгені үшін қағажу көрсетіп, қыспаққа алғандығын, Құдай туралы әңгіме қозғауға тыйым салғандығын айтты. Қарттар болса, мұндай жағдайда тіс жарып ештеңе демейтін. Тек күлімсіреп қана қоятын. Өздерімен өздері тыныш өмір сүре беретін. Олардың ісі, болмысы өзгелерден бөлекше. Жұмыста әрдайым өнегелі еңбегімен көзге түсетін. Жақсы жұмыс істегені үшін

әркез мактауға ие болатын. Қандай да бір қындыққа ұшыраса, адамдар әрқашан мәсіхшілер үйіне келіп, көмек сұрайтын. Олардың отбасы үлкен. Бір-бірімен сыйласымы, ынтымағы жарасқан үйимшыл, үлкен отбасы. Балалары да еңбексүйгіш, ата-аналарының айтқандарын екі етпейтін тілалғыш. Жүрттың бәрі оларға қызығады.

– Төрізі, Жаратушы Ие оларды қандай істе болсын жебеп, жәрдем береді екен-ая? – деп әжесі ауыр күрсініп алды да, сөзін аяқтады.

– Әже, сен бұрын-сонды ол кіслер туралы еш нәрсе айтпаушы едің той?

– Солайы солай. Сен әлі жассың, кішкентай баласың ғой, түсіне қоймас деуші едім. Енді, міне, ержетіп қалдың. Сөздің реті келген соң айтып отырганым ғой. Сен ол кіслердің немересін ренжітпе. Өзі бір үріп ауызға салардай сүйкімді-ақ қыз. Түрі біздің Балжанға үқсайды.

Дархан кеш бойы әжесінен естіген әңгімелерінен алған әсерлерінен арыла алмай, ой үстінде отырды. Ертеңіне есігінің алдында жасыл сәкісі бар кіші-гірім үйге барғысы келіп, ансары ауып тұрды. Ол аулаға кіргенде өзіне таныс бүлдіршін қызды көрді. Ол дәліздің баспалдағына жайғасып алдып, кішкене мысығымен ойнап отыр екен. Дарханды көргенде қуанып кетті.

– Сәлем, Дархан! Келгенің қандай жақсы болды! Үйге кір!

Осы сәтте терезеден қарап тұрган жылы жүзді, сақалды қарт:

– Бізге келген қонақты танымадым ғой, – деді сақалын тарамдап тұрып..

– Ата, мен бұл бала туралы айтып едім ғой!

– Онда үйге кірсөнші! Кемпірім бауырсақ пісірген. Шай ішеміз.

Дархан қарсы болған жоқ. Мейірбан жүзді қарт оған қатты ұнап қалды. Әжесінің көршісі туралы айтқан әңгімелерінен кейін ол кіслердің өмірі қызықтыра тусты.

Тап-түйнақтай бөлменің ортасындағы үстел үстінде буы аузы-мұрнынан шықкан самауырын тұр. Ақжарқын мінезді әжей үстел үстіне дастархан мәзірін қойып, бәйек болуда. Үйдегілердің бәрі Дарханға жылы шыраймен ілтипат көрсетіп, дастархан басына отыруды ұсынды. Ас алдында атай Құдайға сиынып, «Осы үстел басында отыргандарға, ішкелі отырган асқа, осындаі тамаққа зәру болып жүргендеге батанды бере ғөр», – деп дүға етті. Атайдың сенімді тұрде сөйлегендігі сондай, қасындағыларға атай құдды біреумен

сөйлесіп отырғандай әсер етті. Дархан тіпті жан-жағына қарағысы да келді. Хош иісті шай, дәмі тілді үйірер бауырсақ отырғандарға қатты ұнады. Дархан осы отбасы мүшелерімен тез танысып, шүйіркелесіп отырды.

– Атай, менің әжем Киелі кітап бар, – деген еді. Соны көруге бола ма? – деп сұрады.

– Әрине, балам. Бері келе фой.

Көрші бөлмедегі кішігірім үстел үстіндегі әбден тозығы жеткен қалың кітапты көрген Дархан «Мына кітапта осы қарттардың өмірлері жайлы құпия сыр бар-ау», – деп ойлады.

Атай Дарханды жаңына отырғызы да, өзі баға жетпес асыл қазынаға бағалайтын осы кітабының беттерін аша отырып, Құдайға деген сүйіспеншілік туралы, Иса туралы біраз әңгімелерді оқып берді.

Дархан бұрын балаларға арналған Құдай туралы мультфильмдерді көрген болатын. Бірақ онда басқаша еді. Атай Дарханға кейбір жайларды түсіндіріп, кітаптың кейбір жерлерін оқып бергеніне дән риза болып отырды. Коштасар сәтте атай Дарханнан жиі-жиі келіп тұруын өтінді. Бала оның өтінішін қуана қабыл алды. Айнұр мен оның мысығы Ақмамық Дарханды қақпаға дейін шығарып салды.

Дархан ертеңіне бұл үйге тағы да келді. Ол атайдың әңгімелерін тындал, Киелі кітапты оқыды. Бала оқығандарына, білгендеріне шынайы көңілмен сенемін деп айтпағанымен, осы жайлы тереңірек білгісі келіп, ынталана түсті. Мәсіхшілердің осы бір жұпымны да қарапайым үйінде әрдайым жанға жайлы тыныштық, ауызбірлік нышаны байқалады. Жаратушы Құдай туралы әңгімелегендеге атайдың көзі күлімсіреп, жүзі қуаныштан нұрланып сала берді. Бірде Дархан атайдан:

– Атай, осындағы Құдайға деген сенім сізде қалай пайда болды? – деп сұрады, – осының бәрін сізге кім үйретті? Соны білгім келеді. Айтып беріңізші, – деді. Қарт сөл жымының койды да, кішкентай немересі Айнұрды тізесіне отырғызып альып, ұзақ сонар әңгімесін бастап кетті.

Әке-шешем туралы еш нәрсе есімде жоқ. Өзім революция орнағаннан кейін дүниеге келіппін. Ол кез қындығы мол қысталан жылдар еді. Қала көшелерінде панасыз балалар босып жүретін. Олар кейде біреудің затын ұрласа, кейде алақандарын жайып, қайыр сұрап, күн ұзағына көше аралап, қаңғырып жүретін. Мен алғашында бір

Әйелдің үйінде тұрдым. Ол таңтеренгісін маған жүрек жалғайтындаған азын-аулақ тамақ беретін де, у-шу, ығы-жығы болып жататын аландардың біріне шығарып, өзім сияқты жалба-жұлба болып жүретін қайырышы балалармен бірге қайыр сұрататын. Кешкісін мені алыш кетуге келетін де, күні бойы құлақшыныма жинаған тын-тебендерімді сипырып алатын. Ол әйелдің маған қандайлықты туысқандық жақындығы бар екендігін білмейтінмін. Оның қолына қалай келгенім де есімде жоқ. Бірде оның үйінде дөрекі мінезді бір ер адам пайда болды. Ол белгісіз бір себептермен ол әйелді жер-жебіріне жетіп үрсатын еді. Ақыр аяғында мені далаға лактырып таstadtы. Бұл күздін қара суық құндерінің бірі болатын. Сол кезде үйі жоқ панасыздарға өте қыын болды. Олар ақыры аяғында амалсыздан балалар колониясына немесе жетімханаларға баруға мәжбүр болатын. Мен – ол кезде шамамен 6-7 жастағы баламын. Үнжырғам түсіп, қайда барапымды білмей ұзақ сандалып жүрдім. Үйге оралуға батылым бармады. Денемнің дөрекі еркектің қолағаштай қолымен үрган жерлері жанымға батып, қатты ауырып тұрды. Жаным жабырқап, қатты торықтый. Бойымды үрей билеп, тоңғанымды да сезер емеспін. Ақыры қатты шаршап, қалжырағандығым сондай, қала шетіндегі бір үйдің алдындағы орындықтардың біріне барып, сұлық түсіп жатып қалдым.

Сол күнде қанша уақыт жатқаным есімде жоқ. Құлаққа жағымды естілген әуенниң үнінен оянып кеттім. Бұрын-сонды мұндай әуезді әуенді естіп көрген емеспін. Біраздан соң музыка тоқтады. Осыдан кейін ол үйден адамдар бірінен соң бірі шығып, жан-жаққа тарап кетіп жатты. Орныман тұрып, қашып кетейін деп талпынған едім, оныман ештеңе шықпады. Қалжырап шаршағандықтан көнектей болып ісіп кеткен аяғым, денемнің таяқ тиген жерлері қатты ауырып, орныман қозғалуға мұрша бермеді. Сол үйден шығып бара жатқандардың біреуі мені байқап қалды. Адамдар мені қоршап алды. Жылағаннан былаудай болып ісіп кеткен көзіме, қорқыныштан түршіккен түріме қарап, олар аяушылық білдіріп жатты. Өзара сөйлесіп, менің басымнан сипап, бетіме қарап ілтипатпен күлімсіреп қояды. Олардың не туралы сөйлесіп жатқандарын да түсіне алған жокпын. Басым айналып, миыма еш нәрсе кірер емес.

Одан әрі не болғанын білмеймін. Ояна кетсем, ішінде көптеген әдемі суреттер ілінген кең де жарық бөлмеде жатыр екенмін. Мен аздал оқи

білетінмін. Содан болар, өзім жатқан төсектің тұсында ілулі түрган суретке көзім түсті. Ол суретте ақ киім киген бір адам аспанға көтеріліп барады екен. Топты жүрт оған таңырқай қарап қалыпты. Ол адамның аяғының астымен ақ шаңқандай үлпілдек бұлттар үдерес көшіп барады. Суреттің астында ашық түсті әріптермен «Сендерді жетімсірептей, қайта ораламын»; – деген сөздер жазылыпты. Мұнарланған бұлттар арасынан осы бір ерекше адамға қанатты періштeler қолдарын ұмысина созып тұр. Суреттегі көріністерге таңырқай қарап тұрып, бөлменің қожайынының қалай кіріп келгенін де анғармай қалыптын. Бұл қапсағай денелі орта жастағы адам еді. Оның түріне қарап, мейірбанды жан екендігін анғару қын емес-ті. Сөйтіп, мен осында тұрып қалдым. Оны Ваня аға деп атайдын еді. Ол кісі Құдайға сенуші еді.

Алғашында өзімнің жаңа өміріме дағдылана алмай жүрдім. Мен енді бұрынғыдай біреуден таяқ жеуден қорықпайтын, алақанымды жайып ешкімнен қайыр-садақа сұрамайтын болдым. Дегенмен де өзімде деген ерекше қамқорлыққа бойымды үрете алмай, үйсіз-күйсіз күшікке үқсан, бір бұрышқа тығызып алыш отыратын күндерім де болды. Бұрынғыдай есіктің көзінде төсеніш жайылған жерде жатпайтын болдым. Жатқан төсек-орным жұпны болса да мұнтаздай таза. Ауырып қалатын да кездерім болған, мұндайда Ваня ағай менің жанымнан екі елі шықпайтын. Мені жас балаша күтіп, Киелі кітапты оқып беретін. Кейін келе ол кісі мені асырап алыш, өзінің фамилиясын берді. Ең бастысы менің бойыма Жаратушы Құдайға деген сүйіспеншілік рухын дарыта білді. Көп ұзамай-ақ мен жоғарыда аталаш өтілген суреттегі ғажайып адам туралы егжей-тегжейлі біліп алдым. Сауатымды аштым. Тіпті сыйдырып оқитын да болдым. Қауымызыдағы ауру карттардың үйлеріне барып, хал-жағдайларын сұрап жүретін болдым. Бұл – менің Құдай жолындағы атқарған еңбектерім еді. Қарттарға Інжілді, Киелі кітапты оқып беріп, шаруашылық істеріне қолғабыс беріп жүрдім. Бәрі де мені жанындај жақсы көріп кетті. Сол кездегі өмірім өзімे жұмақтың төріндей болып көрінетін. Бірде әкеммен бірге қауымның жұмысымен жол сапарға шыққан едім. Сол жолы баяғы үй иесі әйелді көрдім. Ол мені шынымен-ақ танымады ма, өлде сыр бергісі келмеді ме, әйтеуір мені білмейтін адам сияқты сыңай танытты. Менің де онымен сөйлесуге зауқым жоқ еді. Әкемнің қолынан мықтап ұстап алдым да, «Жаратушым, мейірлі шапағатыңа бөлей гөр», – деп дүға еттім.

Қорқынышты тұс сияқты болып өткен балалық шағым қайтадан есіме түсіл, денем түршікті. Сол сәтте мен Құдайдың маған қандайлықты жәрдем беріп, шексіз бақыт сыйлағанын жан жүргіммен ұғындым. Мұндай ғажайып іс тек Жаратушының ғана қолынан келетіндігіне көзім жетті.

Атайдың әңгімесін үйшіп тыңдалап отырған біздерге мейіріммен күлімсірей қарады. Дархан болса атайдың жылы шырайлы жүзінен көз алмай қарап қалыпты. Кішкентай немересі Айнұр да аузын ашып атасының айтқан әңгімелеріне зейін қойып тыңдауда. Қарт әжей де бірде басын изеп, бірде көзінің жасын сығымдап қойып, атайды ыждағатпен тыңдалап отыр.

— Ата, одан әрі қарай не болды? Айта беріңізші, — деп жалынды бала.

Қарт сәл ойланып отырды да, әңгімесін одан әрі жалғастырды.

Сол кездерде қауымды қатты құдалайтын. Сенуші адамдардың кітаптарын тартып алып, өздерін абақтыға жабатын. Ол кезде Құдай туралы әңгімелеге тиым салынатын. Сол бір қысталаң заманда маскунемдік пен үрлық кең тараған-ды. Мениң түсінігімше сол кезде айналадағының бәрі әлем-тапырық, астан-кестең болғандай көрінетін. «Неліктен мейірбанды, ақ адап адамдарды құғын-сүргінге ұшыратады екен, нағыз құғындауға тұратын тоғышарларды байқамайтыны қалай?» — деген ойлар мені мазалай беретін. Әкеме де осындағы сұрақтарды қойғанымда ол кісі үн-түңсіз Киелі кітапты алып: «Мениң құғындағандай, сендерді де құғын-сүргінге ұшыратпақ» деген жолдарды оқып беретін. Ол маған бірде Исаның Таудағы уағызын оқып берді. Оны өзі де қатты ұнататын. Әкемнің маған айтқан әңгімелерін тыңдалап, қасында бірге отырып, Құдайға сиына жүріп, менің Құдай жолына деген көзқарасым қалыптасып, сенімім нығая түсті.

Көп ұзамай-ақ біздің үйге де тінту жасалды. Қорыққаннан бір бұрышқа тығылып алып, «Өмірдегі ардақты да аяулы әкемді сақтай гәр», — деп көзімнен жасым моншақтап жылап отырып, Құдайға жалбарындым. Әкем бұдан бұрынғы кезде дә қиындығы мол кезеңді бастан кешкен. Осындағы киындықтарда жүріп, Құдай жолына түскен. Содан бері өзінің бар өмірін Оған бағыштап, қандай қиындық, сындарлы сәт болса да төзуге бел байлады. Үйленген де жок.

Шілде айының ыстық аптапты сол бір күні бүгінгідей есімде қалыпты. Ешбір кінәсі жоқ әкемді құдды бір қаніпезер қылмыскердей алым кетті. Мен жылай-жылай қала бердім. Қоштасар сәтте ол маған: «Сені мәсіхшілер қамқорлыққа алады. Мен әлі ораламын, балам, мені күт», – деп басу айтты, – осы үйде тұрған кездегі үйренгендеріннің бәрін жадында сақта, өз сеніміңе берік бол! Жаратушы сені ешқашан тастамайды!

Әкемді алым кеткен адамдар әкемнің қолымен жазылған өлеңдерді бірге өкетті. Ол өлеңдердің барлығы да Исаға арналған-ды. Ескі Киелі кітапты сақтап қала алдық. Кіре берістегі зілдей есік сарт етіп жабылғанда, демім таусылып, еңіреп жылап жібердім.

Дұға жасап, Құдайға сиына білетінім қандай жақсы болды, – деп ойладым сол сәтте. Дұға-тілектерім қабыл болып, жаңым бір сәтке тыныш тауып, саябыrlағандай болды. Әкемнің осындай күйге душар болғаны үшін мен Құдайды жазғырған емеспін. Киелі кітапты көп оқығанымның арқасында осындай қыындыққа төзімді болуға үйрендім. Қайғы-қасірет шегіп жүрген сол күндерімде мен Құдайдан өзге сенерім де, сүйенерім де жоқ екендігін жақсы түсіндім. Оған балалық жан жүрекіммен сендім.

Осьдан бірнеше күн өткен соң осы ауылдың мәсіхшілері маған келді. Олар мені өздерінің үлкен, ынтымақты отбасына алды. Ауылдағы өмір ол кезде жеңіл еді. Өзімнің бұғанам бекіп, жұмысқа жарап қалғанмын. Кімге көмек керек болса, қолымнан келген қолғабысымды беріп жүрдім. Жаңа отбасында мені өте жақсы көріп кетті. Сенуші адамдар кешке біздің үйге жиналатын. Күні бойы жұмыс істеп қалжырап, шаршаган олар Құдайға сиынудан, Құдай сөзінен жандарына саябыр тапқандай болушы еді. Мен әкемді жиі-жиі есіме алым, ол үшін дұға-тілектер айтып, сиынып жүрдім. Әкем түсімде жиі енетін. Түсімде үйге қайтып оралғанын көруші едім. Әкей бізге хатты сирек жазатын. Істық ықыласқа толы хаттарында маған басу айтып, жігерлендіретін. Оның жазған хаттарын жеке отырғанда оқып, көзімнің жасын төгіп төгіп алатынын. Хаттың беттерін сүйетінмін. Әкем өлең жолдарын да жазып жіберетін. Оның хаттағы өлеңдерін тек біздің қауымның жиынында ғана оқып қоймай, басқа қауымдарға да беріп жіберетін. Кейде бұл өлең жолдары бізге ән болып оралатын. Құдайға сиынған кезде сол әнді бәріміз бірге шырқайтынбыз. Әкем үйге оралғанда мен көп-көрім ержетіп, есейіп қалған едім. Ол кезде жолдастарыммен бірге

колхоз егістігінде жұмыс істеп жүргенмін. Ауылдан рухани қарындастарымның бірі жүгіріп келіп:

– Жүгір тез, әкен келді! – деді.

Куанғаннан есімді жия алмай, жүгірген бойда кең де жарық бөлмеге қойып кеттім. Устелдің жанында шашы аппақ қудай болып кеткен, сақалды адам отыр екен. Жағы суалып, әжім түскен беті, кауқарлы қолдары, қапсағай денесі көзіме жылы ұшырағандай болды. Менің әкем бе, жоқ па? Түрі өзгергенімен, оның әрдайым күлімсіреп, қайырымдылықтың үшқының шашып тұратын көздерінен әкем екенін танып, қуаныштан жүрегім жарыла жаздады. Бұл көздерді мен мындаған көздер арасынан жазбай таныр едім!

– Әке!

Екеуміздің қуанышымызда шек жоқ. Жаратушы Тәңірге сиынып, бізді қайта қауыштырғаны үшін, рухани бауырларымыз бен қарындастарымызға шексіз қамқорлықтары үшін мың сан алғысымызды жолдадық. Алғашқы кездері мені өз қамқорлығына алған отбасымен бірге тұрдық. Кешкіліктे әкемнің басынан өткендері туралы әңгімелерін тындайтынбыз. Арада жеті жыл өткенде әкем қайта оралды. Мәсіхші достарымыз әкемнің оралғанын естіп, бізге келіп амандастып, хал-жай сұрасып, қолдарынан келген көмектерін қөрсетіп тұрды. Сұрапыл соғыс жылдары көптеген адамдар бізге келіп, ел іргесін қорғауға аттанған жақындары мен туыстары үшін Құдайға сиынып, өздерінің жандарына да саябыр табатын. Көп өтпей-ақ осы жердегі мәсіхшілер тобы біршама көбейді. Инжілдің қасиетті шұғыласы нұр шашқан жерде осылай болады. Әкем отырған түрмеде де ол рухани бауырларын тауыпты. Куғын-сұргін болған қысталана қезенде темір тордың ар жағында отырғандар арасында Ізгі хабар тез тарайды екен.

Соғыстан кейінгі жылдары мен үйлендім. Тұңғыш балама әкем батасын берген еді. Дүние салар алдында ол кісі тып-тыныш, байсалды қалыпта болды. Оның жүзінен, күлімсіреген көзінен Исамен кездесем деген үміт нышанын анғарғандайсың. Ол кісі дүниеден ерте кетті. Өмірдің қындығы оның денсаулығына ауыр сокқыдай тиді. Ол кісіні жерлейтін күні өте көп адам жиналғандығы сондай, үде ине шаншар жер қалмады.

Қарт әңгімесін тоқтатып, сәл үнсіз қалды. Дархан демін ішіне алып, атай тағы да бір нәрсе айтатын болар деген үмітпен тып-тыныш отырды. Біраздан соң атай:

— Мен осылайша мәсіхші болдым, балам. Менің әкем өмірден өтті. Бірақ бұл уақытша жағдай. Қайтадан қауышар сәтіміз де алыс емес. Бір кезде мен оны жерде күттім, енді әкем мені аспан көгінде Исаның жанында күтуде.

Сол кеште Дархан үйіне қайтқысы келмеді. Ол кішкентай мысық Ақмамықты сипап отырып, осы отбасымен ұшырастырғаны үшін алғысын айтты. Ақмамық оның ойын түсінгендей-ақ еркелей пырылдаپ, құйрығын бұлғаңдатты. Дәл бүгін Дархан көп нәрсені түсініп, көніліне түйді: осындаі абзал жандар үшін, Киелі кітап үшін, бұл дүниеге шүғылалы сәуле нұрын әкелген мәсіхшілер үшін Құдайға шексіз риза болу керек екенін түсінді. Дархан орнынан тұрып, кетуге жиналды. Үйіне барған соң әжесіне естігендерін, ол кісінің ұзақ жылдар бойы қандай адамдармен көршілес отырғандығы туралы айтып бермек. Атай оған судай жаңа Инжіл кітабын сыйфа тартты. Бала осы кітаппен өзінің отбасы мүшелерін міндетті түрде таныстырамын деп тас түйін шешім қабылдады.



## ЖАБАЙЫ ЛАҚ

Саша каникулда ауылдағы әжесіне қонаққа барды. Осынау жасыл желеқ жамылған көрікті ауыл жаз кездерінде қызықты думанға бөленгендей. Қаланың балалары осында тұратын туған-туысқандарына қонаққа келеді. Балалар өздерінің каникул кездерін осы жерде қызықты өткізіп, асыр салып ойнайды, өзенге шомылып, балық аулады. Саша әжесімен бірге Құдайға сиынып болған соң, қаңылтыр сапты аяқ толы жаңадан сауылған сүтті сіміріп алды да, осы ауылда тұратын досы Коляның үйіне қарай жүгіре басып келе жатты. Коля күн сайын түрлі ойындарды ойлап тауып отыратын, қиялды қекке өрлеген бала. Онымән бірге болып, бірге ойнауды Саша қатты ұнататын.

Осы жолы Коля оны өзінің үйінің қасында тосып отыр еді.

— Коля, сен қайда барайын деп жиналғансың? — деп сұрады Саша.

— Жалғыз мен емес, екеуміз бірге санырауқұлақ теруге барамыз.

Орманда санырауқұлақ өте көп. Мен қуырылған санырауқұлақты картопқа қосып жегенді өте ұнатамын!

— Жақсы болды ғой. Екеуміз барғанымыз дұрыс па?

– Эрине. Тек сен үстіңе басқа киім кигенің орынды. Мына күйіңмен орманға барсан, маса талайды, үстінді бұталарға сырып алуың мүмкін. Оның үстіне онда кенелер де көп.

Саша өзінің жалаңаш қолдары мен сирағына қарады. Шолак шалбарын шешіп, ұзын шалбар кисе, сандалын кедыға, шолақ жең іш көйлегін ұзын жең жейдеге алмастырып кисе болғаны.

– Менімен бірге біздікіне жүр. Мен лезде-ақ жиналадын.

– Өзің бара бер. Тек көп кешікпе.

Саша солдатқа ұқсап шапшаңдата киініп, енді кетейін деп жатқанында әжесі келіп қалды.

– Сен жаурап жүрсің бе, әлде бір жаққа барғалы жүрмісің? – деп сүрады әжесі.

– Әже, біз Коля екеуміз орманға саңырауқұлақ теруге барамыз. Тез қайтып келеміз.

– Тоқтай түр, қымбаттым, Коля екеуің ғана орманға барамыз деймісін. Жоқ, оның бола қоймас!

– Әже, біз кішкентай бала емеспіз фой. Тез барып қайтамыз. Қуырып жеуғе жететіндей саңырауқұлақ тереміз де, кері қайтамыз.

Саша әжесін үгіттеймін деп көп кідіріп қалды. Ақырында әжесі рүқсатын берді. Жол жүрер алдында екеуі отырып, Құдайға сиынды. Саша бар пәрменімен жүтірген бойда Коля тосып отырған жерге де жетті. Ол Сашага құнқілдеп үрсып жатты. Бірақ дауысында ешбір зіл жоқ еді. Ол өзінің досын жаңында жақсы көретін.

– Қыздарға ұқсап кешке дейін жиналатының-ай. Жүрер алдында сиынған боларсың?

– Иә, сиынғаным рас. Бірақ сол себепті кешіккен жоқпын, әжем бірден жібере қоймады. Осы жаққа келерде әжемнің айтқандарын екі етпеймін деп уәде берген болатынмын. Сен не, сиынғанды әбес көремісің?

– Жоқ, әрине, сиына бер. Бұл – сенің жұмысың, – деді Коля мінгірлеп, солай деді де, аяғындағы кедасымен жолдың шаңын аспанға көтере бүркүлдатып жіберді.

Орман ауылдан алыс емес еді. Мұнда балалар жиі келетін. Бірде садақ жасап Робин Гуд болып ойнаса, бірде өздерінің илеуінде құж-құж қайнаған құмырскаларды тамашалайтын, кейде ыстық аптаптан паналап жүретін. Ал орманның түпкір жеріне тек саңырауқұлақ, жидек

теру үшін немесе сирек кездесетін әдемі гүлдерді теру үшін ғана баратын.

Жол бойы Саша мен Коля картоп қосып қуырылған саңырауқұлақ, дәмі тілді үйретін жиек туралы армандал, мектепте жүрген кездеріндегі қызықты оқиғаларды естеріне түсірді. Коляның арқа қоржынында нан мен бір тілім май бар еді. Арқа қоржынының ішіндегі бір құмыра сусын оның арқасына батып келеді. Орманға кірген жерде балалар итбұлдіргеннің үстінен тұсті. Жиекке тойып алған балалар одан әрі қарай саңырауқұлақ іздел бара жатты. Саша саңырауқұлақ теруді қатты ұнатады. Ал қалада бұл туралы тек армандауға болады. Саңырауқұлақ қалың жерге тап болғанын қандай қызықты десенші. Әнебір қалың бұталардың түбінде үйме-жүйме өскен саңырауқұлақтарды көргенде балалардың қуаныштары қойындарына сыймады. Жималы бәкімен олардың жіңішке сабактарын кесіп, қоржындарына салып алды. Шырша ағашының түбінде өскен қызыл-сары саңырауқұлақтар көздің жауын алады. Оларды да Коля тапты. Ол саңырауқұлақтарды да арқа қоржындарына салды. Балалар тапқандарына қуана-куана орманның түпкіріне қарай ұзақтай берді. Анда-санда бір-бірін дауыстай шақырып қояды. Ата-аналарымыздың бізді орманға жібергені мүндай жақсы болар ма еді, – деді олар бір-біріне.

Кенет балалар атылған мылтық даусын, содан соң еркек адамдардың гүжілдеген дауыстарын, жүріп бара жатқан мотоцикл моторының үнін естіді. Саша тамағының кеберсіп бара жатқанын сезді. Коля досының жанындағы шөпке тізерлеп отыра қалып:

– Браконьерлер аң немесе күс атып алған ғой. Орманшы қанша қуалап, тыым салса да, тыңдамайды. Оның жалғыз өзінің ол тоғышарларға шамасы келмейді ғой.

– Браконьерлер қандай анды аулап жүр екен?

– Қызықсың ғой! Біздің орманда бұғы да, қабан да бар. Қайдан білейін? Жүр, барып көрейік.

– Жок, Саша, одан да тезірек үйге қайтайық. Олар әлі сол жерде жүрген болар.

– Айтарсың. Осы уақытқа дейін сол жерде отыр деймісің, – деп Коля дауысын шығара сөйледі. Сөйтті де, мылтық даусы шыққан жаққа қарай асыға басып жүріп кетті. Саша болса Құдайға сиынып

алды да, досының артынан іlestі. Сайдың маңындағы шөп жапырылып қалыпты. Балалар бұл жерде ешкімнің жоқ екендігіне көзі жеткен соң, бұталардың арасынан шықты.

– Олар қандай аңды атып алды екен? – деп сұрады Саша.

– Қалай болғанда да олар бір ірі аңды атып алған ғой, қарашы, қаншама көп жердің шөбі жапырылған?

Балалар болған жайды білгілері келіп, сол жерге еңкейіп отырғандарында бұталардың арасынан маңыраған бір дауыс естіді. Бұталар мен қоныраубас гүлдері қалың ескен тұстан бадырайған қос көзді байқап қалды. Балалар асыға басып сол жаққа қарай беттеді. Шөп үстіндегі аузынан емген сүті кеүіп ұлгерменеген кіп-кішкентай жабайы лақ жатыр екен. Оның жіп-жіңішке, әлсіз аяқтары қорыққаннан дірдір етеді. Коля оны аяғынан тік тұрғызылған деп көтеріп еді, әлжуз лақ жерге жалғыз етіп құлады да, аянышты дауыспен маңырап қоя берді.

– Байғұс-ай, сенің анаңды өлтірген екен ғой. Қорықпа, сені далада тастап кетпейміз.

Саша ішіне саңырауқұлақ салынған арқа коржынды арқасына асып алды. Ал Коля жабайы лақты қолтығына қысып көтеріп алды.

– Жаңа ғана туған тәрізді. Өлі бұғанасы бекіп ұлгірменеген екен. Болған жайға балалар қатты танырқады.

– Браконьерлер қалайша тастап кеткен? Өздерімен бірге неғып алыш кетпеген екен?

– Лактың оларға қажеті қанша? Оның тіске басар еті де жоқ. Оны асырап, тамақтандырам деп өуреленіп қайтсін олар?

– Енді біз бұл лақты қайда жібереміз? Үйге алыш кетеміз бе?

– Жоқ, оны Степан ағай деген орманшыға апарып береміз. Жүр тезірек, – деді Коля.

Өзіне бала кезінен таныс жіңішке соқпақпен жүріп отырып, орманшының күркешігіне бет алды. Ақыры келіп те жетті.

Степан ағай үйінде жоқ болып шықты. Бұл жайға қатты қынжылған балалар бөренелерден тұрғызылған үйдің жанында отырып, орманшыны күтті. Лактың қарны қатты ашқан болуы керек, аянышты дауыспен маңырай берді. Құн зәулім бәйтеректердің үшар басынан тәмен еңкейе бастаған сөтте орман арасынан салпан құлак төбет атып шығып, отырғандарға қарап үре бастады. Коляны көрген соң төбет қүйріғын бұлғандатып, тыныштала қалды. Өйткені оны бұрыннан жақсы танушы еді. Көп ұзамай Степан ағайдың өзі де

көрінді. Ол арқасына балалардің арқа қоржынын, иығына мылтығын асынып алыпты. Орманшының түрінде шаршагандық белгісі байқалады. Ол балалардың айтқандарын зер сала тындал отырды да, жабайы лақты қолына алып тұрып, ауыр күрсінді.

– Бүгін браконьерлер орманда ойран салған екен-ау. Күні бойы мылтық атып жүрді. Мен бұл кімнің жұмысы екенін білемін. Олардың ісін жабулы күйінде қалдырмаспын. Олар сазайын тартар. Мына лақты асырап, сақтап қалу маған қынға түседі. Өйткені сүт жоқ. Тәтті шай беріп көрермін. Ал сендер таңертенгісін маған сүт өкеліп беріңдер. Келістік пе?

– Келістік!

Балалар қуанғаннан жымың қағып, біріне бірі қарады. Осы кішкентай лақтың тірі қалып, өсуі үшін қолдарынан келген көмегін көрсетуге уәде берді. Оларды орманшының иті Боран шығарып салды. Қастарында ит болған соң, олар тастай қараңғы орман ішінде келе жатса да, қорықкан жоқ. Үйге келген соң балалар өздерін жогалтып, абыржып отырған ата-аналарынан сыбағаларын алды. Коляның арқа қоржыны мен Сашаның сөмкесі саңырауқұлаққа лық толы бола тұрса да, балалар өздерінің басынан өткен оқиғаларды түп-түгел айтып берулеріне тұра келді. Осы ретте Саша анда-санда досының аяғын еппен басып қойып отырды. Өйткені Коля ормандарғы мылтық даусын естігендігін, жабайы лақты тауып алғандарын өсірелеп айтып кетті.

Таңертенгісін балалар тағы да орманды бетке алып, асыға басып кетіп бара жатты. Лакқа сүт апарып беру керек. Кішкентай лақ орманшының үйінде астына жылы төсөніш төселген едениң үстінде сұлық түсіп жатыр екен. Денесі дір-дір етеді. Оның үлкен көздерін үзын сары кірпіктері жауып тұр.

– Бұған не болған, Степан ағай?

– Жағдай мәз емес, балалар, мына лақ тәтті шайды ішпей қойды. Қам жемендер, мүмкін сүт ішетін шығар.

Степан ағай лақпен әбігер болып жатқанда Коля Сашаның бүйірінен тұртіп қалып:

– Даға шығайықшы. Саған айтатын сөзім бар, – деді оның құлагына сыйырлап.

Балалар ағаш баспалдақпен төмен түсіп, даға шықты. Саша Коляның көзіндегі мөлтілдеген жасты көрді. Ол жетім лақты қатты

аяды. Көзінің жасын тоқтата алмай, мұрнын қос-костан тартып тұрып:  
– Саша, сен Құдай бар, маған көмектеседі, – деуші едің ғой, біздің  
лағымызды аман қалтырсын деп сиыншы. Сен дәл қазір сиын.  
Әйтпесе ол өліп қалуы мүмкін, – деді көзінің жасын тия алмай.

Саша Коляға басу айтып, жұбатып жатты.

– Жарайды. Кел, онда дәл қазір екеуміз бірігіп Құдайға сиынайық.  
Мен Исаға сиынайын, ал сен «әумін» деп отыр. Сен Жаратушының  
лаққа көмек көрсететініне сенесің бе? Айтшы, Коля, сенесің бе?

– Сенемін. Әйтпегендеге сені шақырып, етініш айтпас едім ғой.

Ормандағы алаңқайда отырып, екі дос Құдайға сиынды. Орманшының үйіне кіре сала екі бала едендегі төсөніш үстінде бұрынғысынша көздерін жұмған күйі қимылсыз жатқан кішкентай лаққа енкейіп қарап жатты. Оның жанында аузына еміздік кигізілген, сүт құйылған құмыра бос түр екен. Балалар қуаныш, бір-біріне қарады. Степан ағай да оларға қарап, қулана көз қысып қойды.

Қызықты каникул құндері де аяқталды. Сашаның қаладағы үйіне қайтатын уақыты да таяп қалды. Жан досы Коля, әжесі, орманшының төбеті Боран мен пісте мүйізді сүйкімді лақ Сашаны пойызға шығарып салды. Саша олармен қимастықпен қоشتасты. Әсіреле жабайы лақты қимайды. Ол Коля екеуінің артынан бір елі қалмаушы еді. Тек түнге қарай ол орманшының үйіне қарай асығатын. Боран әрдайым лақтың қасына ілесіп жүріп, оны қорғайтын. Екеуі айырылмалтай достасып кеткен. Степан ағай болса, лақты өз бетімен тіршілік етуге баулып тәрбиелейтін.

Ең бастысы, осы лақ Коляның Құдайға айтылған дұғаның күшіне сенуіне, әрдайым Исаға сиынып, одан рақым, шапағат тілеп жүруіне себепкер болды. Бұған Саша өте атты қуанды.

Пойыздың жүрісі бірте-бірте шашаңдап, ауылдар мен ормандардың жанынан зымырап өтіп, қалаға қарай бет алған шакта Саша Құдайға сиынып, каникул құндерін көнілді де мазмұнды өткізуіне көмектескені үшін алғысын айтып, дұға етті. Қаладағы ата-анасына және достарына каникулда бастан өткен қызықты құндер, қызықты оқиғалар жайлы айтып бермек. Келесі жылдың жаз айы тезірек туса екен.

# ЕМХАНАДА



Мамасы көзі үйқыға ілініп бара жатқан қызы Балнұрдың жастығының үстіне жайылып жатқан шашын жиыстырып, үстін қымтап жапты да, бетінен сүйіп алды. Сол сәт селк етіп оянған қыз ойлы көзімен шешесіне жалынышпен қарап:

— Маматай, мен бұдан былай мүлде жүре алмай қаламын ба?

Мамасы өзінің жылай-жылай ісіп кеткен көзін қызына көрсеткісі келмей теріс бұрылып:

— О не дегенің, бәрі жақсы болады, дәрігерлер сені өлі-ақ сауығып, аяғымен тік тұрып, жүріп кетеді, — дейді.

— Үйықтай ғой, қымбаттым! — деп жұбатты шешесі.

Қыз үйықтап кетті. Үйықтататын дәрінің күші көпке бармады. Біраздан соң Балнұр тағы да оянып, ауруы жаңына батқандықтан, тәсегінің үстінде дөңбекши берді. Жақында мектептен қайтып келе жатқанында оны машина қағып кеткен еді. Соның салдарынан омыртқасына зақым келіпті. Бұдан әрі қарай не болатынын уақыт көрсетер.

Бір ай өткен соң папасы Балнұрды ауруханадан көтеріп әкелді. Ол аурудан арықтаған жіңішке қолдарымен әкесінің мойнынан қапсыра құшақтап алыпты. Өздігінен жүре алмайды. Бұдан былайғы уақытта Балнұрды көптеген массаж сеанстары, қалжырататын жаттығулар комплекстері, түрлі дәрілер, уколдар күтіп тұр. Мұның бәрі ештеңе емес-ау. Ең бастысы, ол қайтадан жүре ала ма? Көрші үйдің қыздарына үқсап секіріп, сіңлісімен бірге теңіз жағалауына барып, суға жүзіп, достарымен бірге қуаласпақ ойынын ойнай алар ма еken? Балнұрды подъездің жаңында дос қыздары мен таныстары қарсы алды. Тұрғандардың кейбіреуі оған түрлі конфеттер мен печеньелерді үстаратып жатты. Жұбатыш, ізгі сөздер айтуда. Оның тәсегін әкесі терезе жаққа жақындастып қойды. Бұл жерде кітап оқуына ыңғайлыш. Оның үстіне аулада не болып жатқанын көріп отыратын болады.

Балнұр үйге келгелі бері жаңы жай тауып, тыныштанғандай болды. Қасына сіnlісі Айнұр келіп, былдырлап сөйлеп, күлкісін келтіреді. Мамасы болса, түскі ас даярлап, әбігер болып жүр. Дәрігерлер өзірше төсектен тұруға тиым салған. Қыздың аурудан әлсірегені сондай, жиежи басы айналады. Дос қыздары мен сыныптастары Балнұрға күн

сайын келіп, халін біліп тұрады. Осылайша күндер өтіп жатты. Дәрі-дәрмек оған мұлде қомектеспеді.

Бірде мамасы Балнұр жатқан бөлмеге қатты абыржып кірді. Аурудан қатты жудеген қызының бетінен сүйіп, оны жұбата отырып:

— Қызыым, өте бір жақсы емханаға барып емделуің керек. Ол жердің емі де, күтімі де жақсы. Біз – папаң екеуіміз сені сонда апарып саламыз. Сен ол жерде қалуына тұра келеді. Емхана теңіз жағалауында орналасқан. Ауасы сондай тамаша! Ондағы балалармен тез-ак шүйіркелесіп, танысып кетесің. Сен ашық мінезді баласың фой.

Балнұрдың үрейленгеннен көзі бақырайып кетті. Үйінен шалғайға кеткісі келмеді. Тек қана жазғы каникул кездерінде ауылдағы атасы мен әжесіне қонаққа барғаны болмаса, он бір жасқа келгенше ата-анасынан алысқа кетіп көрген емес.

— Жок, маматай, мені алысқа жібермендерші. Маған онда қыын болады!

Балнұр жылап жіберді. Қолындағы кітабы жерге түсіп кетті. Осы кезде абыр-дабырға кішкене сіңлісі Айнұр жүгіріп келді. Кішкентай қыз не болғанын түсіне қоймаса да, кіп-кішкентай томпақ қолдарымен әпкесінің аяқтарын сипай берді. Ол Балнұрдың аяғы тағы да қатты ауырып кеткен екен деп ойлаған болуы керек. Соңғы кездері оның аяғы жиі-жиі ауыра беретін. Мамасы дәрмені кетіп, жаңында тұрған креслоға сылқ етіп отыра кетті. Өзін-өзі ұстай алмай солқылдан жылап қоя берді. Балнұр жылағанын қоя қойды. Мамасы көзінің жасын сығымдай отырып қызына:

— Сол емхананың емінен құлан-таза жазылып кететініце біздің үмітіміз зор. Сен түсінуге тырысшы. Папаң екеумізге жолдама алу оңайға соққан жок. Онда болғандардың барлығы дерлік ауруларынан құлан-таза жазылып, үйлеріне қуанышпен оралып жатыр. Сен ол жерге ұзақ уақытқа бара жатқан жоқсың фой. Не бары – 35 күн. Балнұр, шешімінді айт. Сенің мүгедек болып қалғың келе ме? Папаң екеуміз саған жиі-жиі барып тұратын боламыз.

Мамасы жалынышты кейіппен қызының бетіне қарады. Басына түскен бақытсыздық жағдай Балнұрды ерте есейткендей. Эйткенімен де ол әлі де бұғанасы бекімеген балауса қыз фой. Эке-шешесінен алысқа кетіп көрмеген. 35 күн ол үшін ұзақ мерзім сияқты көрініп тұр. Не деп жауап берсін, мамасына?

— Маматай, шынымды айтсам менің ешқайда барғым келмейді. Бірақ егер бару керек болса, мен келістім.

— Жарайсын, қызым! Сен осындай қайратты болып, қандай да киындыктарды жеңе білуің керек, түсінесің бе?

Балнұр мамасының айтқандарын жақсы түсінді. Сөйтіп, мамасымен бірге жолға жинала бастады. Бірнеше күннен кейін жол жүрмек.

Жол мұндай ұзақ болар ма? Ми қайнатар ыстық аттап, ыстық аңызак жел, жолдың бүркыраған шаңы олардың әбден титығына тиіп, тынышын кетірді. Осы аймақтың жазы осындай. Міне, діттеген жерге де келіп жетті. Келесі бұрылыстан бұрылған соң теңіз жағалауы басталады. Ұшы-қырына көз жеткііз көгілдір теңіз жағалауының ауа райы да тамаша! Осындай табиғаты тамылжып тұрған жерге отбасы мүшелерімен бірге келіп демалғаны қандай фанибет болар еді! Ол теңіз толқындарын қуалап, секіргенді, оның жағалауында күмнан бекініс қамал жасап ойнағанды ұнататын. Мүмкін сол бір бақытты күндер қайта оралатын да болар.

Папасы үлкен дарбаза жаңына келгенде машинасын тоқтатты. Балнұрдың жүрегі дұрсілдеп, алда не болар екен деп мазасы кетті.

— Байқа! Бұл жерден біз келмей тұрып, қашып кетіп жүрме, – деді мамасы қызының құлағына әзілмен сыйырлап.

Ақжарқын жүзді медбике Балнұрга оның жататын бөлмесін көрсетті. Ата-анасы терезе жақтағы төсекке жайласып жатуына көмектесті. Шкафқа заттарын тәптіштеп салып, түмбочкасының ішіне кітаптарын, азық-тұліктерін толтырып салды. Бәрі дайын болды. Енді қоштасар сәт туды. Балнұр жылағысы келсе де, көршілес қыздардан үялғанынан, көзінің жасын әрең тыйды. Қасындағылар жаңадан келген қызға сынай қарап қояды. Папасы мен мамасы демалыс күндері келіп тұрамыз деп уәде берді де, кетіп қалды. Балнұрдың көнілі құлазып, өзін айдалада жападан-жалғыз қалғандай сезінді. Біраздан соң қасындағы қыздарға қарады. Оның қасында шашы мойылдай кара, әдемі қыздың төсегі тұр. Ол Балнұрга жылы шырай білдіріп, күлімсіреді. Одан әріректе қып-қысқа тұлымшағы желбіреген арықша келген қыздың төсегі орналаскан. Ол қыз жылтыр жіптерден тоқыма тоқып отырды. Бұрышқа таман толықша келген бүйра шашты қыздың төсегі орналасыпты. Оның көзіне көзі түсіп кеткен еді, ол Балнұрга қарап езу тартты. Бейтаныс қыздың қолында балдағы бар. Шамасы

ол бір жаққа барғалы тұрған болуы керек. Балнұр оған қызыға қарады. Мен фой, бұлай жүре алмаймын, – деп ойлады.

– Сенің атың кім? – деп Балнұрдың ойын бөліп жіберді өлгі қыз.  
– Балнұр. Өзіңнің атың кім?

Өзіне жақын орналасқан көршісі өзін Нәзира деп таныстырды. Арық қыздың аты – Алма, толық қыздың аты Жайна екен. Бұдан әрі қарай олар шүйіркелесіп сөйлесіп кетті. Бөлмедегі қыздар Балнұрдан не болғанын, оның қай жақтан, қалай келгенін, осы емханаға қалай түскенін сұрасты. Өздері де бастьарынан өткен қайғылы оқиғаларды айтЫП, әңгімені өрбіте түсті. Барлығы да өздерінің құлан-таза жазылып, аяқтарымен тік тұрып, жүріп кететіндіктеріне үміті зор екендігін жасырмай ортаға салды. Олардың арасында жазылатынына ең сенімі нық Жайна болып шықты. Ол өзінің балдағын алдына қойып отырып:

– Мен қазір өз бетіммен жүре аламын. Папам мен мамам менен еш нәрселерін де аямайды. Мен – олардың жалғыз баласымын. Нәзираның бұл жерден тез арада шығуы екі талай. Оны үй-іші үмітЫП та кеткен болар.

– О не дегенің, Жайна! Жақында папам келеді маған, – деді Нәзира ол қыздың сөздеріне шамданbastan, – отбасымыз үлкен. Оның үстіне өте алыста турамыз. Маған Құдай көмектеседі. Мен оған қалтқысыз сенемін. Элі көре жатарсындар, қыздар, бәрі де жақсы болады!

Жайна оның сөздерін жақтырмай күнк ете түсті:

– Құдай көмектеседі, – дейді. Мұның бәрі – ертегі. Мен ата-анама сен туралы айтқанымда ол кісілер де солай деді.

Балнұр кіммен достасуға болады екен деген пиғылмен қыздардың әрқайсынына бағдарлай қарап отырды. Олардың барлығының жастары Балнұрмен шамалас сыңайлы. Бірақ мінезд-құлықтары әр түрлі еді. Элі уақыт көрсетер. Балнұр төсегіне жантайЫП жатып, кітап окуға тырысты. Көп ұзамай олардың бөлмелеріне түскі ас әкелді. Ақжарқын мінезді медбикелер қыздардың үстел жанына орналасуларына жәрдем беріп, бәйек болып жүр.

Теңіз жағалауындағы емханадағы күндер осылайша басталды. Бірте-бірте Балнұр толық қыз – Жайнаның шадыр мінезді, тәқаппар екендігін, ұзын тұра Алманың селқос мінезді қыз екендігін аңғарды. Ал көршілес төсекте жататын Нәзираның жайдары да ақжарқын мінезі оны баурап алды. Балнұр онымен достасып кетті. Жаңа досы Балнұрга

түрлі суреттермен безендірілген балаларға арналған Киелі кітапты және бір топ мәсіхшілердің журналдарын көрсетті. Бұл басылымдар ол екеуінің ортақ кітапханасына айналды. Кешкіліктегі Нәзира өз төсегіне жайласып жатып алғып, қыздарға өзінің ынтымағы жарасқан отбасы, мәсіхшілердің жазғы лагері туралы әңгімелейтін. Ол сондай-ақ жазғы лагерьде болған қызықты оқиғалар мен достары жайлыш мақтаныш сезіммен айтып берді. Нәзира олардан жиі-жиі хат алғып тұратын. Олардан хат келісімен дереу жауап қайтарады. Осы қыздың қасында Балнұр өзін еркін сезінеді. Ал Жайнаның Нәзираның айтқан әңгімелерін әждуалап, құлкіге айналдыратынын жақтырмайтын. Бәрінен бұрын, Нәзираның ешкімге өкпелемейтіні Балнұрды қатты таңдандыратын.

— Қалауың білсін. Құлкің келсе, құле бер. Мен өз айтқандарымның ақиқи шындық екенін білемін, — деп жауап беретін ол Жайнаға.

Кешкісін және таңертең ерте Нәзираның Құдайға сиынып отырғанын Балнұр талай рет көрді. Кейде сиынып болғаннан кейін оның қөзінде жас мөлтілдеп тұрады. Мұмкін Нәзира өзінің ішкі сырларын, басынан өткен қыындықтарын, қайғы-қасіретін ақтарын, Жаратушыдан жәрдем сұрайтын болар. Бәлки, оған жауап ретінде Жаратушы аспан көгіндегі қуаныш пен бақыт туралы ой шертетін болар?

Ата-анасының келетін күнін Балнұр асыға күтіп жүрді. Нәзира болмағанда оған қыын тиетін еді. Ол осы ауруханада жатқан кезден бері Иса туралы көп оқып, көп нәрсені білді. Нәзирадағы Киелі кітапта ол туралы жазылғандардың ақиқи шындық екендігіне иненің жасуында да күмәні болған емес. Нәзира Балнұрдың құлағына сыйырлад:

— Қаласаң Оған сиынып, сенің аман-есен ауруыннан айырып кетуінді сұрайын. Ол саған көмектеседі. Көп үзамай жазылып кетесін.

Балнұрдың құлімдеген көздерінен шексіз алғыстың нышаны аңғарылады. Папасы мен мамасы қелгенде оларды «Көктегі Әке» – деген дүғамен қарсы алды.

— Сен мұны кімнен үйрендің, – деді шешесі таңырқап.

Балнұр мақтаныш сезіммен Нәзираны мегзеді.

— Біз бірге отырып, балаларға арналған Киелі кітапты оқымыз. Ем жасау процедураларының алдында Құдайға сиынамыз. Бұл көмектеседі. Жаратушы бәрін де естиді. Міне, қарандаршы!

Қыз ата-анасына аяқтарының кәдімгідей икемге келіп, бұғіп, жазуға жарап қалғандығын айтып, аяқтарын бұғіп, жазып көрсетіп жатты. Балнұрдың папасы мен мамасы оның денсаулығында алға басушылықтың болғанын көздерімен көріп, шексіз қуанышқа бөленді. Ал Иса туралы әнгімелерін естігенде не айтарларын білмей күмілжіп, тұрып қалды. Мұндай жағдайда не істеу керек екендігін олар әлі білмейтін. Бұрышқа таяу жердегі төсегінде отырған толық қызы – Жайна кекесінмен ыржып құліп қояды:

– Тағы да бір қыз Құдайға мейілінше беріліп кетті десенші! – деді кекесінмен мырс етіп.

Балнұр ата-анасы қайтып кеткен соң олардың әкелген жеміс-жидек, тәтті-құттыларын бөлмедегі қыздардың алдына жайып салды. Дегенмен де ең тәуірін ол Нәзираға ұсынды. Ол дос қызының бергендерін қымсына отырып алды да, Құдайға алғыс білдіріп, дұға етті. Тағы да екі апта уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қыздардың өмірінде көп өзгерістер болды. Арықша келген Алманы басқа бөлімшеге ауыстырды. Нәзира бөлме ішіндегі ағаш жиназдарға сүйеніп, өз бетімен ақырын-акырын жүре алатын болды. Балнұрды медбикелер өз төсегіне сүйеніп, аяғымен тік тұруға үйретіп жүрді. Дәрігерлер әлі-ак тез жазылып кетесің деген еді. Өйтпегенде ше? Ол Исаға сиынып, ауруына шипа тілеп жүр емес пе? Жақында Балнұр Құдайға сиынып, Оған бұдан бұрын ден қойып, бой ұсынбағаны үшін кешірім сұрады және өзінің атын өмір кітабына жазып қоюын сұрады. Ендігі жерде Жаратушының көмегімен қайтадан жүре алатындығына кәміл сенеді. Осы сенім сәулесі оның бойын қуаныш пен шаттыққа бөлеуде. Нәзира оны папасы, мамасы, сіңлісі үшін және осыған мұқтаж болып жүргендер үшін дұға етіп, Құдайға сиына білуді үйретті. Балнұр балаларға арналған Киеle кітаптағы әнгімелерге бұрынғыдан да ынтыға түсті.

Үш қыздың өміріне осындағы өзгерістер енді. Тек Жайна ғана сол бұрынғы қалпынша шақпа тілділігін, қатыгездігін қояр емес. Ол оймалап, әшекейлеп жасалған балдағына сүйеніп, анда-санда палатаны аралап жүреді. Оның денсаулығында еш өзгеріс болмады. Емханадағы уақыт тез өтіп жатты. Балнұр үйіндегілерін қатты сағынды. Нәзирамен айырылысар сәтті ойласа, көnlі жабырқап сала береді.

Бір күні палатаға ұзын бойлы, қара көзді ер адам көнілді дауыспен дабырлай сөйлеп, кіріп келді.

– Папатайым! – деп қуанғанынан Нәзира айқайлап жіберді.

Балнұр мен Жайнаның ата-аналарына қарағанда Нәзираның ата-анасы емханаға өте сирек келетін. Балнұр осы емханаға түскеннен бері оның әкесін бірінші рет көріп тұр.

– Қуана бер, қызым, мен сені алып кетуге келдім. Сенің емің аяқталды. Үйге қайтуға жинал!

Нәзира қуанғанынан абдырап, сасып қалды. Бөлменің ішін оның көнілді дауысы мен күміс құлкісі кернеп кетті. Балнұр ұнжырғасы түсіп, мұнайған күйі жаңағы ер адам мен медбикенің Нәзираның заттарын жинастыруға көмектесіп, жол жүргүгө дайындал жатқанына қарап отыр. Нәзира жүрер алдында Балнұрдың төсегінің шетіне отырды да:

– Қапа болма, ендігі жерде сен менің рухани сіңлім боласың. Бір-бірімізben хат жазысып, кейін ауруымыздан құлан-таза айыққан соң бір-бірімізге қонаққа барып тұрармыз. Мынаны саған мені есіне алыш жүру үшін ескерткіш ретінде сыйлаймын!

Нәзира Балнұрга балаларға арналған Киелі кітапты ұсынды. Кітап мұқабасының ішкі жағына оған деген өзінің ыстық ықыласқа толы ізгі тілектерін жазыпты. Нәзираның әкесі Жайна мен Балнұрга дәмді конфеттер мен печенье ұсынды. Қызына жол жүретін уақыт болғандығын ескертіп, асықтырып жатты.

Балнұр ең бір кимас туысымен қоштасқандай егіліп жылады. Томпак Жайна да көнілсіз күйде үнсіз отыр. Нәзира кеткен соң оның орны омсырайып бос қалғандай, құдды осы бөлмеден бір топ бала кетіп қалғандай өсер қалдырыды. Көп ұзамай қалған екі қыз да жазылып, ауруханадан шықты.

Күде Балнұр мектепке барды. Мамасы оны мектепке ертіп барып, сабактан соң тосып алыш жүрді. Балнұр өзін жақсы сезінді, күнделікті өмір тіршілігін өз бетімен-ақ атқара алатын болды. Ол балаларға арналған Киелі кітапты әрдайым өзімен бірге алыш жүретін. Үйде отырғанда кітапты сіңлісіне оқып беріп жүрді. Мектепке барғанда оны сыныптас достарына көрсетті. Папасы мен мамасы оған кедергі жасамағанымен, өздері Құдайға бой ұсына қойған жоқ. Балнұр олардың да Исаны өзіне үқсан жаңында жақсы көріп кететініне сенімі мол еді. Құдайға құлшылық етіп, сиынған кездерінде осыны тілеп, дүға жасайтын. Дәрігерлер қыздың тым тез сауығып кеткеніне

таңданып, емхананың жетістігі ғой деп мақтап жатты. Алайда құлан-таза жазылып, аяғынан тік түршіп, өз бетімен жүріп кеткеніне кім себепші болғанын Балнұр терең ұғынды. Ол Нәзирадан жиі-жиі хат алышп тұратын. Қыз досынан келген хаттарды жазу столының тартпасында сақтап жүрді. Досының хаттарына куана-куана жауптар жазды. Ең қызығы сол, әшекейлі балдақ ұстаған толық Жайна Балнұрдың үйіне жиі келетін болды. Ол қыз көрші мектепте оқитын, үйлері де Балнұрдың үйінен алыс емес. Ол Балнұрдың бөлмесіндегі жұмсақ креслоға жайласып отырып алыш, Киеle кітаптағы тарихи оқиғалар туралы Балнұрдың дауыстап оқығандарын ынта қоя тындастын. Теніз жағалауындағы емханада бірге емделген күндерінде Құдайға деген терең сенім оның да жүрегінде ой тудырып, баурап алған іспетті.

## ОЛЯ МЕН НАДЯ

Оля мен Надя бір үйде тұрады. Бір сыныпта оқиды. Екеуі партада қатар отырады. Олар – айырылмастай тату достар. Надя мейірбанды мәсіхшілер отбасында туыш-өсті. Сондықтан да болар тоғыз жасқа толған ол Құдайды таниды. Оны жанындаі жақсы көреді. Оля болса...

Оля мектептен шыққан соң досының үйіне келіп тұрады. Олар бірге отырып, балаларға арналған Киеle кітапты оқиды. Оля осы кітаптағы әсем безендірілген суреттерге қарауды ұнатады. Әсіресе ол Исаның қол аяғын керіп шегеленгені бейнеленген суретке ерекше көз тоқтата қарап, есінде сақтап қалыпты.

Екі дос мектепке де бірге барып, бірге қайтады. Мектептен келе жатқанда Надя Оляға жексенбілік мектепке барғаны, Құдайға дұға етіп, сиынғаны туралы жиі әнгімелейді. Ол жерде осы қыздардың жасындағы балалар мәсіхшілік өлендерді оқып, көңілді әндер шырқайды. Надяның өзі қауымдағы ән айтушылар тобында ән айтады. Досы Оляға жаңадан шыққан мәсіхшілік әндерді айттып берді. Оля Надямен бірге жүргенде өзін сондай әжімнен сезінеді, сенуші досынан білмеген сабактарын сұрап, ақыл-кенес алышп тұрады.

Қыс айының бір күні Надя мен Оля мектептен оралған соң, балаларға арналған Киелі кітапты бірге оқып отырған-ды. Осы сәтте Надя орнынан тұрып:

– Оля, кел, екеуміз бірге отырып, Құдайға сиынайық! – деп ұсыныс жасады.

Оляның толқығаннан жүрегі дұрсіл қақты. Осындай күйде отырып ол өмірінде ең алғаш рет Жаратушы Құдайға сиынды. Сиыншы болған соң бойында сергектік пайда болып, жүрегін қуаныш кернеді. Осы қуаныш сезімдерім жайлы міндетті түрде мамама айтып беремін деп шешті. Кешкісін отбасы мүшелерінің барлығы кешкі ас ішуге жиналғанда Оля мамасына Надяның үйінде отырғанда қандай тамаша кітап оқығаны, онымен бірге қатар отырып, ең алғаш рет Құдайға сиынғаны туралы айттып берді. Мамасы қызына дұрсе коя берді. Ол «сектанттардың шырмауына түскен бейшара, ақымақ қызының» жер-жебіріне жетіп үрісты, қызының Надямен достасуына үзілді-кесілді тиым салды. Ертеңіне қызын мектепке өзі ертіп барды да, мұғалімнен Оляны сенуші қыздан анағұрлым қашық отырғызууды сұрады. Мұғалім ол кісінің бұл ісіне қатты таңданды:

– Сіз бекерabyржып тұрсыз, – деді мұғалім Оляның мамасына, – Надя өте үлгілі оқушы, тіл алғыш қыз. Байқауымша, Надямен дос болып, бірге жүруді Оля ұнататын сияқты.

Оляның мамасы өз айтқанынан қайтпады. Міне, енді Оля өзінің досының қасынан кетіп, Петя деген сотқар баланың қасына отырды. Петя Оляға маза бермеді, жиңіншілдегі болды. Бұдан кейін Оля Надяны бұрынғыдан да бетер жақсы көріп кетті, қатты сағынатын болды. Көңілге демеу болары сол, мектептен қайтқанда екеуі бірге жүреді. Бұл кезде Оляның ата-анасы үйінде болмайды. Бірде Оля батылданып, Надяның үйіне барды.

– Надя, әнеуқүнгідей бірге отырып, Құдайға сиынайықшы, – деп өтінді Оля.

Қыздар тізерлеп отырды да, сиына бастады. Осы сәт Оляның кіп-кішкентай жүрегіне Исаңың әсері тигендей болды. Оля Одан кешірім сұрады. Балалар да Құдайдың алдында дұға етіп, Оған табынып, істеген қылықтары үшін кешірім өтініп, тәубе етуі орынды-ақ. Балаларға да Құтқарушы керек.

Оля үйіне көтерінкі көңілмен оралды. Ол өзін шексіз бақыттымын деп есептеді. Бірақ, бұл қуанышы туралы ата-анасына тіс жарып еш

нәрсе айтқан жок. Түсінбестікпен тағы да дұрсे қоя бере мегеп көркітты. Оляның бойында, мінез-құлқында өзгеріс болғанын үйішіндегілердің өздері-ак аңғарды. Оля сабағына мұқият дайындалады, үй ішіндегі жұмыстарды да ескертусіз-ак өз бетімен істеп, мамасына қолғабыс береді. Мамасының куанышында шек жок.

— Иә, қызым, мен сенің ана қызбен дос болуында дер кезінде тыым салған екенмін. Оның саған тигізтер ықпалы жаман болған еді. Сен бұрын мұндан ақылды емес едін. Куаныштымын, қызым!

Оля мамасы өзінің жан жүргегін жақсы түсініп, оған еш күдіксіз сенсе екен деп армандаиды. Осы сәт жаны жабырқағандықтан, көз жасын тия алмай жылап жіберді.

Осы оқиғаның соңы немен аяқталды деп ойлайтын боларсыздар? Бірден ымыраға келе қоймағанымен, кейін келе Оляның ата-анасы сабасына түсіп, Құдайға сеніп, Исаны өз Құтқарушылары етіп жүректеріне қабылдады. Олар да Құдайға құлшылық ету жиынына үзбей барып жүретін болды. Олар ақыр аяғында өздерін ең бақытты мәсіхшілерміз деп есептейтін болды.



## «ЕСТИЛМЕЙ» ҚАЛҒАН ДҮФА

Шұғыла таңертең өз бөлмесінен шыққанда қабағы қатулы, ренішті еді.

— Сені кім ренжітіп үлгерген, қызым? Балалар әлі үйықтап жатыр емес пе? — деп шешесі бәйек болды.

Шынында да Шұғыланың өзінен кіші екі інісі әлі үйықтап жатқан. Шешесінің сауалына қыз ашулы түрде:

— Мама, мен бұдан былай сиынғым келмейді! Құдай бәрібір менің дүға-тілектеріме жауап беріп жатқан жок. Менің дос қыздарымның барлығында да «Синди» деп аталатын қуыршақтары бар. Ал маған Иса қуыршақ сыйлағысы келмейді. Ол неліктен, мама?

— Қызым, біз өзірше саған мұндан қымбат қуыршақ сатып әпере алмаймыз. Інілерінді мектепке баруға даярлауымыз керек. Ол үшін ақша керек.

— Мен қуыршақты папам екеуің сатып әперіндер деп отырған жоқпын ғой, мама. Қалайша сен түсінбейсін? Қуыршақ алу үшін мен Исаға сиындым ғой. Бұлбұлдың әжесі оның туған күніне «Синди»

куыршағын сыйға тартыпты. Үмітке осындай куыршақты шетелдегі туыскандары салып жіберген. Иса менен оларды артық көргені ме?

Мамасы біраз ойланып қалды. Содан соң қызын қолынан жетектеген күйі балалар бөлмесіне қарай беттеді. Бөлмеде ойыншықтар өте көп еді. Қатырғыдан жасалған үлкен қораптардың ішінде, шкафтың үстінде қала берді, еденде қатар-қатар тізілген ойыншықтардың санына жетіп болмайсын.

— Қараши, ойыншықтарың қандай көп! Жақында пәпаң жасап берген төсектің үстінде судай жаңа әдемі куыршақ жатыр. Оның «Синдилен» қай жері кем, Шұғыла?

— Мама, Иса маған да осындай куыршақ сыйлағысы келмей ме? Аяй ма әлде?

— Қызым, ақылға салып көрейікші. Алыстағы елдердің бірінде бір кішкентай қыз өмір сүреді делік. Ол елдін халқы өте қызын жағдайда өмір сүруде. Күннің аптап ыстығынан егістіктердегі астық, шабындықтардағы шөп қурап, су қоймаларындағы су тартылып қалған. Су жоқ болып, шөлдегеннен малдар, жан-жануарлар қырылуда. Ол елдердегі балалар қарны тойып, тамақ ішуді армандаиды. Олар сенің мына төсегін сияқты ыңғайлы орында үйықтамайды. Ол балалардың ата-аналары өздерінің қолда бар ақшаларын тек тамаққа жұмсайды. Балаларымыз аштықтан өліп қалмаса еken деп тілейді. Ал жаңағы айтқан кішкентай қыздың неше түрлі әдемі ойыншықтары жоқ болған соң, куыршақ мұсіндермен ойнайды. Өзің білесін, ондай мұсіндерді киіндіру мүмкін емес, тарайтын шашы да жоқ. Жаңағы кішкентай қыз: «Нағыз куыршағым болса фой», — деп армандаиды! Сен фой «Синди» куыршағын сұрап сиынасың. Қалай ойлайсын, Жаратушы кімнің тілегін бұрын орындаиды? Сен болсаң қалай істер едін?

— Мен ең әдемі куыршағымды сол кішкентай қызға сыйлар едім!

— Иса да солай етуді жөн көреді, Біздің тілегіміз көбіне көп Оның еркіне сай келе бермейді. Жаратушы Ие үлдары мен қыздарының тек өз басының ғана қамын ойлайтын, өзімшіл болғанын қаламайды. Ол біздің өзгелерге қамкорлық көрсетуімізді, орынсыз ренжімегенімізді құп көреді. Қараши, сенің бір өзінде қаншама ойыншық бар! Сенің

ренжігенің кім де болса таңырқар еді. Қызым, қыңырлығың, еркелігің үшін кешірім өтінгенің жөн.

— Иә, мама, мен одан да Жаратушыға сиынып, «ойыншығы жок кедей балалардың барлығына ойыншық жібере гөр», — деп дұға-тілегімді бағыштайын!

— Мұндай дұғаға Жаратушы қуанары сөзсіз, — деді шешесі құлімсіреп..

Мамасымен өңгімелескен соң, Шұғыла өзінің бұрынғы қуыршағымен рахаттана ойнап отырды. Осыдан біраз уақыт өткеннен соң мамасы екеуі бір чемодан толы ойыншықтарды құлағы керен балалар тәрбиленетін мектеп-интернатқа апарып, сыйға тартты. Сейтіп, Шұғыла өзімшіл болмау керек екенін жақсы түсінді.



## ӨКІЛ ӘЖЕЙ

Жақында Айманның әжесі қайтыс болған. Қыз ол кісіні өте жақсы көретін еді. Содан да болар көпке дейін осы ауыр қазаны ұмыта алмай жүрді. Ата-анасы Айманға табытта жатқан әжесінің денесі екенін, оның рухы құтқарылғанын, қазіргі кезде Исаның жанында оны мадактап, қуанышқа бөленіп жүргендігін түсіндіріп бақты. Қыздың ата-анасы бүкіл отбасы болып сол бір құтқарылған қалада бірге кауышар күнді армандайтындықтары туралы да айттып отырды. Олар Айманға: «Әженің аурудан қиналғанын, оның жансыз денесі жанында отырып, көзінің жасын төккенің, бейіт басындағы дуал туралы есіне түсіріп, ойлай бергенше, менің айтқандарым туралы ойлан», — деп кенес берді.

Алайда Айман бәрін ұмыта алар ма? Әжесінің орны бөлек қой. Мейірімді жүзін, жарқын да жағымды дауысын ұмыттар емес. Әжесінің Құдай туралы әңгімелегені, бірге отырып, Айманның басындағы қындықтарды жеңілдетуді өтініп, Құдайға сиынғандары ойына орала береді. Көрі әжесі он саусағынан өнері тамған шебер қолдарымен қаншама қолғап тоқып берді десенші! Жыртылған киімдерін жамап, киім тігіп, шашын өріп, түнде үйықтап жатқанда көрпесін қымтап жабатын. Оның қамқорлықтары жүрегіне қаншама қуаныш ұлатты десенші! Мамасы өзінен кіші егіз туған інілеріне қарап, қолы

босамайтын. Сондықтан да ол мамасына өзінің басындағы қындықтарын айтып, уақытын алмайтын. Осының бәрін ата-анасы қазір жақсы түсінеді. Сондықтан да Айманға көп көңіл бөліп, көңілін аулауға тырысады. Осыған қарамастан қыз өжесін ойладап қайғыра берді.

Бүгін ол мектептен көңілсіз күйде оралды. Портфелінде бесінші сыйыпқа арналған оқулықтар, түстенгеннен қалған кішкентай бөлке нанның жартысы жатыр еді. Нанды қолына үстады да, гүл бағының жаңындағы орындыққа келіп отырды. Бұл жер кішкентай күнінен жақсы таныс. Өткенді еске алуы-ақ мүн екен, көңілі босап, көзінен жас шығып кетті. Бөлкесін жерге түсіріп алып, еңкілден жылады. Панасыз күшік жерге түскен нанның қалғанын жеп алды да, тілін жалаңдатып Айманға қарады. Айман өксігін басып, қасында шоқайып отырған иттің түріне қарап езу тартты. Бұл итке де қын болар деп ойлады ол. Кенет көршілес орындықта отырған ақ шашты қарт әйелге көзі түсті. Ол күннің сәулелі нұрына жылынып отыр. Аяқтарының арасында бір шумак іірілген жүн жіп жатыр. Қолындағы жалтылдаған біздерімен өзі бір нәрсе тоқып отыр. Оның сүрғылт түсті жылы жейдесі, көгілдір түсті үшкіл орамалы, дөңгелек көзілдірігі Айманның көзіне жылы үшырады. Қыз әжейдің жаңына жақынырақ келіп отырғысы келіп жаңына барды. Ол кісі күтпегендіктен селк ете қалды да, қызды көрген соң оған қарап жылы үшырай күлімсіреді.

— Күннің жылуына балбырап, қалғып кетіппін фой. Шумақ жібім қайда кеткен?

— Міне, жібіңіз, әжей, — деп Айман жердегі жіпті көтеріп алып, оның қолына үстättты.

— Рахмет, балам! Мектептен келе жатырмысың? Үйіңе барғын келмей отырған болар. Онда біраз серуендереп, демалып ал.

Карт орындығынан ары қарай жылжып, Айманға орын босатты. Ол кісінің қасына отырған кезде Айманның жүрегі жай тапқандай болды.

— Сен осы маңда тұратын боларсың, балам, — деп әжей таныстықты одан әрі жалғастырды.

— Иә, мына бұрыштың ар жағындағы көп қабатты үйде тұрамын. Сіз ше?

– Менің үйім де осы жерге жақын. Мен көп жүре алмаймын. Өзімнің жеке меншік үйімде жалғыз тұрамын. Әнебір жердегі терезелерінің қақдағы оймыштап, әшекейленген үйді көрдің бе? Мен сонда тұрамын. Үйдің жанындағы орындығым қақырап, сынып қалды. Жалғыз өзім үйде отыруға зеріккендіктен, кей уақытта осы жерге келіп отырамын. Бұл жерде көп адамдарды көресің. Көңілің болінеді.

– Неліктен жалғыз тұрасыз, әжей, балаларыңыз қайда?

– Бір ұлым солтүстікте тұрады. Маған сирек келеді. Екі балам кішкентай кездерінде қайтыс болып кеткен. Ол кезде өте қыын болған. Дәрі-дәрмек жоқ. Қасірет күйігін тарттым-ау мен де. Күйеуім соғыста қаза тапты. Балаларымды өлім тырнағынан арашалап ала алмадым.

Қарт әжейдің көңілі босап, көз жасы әжім басқан бетінен тәмен карай сорғалады.

Айман қартты қатты аяп кетті. Көңіліне медеу болып, жұбатқысы келді.

– Жыламаңыз, әжей. Қаласаңыз мен сіздің үйіңізге анда-санда келіп тұрайын.

– Ата-анаң саған рұқсат етер ме еken, балақай?

– Эрине, олар өте қайырымды, жақсы адамдар.

– Келіп тұр, айналайын, менде өте дәмді тосап бар. Екеуміз шай ішерміз.

Сол күні Айман үйге байсалды әрі өз-өзіне сенімді болып оралды. Шешесі қызының жүзіне бағдарлай қарап:

– Сенің бүгін көніл-күйің жақсы еken? Себебі не? – деп сұрады.

Айман болған жайды жасырмай айтып берді. Қарт әжеймен кездескенін, ол кісіні қатты аяғанын, оның үйіне баруға уәде бергенін айтты. Айманға бұл кездесу жақсы өсер етіп, оның көңілін көтеріп, қуанышқа бөлеген тәрізді. Мамасы да оның бұл қылышын қуана құптаған.

– Қарттарға көмектесу керек, қызыым. Жалғыз басты қарттарға өте қыын-ақ. Нанға бару, үйдегі басқа да тіршілік оларға онай тимейді. Ен корқыныштысы сол, олардың басым көшпілігі о дүниеге аттануға жақын тұрғанымен Құткарушысыз қалуда. Осыны жадында сақта, қызыым.

Жалғыз басты әжей – Бибігүл мен Айманның достығы осылай басталған еді. Олар жиі-жиі кездесіп тұрды. Кейін келе Айман күнде кешкісін әжейдің үйіне баруды әдетке айналдырып алды. Ол әжейге

тамақ пісіріп, бөлменің ішін жинастырып, дүкенге барып қолағабыс беріп жүрді. Мереке сайын екеуі бірігіп дәмді самса пісіретін. Сол бір дәмді самсаны Айманның отбасындағылар қатты ұнатты. Ең бастысы, Айман қарт әжейге ірі-ірі әріптермен басылған Киеle кітапты тарту етті. Өзін Құдайға құлшылық етіп, сиынуға үрретті. Бибігүл әжей бұл кітапты көзінің қарашығындаі сақтап жүрді. Ол кісі кітапты ақырын, ежіктеп оқығанымен, мағынасын терен түсінуге тырысты. Қоғамай Исаға сеніп, мойынсұнды. Айманның отбасындағылар ол кісіге өздерінің ең жақын адамындаі бауыр басып кетті. Қартты бірнеше рет Құдайға сиыну үйіне бірге ертіп барған-ды. Олар Бибігүл әжейдің жанары тайған көздерінің қуаныштан ұшқын шашып, жүргегін қуаныш кернегеніне куә болған-ды.

Әжей өзінің қуанышын өзгелерден жасырғысы келмеді. Келе-келе ол кісі көршілеріне Құдай туралы, ынтымақты мәсіхшілер отбасы туралы сөз сабактап, әңгіме-дүкен күрып жүрді. Өзінің қуанышы туралы солтүстіктең ұлына да хат арқылы хабарлады. Сол жерде оның немересі де тұратын. Бибігүл әжей немересін көрмегеніне талай уақыт болған.

Оны сағынғанын айтып, немересін қонаққа шақырды.

– О дүниеге аттанбай тұрғанда оны көріп қалайын. Мен оны тісі жаңадан шыққан, домалақ, сүйкімді нөресте кезінде көргенмін, – деді Айманға хат жаздырып отырған сәтте.

Қарт өзінің туғандарын қатты сағынып, олармен қауыштыра гөр деп Құдайға дұға-тілектерін айтып, сиынып жүрді.

Жаз айының жайлы кештерінің бірі еді. Бұл кезде Айман жазғы каниқулға жаңа шыққан. Бұл күні оның көнілі ете көтерінкі болып, кешке дейін өзінен жасы кіші інілерін ойнатып, мамасына жәрдемдесті. Жұмыстарының бәрін тәмамдаған соң, жаңа әжесінің үйіне қарай бет алды.

Бибігүл әжейдің есігінің алдында ол ұзын бойлы, арықша келген жас жігітпен бетпе-бет ұшырасып қалды. Алғашында сасқалақтап қалса да, Айман сыр білдірмestен онымен амандасты.

– Мен Бибігүл әжейге келіп едім, – деді ол.

Жігіт аузындағы темекісін лактырып тастап:

– Жаңадан табылған немересі сен екенсің ғой? Менің әжемді Құдайға жүгіндіріп, басын айналдырып, енді қанағаттанып жүрсін, ә?

— Мен ешкімнің де басын айналдырған жоқпын, — деп ақтала бастады Айман бейтаныс жігіттің қылығына таңырқап.

Осылай сөйлесіп түрғанда арғы бөлмеден Бибігүл әжей шығып калды. Айман бұл кісінің осындай қүйге түскенін бұрын-соңды көрген емес. Жылағаннан көздері былаудай болып ісіп кетіпті, еріндері дірдір етеді, өзі имек таяққа сүйеніп өзөр түр.

— Қымбатты, балақайым! Көгершінім менің! Мен сені тағатсыздана тосып отыр едім.

Қыз ол кісіге қарай жүрді. Жүрегі бір жамандықтың боларын сезгендей. Бойын үрей билеп барады. Жігіт болса зілдене мырс етті де, қалтасына қолын салған бойда аяқтарын сүйрете басып ауладан шығып кете барды.

— Бұл кім?

— Бұл — менің немерем, солтүстіктен келді. Мен оны осындай қүйінде көрмей-ак, сол бір бал бөбек қүйінде еске алыш жүргенімнің өзі жақсы еди.

— Не болды?

— Ол кеше келген-ді. Басында бәрі жақсы болған. Ұлым мей келінімнің беріп жіберген сәлем-сауқатын ала келіпті. Екеуміз бірге отырып, түскі асты іштік. «Қандай сұлу әрі сымбатты жігіт болыш өскен», — деп оған көзім тоймай қарап, қуаныш жүрдім.

— Одан әрі не болды, әже?

— Одан әрі не болғанын сұрай көрме, қызым. Немерем маған тіксіне сейлеп: «Сенің жазған мына хатынды қалай түсінуге болады? Қайдағы бір діни топқа кіргенбісін? Олар сенің үйінді алушы көздел жүр фой», — дейді. Үйімді кімнің атына жаздырғанымды сұрады.

Қарт көзінің жасын орамалының ұшымен сұртті де, әңгімесін одан әрі жалғастырды:

— Үйді кімнің атына жаздырушы едім? Әрине, соның атына жаздырғанмын. Мен оған солай деп, шындықты айттым. Сонда да ол ызадан жарыла жаздал, аузына келгенін айтты. Құдай туралы, Құдайға сенуші адамдар туралы оның айтқан сөздерін естісөн фой. Оның айтқандарын саған айтып беруге аузым да бармайды. Мен немереме істің ақиқатын түсіндіруге тырысып бақтый. Оныннан түк шықпады. «Көріліктің салдарынан ақылдың ауысқан. Ештеңені де түсінбейсіз», — деп сөкті мені.

Айман әжейдің айтқандарын тыңдай отырып, жаны күйзеліп, жүрегі сыздады. Оны аяғандығы сондай, еніреп жылап жібере жаздады.

– Ой, қызым-ай! Неліктен осылай болды десеңші? Мен оған «Немерем-ау, сен неге менімен бұлай сөйлесесің, келмей жатып, дөрекі мінез көрсеткенің қалай?» – десем, ол менің сөздерімді құлағына да аспады. Бөлмеден шығып кетті. Сөйтіп түрганда сен келдің. Айман, ол жоқта Құдайға сиынайықшы.

Айман әжейдің дәл қасына отырды да, оның күйініштен діріл қақкан иығынан қапсыра құшақтан тұрып, байыпты дауыспен мына сөздерді айтып сыйырлады:

– Мен әрқашан да сіз үшін сиынып жүремін. Сіз маған өзімнің туған әжем сияқты болып кеттіңіз. Бұдан былайғы уақытта одан да көп сиынатын боламын. Әлі-ак бәрі орнына келеді. Жақсы болып кетерсіз. Сіздің немеренің сенушілерді білмей жүр әлі. Егер танысса бәрін түсінетіндігіне күмәнім жоқ.

Қарт әжейдің көзі күлімдеп сала берді. Жүргегінде үміт сәулесі үляғандай болды.

– Сенікі дұрыс, Айман, енді сиынайық.

Сиынып болған соң екеуі бөлменің ішін жинастырып жүріп, әжейдің немересі өзінің ағаттығын мойындаپ, бұрыс пікірін өзгерте екен деп армандады. Бұдан соң олар Киелі кітапты қолға алды. Айман кітапты дауыстап оқи бастады. Еліше пайғамбардың өмір тарихының қызықты сәттері туралы әңгімелердің мазмұнына ынта қойғандықтары сондай, бөлмеге Бибігүл әжейдің немересінің кіргенін де аңғармай қалыпты.

– Қарттар мен балаларға арналған ертегі дерсін. Мұндай жайлардың шын мәнінде болуы мүмкін бе? Оған сенуге бола ма?

Әжейдің немересі Болат Айманның қасына жүгіріп барып, оның қолынан Киелі кітапты жұлып алды да, оның беттерін параптап, жеке-жеке тарауларынан үзінділерді ызғарлы кейіппен дауыстап оқи бастады.

Қарт әжей мен Айман екеуі оған антарыла қарап қалыпты. Жігіттің мына қылышы олардың намысына тиіп, жанын жәбірледі.

– Киелі Кітапты әкел бері, – деді Бибігүл әжей қатқыл дауыспен. Бұл – менің кітабым. Құлкіге айналдырып, әжуалаушы болма!

Әжей тарамыс қолдарын немересіне созған еді, ол кітапты төсектің үстінен қарай лақтырып жіберді де:

– Сенің мұнда немен шұғылданып, нені оқып жүргендігің туралы әкеме айтып берермін, – деді тістене сөйлеп.

– Тұра тұр, бәлем, сен емес мен хат жазып жіберермін оған, сенің мына қылықтарыңды айттып. Менің балам мені түсінеді деп ойлаймын.

– Иә, сенің ұлың түсінер сені. Ол мені осында сені карттар үйіне орналастыру үшін жібергенін білсең фой.

– Онысы қалай. Мен күш-қайратымнан айырылған жоқпын фой. Не жазығым бар еді менің?

Бибігүл әжейдің әлі құрып, басы айналып кетті. Дәрмені кеткені сондай, жанында түрған орындықтың үстінен сылқ етіп отыра кетті. Ызага булыққан Айман не істерін білмей дағдарды.

– Әжейді қарттар үйіне орналастырудың қажеті қанша? Мен оған жәрдемдесіп тұратын боламын. Егер ауырып-сырқап қалса да қасында болып, қолғабыс берермін! Шын сөзім, – деді Айман.

– Біреудің отбасындағы жағдайға араласпа, қортық неме! – деп оның бетін жігіт қайтарып таstadtы, – сен адамдардың басындағы қиындық жағдай туралы не білесін? Мен жақында үйленемін. Техникумнан осында ауысамын. Менің де өмір сүруім керек қой. Әжей, сен асарыңды асадың, жасарыңды жасадың. Енді жастарға жол бергенің жөн болар.

Айманның көзінен жас моншақтап акты.

– Қандай құқың бар сенің? Бұл –әжейдің үйі, түсіндің бе?

– Тоқтай тұр, Айман, сен абыржыма. Мен бұған сенбеймін. Менің балам мұндай жауыздыққа баруы мүмкін емес. Оны жақсы білемін. Мен ешқайда да бармаймын.

Болат ызадан жарыла жаздал орнынан атып тұрды да, чөмоданының ішінен бір хатты ала салып, әжейге ұсынды. Бұл оның ұлы жазған хат еді. Сол ұлы үшін күні-түні дуга-тілектерін айттып, сиынып, аналық мейірбан жүргегінен шыққан ыстық сезіммен өзінің таныстарына ол туралы әңгімелеп жүретін еді. Хатта не жазылғандығынан Айман бейхабар. Хатты оқып болған соң, оның жүзі өзгеріп сала берді. Салы суға кеткендей отырып қалды. Көзінен моншақтап шыққан жас тамшылары әжім басқан бетіне тарамдай сорғалады.

– Өже, әжетай, не жазыпты хатта?  
– Бәрі жақсы, қызым. Үйіңе бара бер. Осы жылағанымыз да жетер.  
Ертең тағы да кел. Мен үшін дұға етерсін.

Айман осындай қын сәтте оны қалдырып кеткісі келмеді. Бірақ оның айтқанын екі ете алмады. Қөзінің жасын сұртті де, үйден шығып кетті.

Сол күні кешкісін Айманның әке-шешесі болған жайды ести салысымен әжейдің үйіне келді. Бәрі де ол кісінің тағдыры әрі карай не болар екен деп уайымдады. Айман болса өз бөлмесіне кіріп алып, үзақ уақыт дұға-тілектерін айтып, Құдайға сиынды. Әжейдің үйінен оралған ата-анасы Айманға мәрдымды еш нәрсе айтпады. Бірақ үшеуі катар отырып, көп әңгімелесті.

Ертеңіне Айман асығыс жиналып, тағы да әжейге келді. Ол келгенде әжей еш нәрсе болмағандай-ақ тып-тыныш күйде отыр екен. Айман не болғанын білгісі келіп, жағдайын сұраған еді, ол кісі байсалды түрде:

– Еш нәрсе емес. Бәрі жақсы болады. Сен одан да Киелі кітапты оқышы, – деп өтінді. Айман бұл жолы жігітті көрген жоқ. Осылайша бір апта уақыт өтті. Бірде Айман інілерін ертіп Бибігүл әжейдің үйіне келген еді. Оның үйінің жаңында машина тұр. Таксидің жүргізушісі біреуді тағатсыздана тосып тұрган сыңайлыш. Ақырында үйден әжей шықты. Мерекедегідей сәнденіп киініп алыпты. Жұзі орнықты да байсалды көрінеді, оның қасында қолына чемодан ұстаған жігіт келе жатыр. Не болғанын енді түсінген Айман жүгіріп барып әжейді құшақтай алды.

– Өже, сен неге келісімінді бердің?

Айман басын әжейдің иығына сүйеп тұрып, егіле жылады. Қарт оның басын сипап тұрып:

– Жылама, қымбатты немерем, жылама! Осылай болуы тиіс. Енді маған қарашы!

Айман қөзінің жасын сұртті де, оның бетіне қарады.

– Айман, сен менің сөздеріме құлақ сал. Мен сол жаққа баруға шешім қабылдадым. Онда мен сияқты көрі адамдар өте көп. Оларға менің көмегім өте қажет. Оларға біреу дұға істеп, Құдайға сиынуды үйретуі керек. Құдайдың жебеп, қолдауымен мен осы істі қолға алмақсын. Балам, мен өзімнің өлер шағымда менің Жаратушымның ризалығы үшін игілікті іс істеуім керек. Сенің папаң мен мамаң мен өзімнің

баратын жерімнің мекен-жайын бергенмін. Олар саған мені тауып алудың көмектеседі. Қоріскенше күн жақсы! Мен сені күтемін!

Бұдан соң қарт Айманға оны жаңындай жақсы көретіндігін, оның көрсеткен жақсылықтары үшін дән риза екендігі туралы ыстық ілтишатын білдірді. Қыз оны ыждағатпен тындалды. Оның жүргегін қимастық сезім билеп алған. Жұтынғанда көзінен аққан ыстық жастың кермек дәмін таңдайымен сезуде. Қоштасар сәтте ол Айманға:

— Қызым, сен менің немеремді сөге көрме. Оның әбес қылығы үшін ренжіме. Өзің білесің ғой, ол әлі Құдайға сеніп, оның ұлылығын жүргегімен түйсінген жоқ. Оның дұрыс жолға түсүі үшін дұғатлектерінді бағыштап, Құдайға сиын, жақсы ма?

Айман оның тілегіне үнсіз келісіп, басын изеді де, картты машинаға дейін шығарып салды. Таңданарлығы сол, карттың немересі оны асықтырған жоқ. Машина орнынан жылжыды. Екі інісі не болғанын түсіне алмай жылап тұрған әпкелерінің бетіне таңырқай қарады. Айманға Бибігүл әжеймен қоштасу оңайға түскен жоқ. Дегенмен ол карттың сөздерін түгелдей жадында сақтап қалды. Оның айтқандары туралы жан-жақты ойланып-толғану керек екендігін анық түсінді.

Содан бері біраз уақыт өтті. Жоғарыда айтылған оқиғадан кейін Айманның мінезінде айтарлықтай өзгеріс пайды болды. Ол осы аз уақыттың ішінде есейіп кеткендей. Содан бері ол карттар үйіне жиі-жі баратын болды. Онда Бибігүл әжей және оның рухани бауырлары мен апа-сіңлілері оны қуана қарсы алатын. Әжейдің көзіне құлқі үйіріліп, жүзі қуаныштан жайдарлана түскен. Оның қасындағылар да құлімсіреп, ілтишатты ықыластарын білдіріп жатыр. Өйтпегенде ше? Олар ендігі жерде мәңгі өмірге құр қол бармайтын болады емес пе? Қарттарға қарап тұрып, Айман: “Құдай жолына түсу қандай ғанибет еді!” – деп ойлады. Айман әжейге уәде бергенідей, оның немересі үшін дұға жасап, Жаратушы Құдайға сиынды.

## ЖАМАН СӨЗ

Миша мектепке барап кезде мамасы оған ендігі жерде оның айналасында Құдайға сенбейтін балалар көп болатындығын ескертті. «Олар Миша бұрын-соңды естіп көрмеген әбес сөздерді көп білетіні де ғажап емес», – деп болжам айтты.

– Киелі кітапта «Айтқан сөздеріңе сай не ақталатын, не айыпталатын боласындар» деген жолдар бар екендігін жадынан тастама. Өзінің еркі өзінде жоқ әлдебіреулерге үқсап жаман сөздерді қайталап айтушы болма. Сен ісіңмен де, болмысыңмен де өзінің нағыз мәсіхші екендігінді дәлелде, – деп ескертті мамасы.

– Мама, жаман сөздер қайдан алынған?

– Жамандықтың бәрі де шайтаннан тарайды, балам. Ол әзәзіл адамдардың Иса көрсетіп берген тұра жолмен жүруін қаламайды. Сондықтан да ол жамандық, құлық-сұмдық атаулының бәрін ойлап шығарады. Қөптеген адамдардың ақылға салып, ойланбастан оның жетегіне беріліп кететіні өкінішті-ақ. Балам, сен ешқашан Исаны ренжітпе! Ол сені жаңындај жақсы көреді. Ол жер бетіне келіп, сенің өмірінді құтқарып қалу үшін зәбір көріп, өмірін пида етті емес пе?

Миша түсіндім дегендей басын изей берді. Дегенмен біраз уақыт өткен соң өзінің ес біліп, етек жиған кезінен бергі уақыт ішінде орыс тілінің – өте бай тілінің сөздерінің жартысын да естімегеніне көзі жетті. Басында ол жаман сөздерге естімеген адамға үқсап, көніл бөлмеуге тырысып бақты. Одан еш нәрсе шықпады. Нашар сөздер беймаза шыбын сияқты маза бермей, ойна орала берді. Үзіліс кезінде сыныпта да сондай нашар сөздерді көп естисің. Бірде Толик деген бала Таня деген қыздың бұрымынан жұлқып қалған еді, сол-ақ екен, Толик құлаққа жағымсыз естілетін балағат сөздердің астында қалғандай болды. Миша бұған қатты таңырқап, аузын ашып қалышты. Гена мен Саша да конфеттерін бөлісе алмай, бір-біріне жиренішті мазак ат тағып, тіл тигізіп, балағаттап, ол аз болғандай жұдырықтасып та қалды. Иә, мұндайды Миша бұрын-сонды көрген емес. Тезірек үйге қайтқысы келді.

Күндер жылжып өтіп жатты. Мектепке, балаларға, мектептегі күн гәртібіне оның бойы үйреніп те қалды. Тек адамның намысына гиетіндей жиренішті сөздер оның жаңына түрпідей тиіп жүрді. Неге екені белгісіз, сондай әбес сөздердің ойда сақталып, кез-келген уақытта атойладап, сыртқа шығатында сезім тудыратыны қызық-ақ.

Сыныптағылар Миша жуас бала деп есептейтін. Оны ешкім де жәбірлемейтін. Миша да жөн-жосықсыз ешкімге үрына бермейтін. Күндердің күнінде...

Күндердің бірінде Мишаның әке-шешесі керек-жарап заттарды атап алу үшін дүкенге кетті де, Оның қасына кішкене карындасты

Алланы қалдырып кетті. Ол – алты жаста. Келесі жылы мектепке барады. Кішкентай қарындасы Мишаның қасынан шықпай, айналшақтаپ жүрді, сабак оқуға бөгет жасап мазасын ала берді. Оқулығын қолына алып, сабак оқуға отыруы мұн-ақ екен, ол да жүгіріп қасына келеді.

– Миша, мына суретте не бейнеленген? Айтып берші! Миша, кел, мен саған жаттығуларыңды жазуға көмектесейін! Миша, сен мектепте ақылдысың ба, жоқ па?

– Алла, мазамды алма! Сенің қырсығынан екілік алып қалармын!

Қарындасы біраз уақыт тыныш жүрді де, Миша жаңа дәптеріне дөңгелек әріптерді жаза бастаған сәтте ту сыртынан үрлана басып келді де, құлағының түбіне еңкейіп тұрып, қатты айқайлап жіберді.

– У - у - у!

Бала қатты селк ете қалды. Осы кездे қолы тайып кетіп, дәптерінің бетіне ұзын сызық түсті. Ашуға булыққаны сондай, оның ызалы көздері бақырайып, екі құлағы нарттай болып, қызарып кетті.

– Қой дегенде қоймадың. Ендеше сыбағаңды тарт, – деді де, оқулықпен қыздың басына салып қалды. Бұдан соң оның аузынан қара ит кіріп, ақ ит шыққандай болды. Кішкентай қарындасы қатты сасып, ағасына таңырқай қарады. Бұрын балалардан естіген былапты сөздерінің ішінде есте қалғандарының бәрін айтып, қарындасын балағаттады. Сәлден соң сабасына түсken Миша айтқан сөздеріне өкініп, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздады. Бөлмеде тұра беруге дәті шыдамай, далаға атып шықты.

Салы суға кеткендей болып Алла диванға отырды да, ата-анасын күтті. Оның ағасы өз бөлмесіндегі жастыққа басын тығып алып, солқылдаң жылап жатты.

– О, Жаратқан, бұл қалай болды екен? Мен сондай жиренішті балағат сөздерді есіме сақтамауға тырысып-ақ едім ғой. Ондай сөздердің менің өзімे де ұнамайтынын білесің. Кешіре гөр мені! Енді не істесем екен?

Үйге оралған ата-аналары Алладан болған жайды естіген соң, Мишаның бөлмесіне келді. Онымен байсалды да қатаң түрде әңгімелесті. Жылай-жылай көнектей болып ісіп кеткен көзіне қарап, Мишаның жаны күйзеліп отырганын да олар түсінді.

– Балам, не болғанын түсіндірші!

Бала өксігін баса алмай, үзік-үзік сөйлей отырып, болған жайды бүкпестен түгелдей айтып берді.

– Көрдіңдер мे? Енді мен Құдай жолындағы сенуші бала емеспін. Енді не істесем екен?

Папасы ұлын қапсыра құшақтап алды да:

– Тұра тұршы, балам, ең алдымен істің анық-қанығына жетіп алайықшы! Сен ғой жаман сөздерді жегідей жек көресің. Ол сөздерді аузыңмен айтқың келмейтіні де рас қой? Жақсы! Иса осындај жаман қылықтардан қалай арылуға болатындығын жақсы біледі...

...Ата-анасымен сөйлескен соң Миша тізерлеп отырып, бар жүргімен Құдайға сиынды:

– Жаратқан Ием! Сен мен үшін үлкен құн төлеп, мені құтқардың. Ал жаман сөздерді ойлап тапқан – әзәзіл, шайтан. Ол менің сөздерім емес. Мен сондай былапты сөздерден үзілді-кесілді бас тартамын, Құдайым! Тек Өзіңе ғана бас иіп, Өзіңе ғана қызмет етуге көмектесе гөр!

Мишаң арқасынан бір батпан жүк түскендей женілденіп қалды. Бұдан кейін қарындасты Алламен татуласты. Қарындасты да одан кешірім өтінді. Шынтуайтқа келгенде, Алла да дұрыс іstemеді ғой.



## ҚҰРБЫЛАР

Өсел бүтін бірінші сиынпқа барады. Мамасы оған әдемі тоқыма жағасы бар көйлегін кигізіп, ақсары шашын екі бұрым етіп өріп берді. Шашындағы ақ бантігі, қысқа шұлығы, жазға киетін женіл аяқ кімі, арқаға асатын сөмкесі, оку құралдарының бәрі судай жаңа. Мектепке баратынын ойласа көңілі тасып, қуанышы қойнына сыймайды. Онда қаншама жаналықтарды көріп, білетін болады десенізші! Мамасы мектептегі салтанатты жиналысқа Өселді алып баруға дайындалып жатқанда, ол тағы да тізерлеп отырып:

– О, Жаратакан Ием! Жүргім қобалжып түр. Сен мені жалғыз қалдыра көрме! – деп дұға жасап, сиынды.

Мамасы мен қызы мектепке қарай келе жатыр. Жол бойы шешесі оған ақылын айтып келе жатты.

– Эсел, бәрі де жақсы болады. Иса өзінің балаларына әрқашанда қол үшін беріп, көмектеседі. Есінде болсын, сенің айналанда Құдайға сенбейтін балалар көп болады. Сен олардың барлығына да үлгі болуға тырыс. Мен де сен үшін сиынып, тілек тілеп, дұға етермін.

– Рахмет, маматай!

Олар мектепке де келіп жетті. Сөнді киініп алған оқушылар лек-легімен мектеп ауласына жинальп жатыр екен. Осы топтың арасынан биыл мектеп табалдырығын алғаш аттайтындарды жазбай тануға болады. Олардың барлығы да қолдарына шок-шок гүлдер үстап алған. Көген көзді бүлдіршіндер өздерінің өмірлеріндегі ең қуанышты да ерекше күн қалай өтер екен деп қобалжуда. Олардың барлығы да мектепке өздерінің ата-аналарымен бірге келіпті. Ығы-жығы болып топталып түрған балалардың арасынан арықша келген шегір көзді кішкене қыз бірден көзге түседі. Оның үстінде жайғана үлгімен тігілген көйлегі бар. Өрілген бұрымдары иығына түседі. Басында банты да жоқ. Қолына көгілдір түсті үш тал гүл шоғын үстап түр. Ол қыз қасына ата-анасын ертпей, жалғыз келген екен. Балаларды сиынштарға бөлөр кезде жаңағы қыз Эселдің қасында түрған еді. Сөйтіп, ол екеуі бір сиыншта оқытын болды. Мектептегі салтанатты жинальс та аяқталды. Ата-аналары балаларын үстаздарға сеніп тапсырып, үйді-үйлеріне тараасты. Эсел де мамасымен қоштасып, балалармен бірге мектепте қала берді.

Балалар жап-жарық сиынып бөлмесіне кірді. Тап-түйнактайды жиналған бөлме ішінде оқулықтар салынған шкафтар, плакаттар ілінген арнайы стенділер, әйнектері айнадай таза терезелердің алдында түрған шок-шок гүлдер көз тартады. Алдыңғы қатарға таман орналасқан қара тақта жаңында әлі үсталмаған бор түр. Балалардың әрқайсысы бормен тақтаға жазу жазғысы келіп-ақ түр. Бөлмеге осы сиынштың мұғалімі Жанат апай кіріп келді.

– Балалар! Алдымен бір-бірімізben танысып алайық. Содан кейін сендердің орын-орындарыңа отыруларыңа көмектесемін. Бүгінгі сәттен бастап әрқайсың өз орындарынды біліп, сол жерде тазалық, тәртіп болуын қадағалайтын боласындар, – деді мұғалім.

Балалар у-шу болып кетті. «Кім-кіммен отырады екен» деген сұрақ берін қобалжытты. Эсел айналасындағы балаларға қарады. Олардың қайсысымен отырғызыса да, қарсы емес еді. Оның қасында бүйра шашты толықша келген қыз түр. Неге екені белгісіз, ол қыздың қасына

ешкім отырған жоқ. Өзі терезе жақта орналасқан ең артқы партага барып, отырып алыпты. Бойы ап-аласа, арықша келген қыз басқалардан жасырынғысы келгендей, бұқшиіп алыпты. Үрейлі көздерімен айналадағы болып жатқан жағдайды жайғана бақылап отыр. Әсел оны аяп кетті:

– Жаратушы Ием, осы қызға көмектесе ғөр! – деп сыйырлаған күйде дүға етті.

Жанат апай балаларды түгендей бастады. Мұғалім өзінің аты-жөнін атағанда, Әсел орнынан түрді да, айналасындағы балаларға күлімсірей қарады. Жаңағы қыз да орнынан түрді. Оның аты Әлия екендігін Әсел есіне сақтап қалды. Әдемі ат екен. Қыздың өзіне жарасып-ақ түр.

Ендігі жерде мұғалім балаларды өз калауымен отырғыза бастады. Әлияны сыныптың орта тұсындағы қатардың үшінші партасына отырғызды. Бойы аласа болғандықтан, артқы партага отыруға болмайтындығын ескертті мұғалім.

– Дәурен, бері кел! Сен Әлиямен бірге отыратын боласың. Екеуің бір-бірінді түсінісіп, тату отыратындықтарыңа сенемін, – деді үстаз.

Әседі толық қыз Айнашпен бірге отырғызды. Қалғандарының бәрін де осылайша реттеп отырғызып болды. Балалардың барлығы да мұғалімдерінің шешіміне разы болып, қанағаттанғандық күйде қалды.

Мектеп Әседге өте үнады. Ол сыныптас балалармен тез достасып, шүйіркелесіп, сейлесіп кетті. Окуды, жазуды тез-ақ үйреніп алды. Мұғалімін де үнатады. Тек Әлияғана өзіне дос-құрбы таба алмады. Балалар оған онша жоламайтын. Ол әрдайым жұпыны киініп жүреді. Тып-тыныш отырады. Үзіліс кездерінде терезе жаққа барып, бірдене оқып отыр ады, немесе үй тапсырмасын орындаиды. Әлия мектепке көбіне-көп үй тапсырмасын орындаамай келетін. Сондықтан да ол сыныптағы балалардан қалыс қалып жүрді. Мұғалім оны сабактың сонынан жиі-жиі алып қалып, өткен сабакты түсіндіріп жүретін. Әсел алғашында жаңағы қызды аяп, ол үшін сиынып жүрді. Кейін келе сыныптың басқа балалары сияқты оны елемейтін болды. Кейде Әлия тақтаға шықканда қызырып кетсе, басқа балалар сияқты ол да әжуалап, күлетін.

Мамасы Әседдің мектепте болған жайлар туралы әңгімелерін зер сала тыңдайтын. Бір күні мамасы:

– Әсел, сендер неліктен Әлияға дұрыс қарамайсындар? Сенің айтқандарынды тыңдасам, ол қыз әрқашан жалғызырап жүретіп сияқты. Сен сенуші қызың. Әлияға қырын қабак көрсетпеуге тиіссін. Оның үй тапсырмасын орында май келетініне, өзгелерден саяк жүретініне неменеге күлесіндер? Сен ол қыз туралы еш нәрсе білмейсіндей. Мүмкін оның үйіндегі жағдайы нашар болар. Біздің айналамыздағы адамдар әр қылыш өмір сүреді. Сен ақыл таразысына салып, ойлап көрші, осындай жағдайда Иса осы қызға қалай қарап еді?

– Қалай қарап еді, мама?

– Ең бастысы, ол біреудің басындағы қайғы-қасіретін түсінер еді, келемежедеп күлудің орнына, оған қол үшін беріп, көмек көрсетер еді. Ол қызға үй тапсырмаларын орындауына көмектес. Сабақтан кейін біздің үйге ертіп кел. Сенімен бірге дайындалса, оған жеңіл тиері ықтимал.

– Ол біздің үйге келе қояр ма екен, мама?

– Бәрі сенің оған деген қарым-қатынасыңа байланысты, қызым. Оның үйдегі тұрмыс жағдайы қандай екенін білу керек. Ол да аз.

– Тағы не істей керек?

– Оның жан сырын, тұрмыс жағдайын білудің орнына сен де оны келеке етіп, күлдің емес пе? Осы қылышың үшін Құдайға сиынып, кешірім өтінуің керек, сен өзіннің дұрыс істемегенінді мойындастың ба? Әлия үшін де сиын. Оған осындай қамқорлық қажет екендігі даусыз.

Осы кешті Әсел мен оның мамасы бірінші сиынтағы Әлия атты қыз үшін Құдайға сиынып, оның өміріне жеңілдік тілеп, дұға істеді.

Келесі күні Әсел мектепке көтерінкі көңілмен келді. Ол Әлияны көргісі, оның сабагына көмектескісі келді. Оның көңілін аулап, жылыжылы сөздер айтқысы келді. Мәсіхшілердің қындық сәтте міндетті тұрде қол үшін беріп, жәрдем көрсететіндігін Әлия да білсін, – деп ойлады Әсел. Өзінің арқа сөмкесінде нарттай қызыл екі алма, өзі жақсы көретін бірнеше конфет жатыр. Бұларды ол Әлияға беремін деп алыш шықкан. Достары жоқ болғаны қандай жаман!

Әлия мектепке кешігіп келді. Мұғалім сұраған еді, жауап бермеді. Тек кешірім өтінді. Оны жазалау ретінде тақтаға шақырып, мұғалім сабак сұрады. Есептің амалдары айтарлықтай қын емес ти. Әлия салысуға кетіп, білмегеніне қатты қысылды. Тағы да екілік алды.

— Не шара қолдансам екен саған, Элия, — деді Жанат апай, — үй тапсырмасын тағы да орында май келіпсің. Бүйте берсең сен сиңшылта екінші жылға қаласың. Не істейміз?

Элия сиңшылта қала ма? Өсел оның бір сиңшылта екі жыл отырганын қаламайды. Жаны ашиды. Ол қолын көтеріп:

— Жанат апай, мен Элиямен өз үйімде жекелей таныссам бола ма? Үй тапсырмасын бірге отырып орында мыйз. Нәтиже шығатыны сөзсіз!

— Жақсы, Эсел! Сенің көмектесе алатыныңа сенемін. Элия, сен осыған келісесін бе?

Өсел Элияның бадырайған солғын көздеріне бағдарлай қарал отырды. Ол келіскендігін білдіріп, жай ғана басын изеді де, орнына барып отырды. Өсел қуаныш кетті. Бұл тек бастамасы ғана. Ең бастысы — алда.

Сабак аяқталып, балалар үйді-үйлеріне тарасып жатты. Өсел Элияны мектептің кіре беріс есігі жаңында қуыш жетті:

— Кайда асығып барасың? Бүгін біздің үйге барып, сабак оқыық та. Мынау саған. Жүрек жалға.

Элияның қолына аспалы сөмкесінде жатқан манағы алма мен бір конфетті ұстартты.

— Рахмет! Кел, бірге отырып желік!

Екеуі қолдарындағы алмалары мен конфеттерін жеп болған соң, мектеп паркіне қарай жүрді. Осы жерден екеуінің үйге барап жолдары екі жаққа тарамақ. Өсел Элияның женінен тартып, өзінің үйіне баратын жолға қарай жетеледі.

— Жүр, біздің үйге. Қорықпа! Менің мамам мейірбанды адам!

— Жоқ, Өсел, кешір мені! Үйге қайтуым керек.

— Мұның қалай? Ертең тағы да екілік аласың ғой. Содан кейін сиңшылта екінші жылға қалуың мүмкін.

— Бәрібір бара алмаймын. Сен мейірімдісің. Рахмет саған! Менің әжем ауырып жатыр. Сондықтан үйге баруым керек.

Өсел сәл ойланып қалды. Не істей керек?

— Мен сенің үйіңе барсам бола ма? Тек мамама телефон соғып ескертейін. Не болды деп абыржып жүрмесін. Бола ма?

— Әрине. Элияның қуанғанинан жүзі жадырап сала берді. Менің әжем де өте мейірімді кісі. Өзің көресің ғой!

Әлия осы бір жақын мандағы жеке меншік үйде тұрады екен. Олар көгілдір қақпалағы үйге енгенде, алдыларынан жүні үрпиген кара төбет жүгіріп шықты. Ол қуанғаннан секіріп, Әлияның бетін, қолын, мұрнын жалап алды. Құйрығын бұлғандатып, иесіне еркелеп қояды. Ит Әселге көніл бөлген жок. Үй ішіндегі кіші-гірім келген бөлмелер жинақы әрі тап-таза болып тұр. Еденге қолдан тоқылған кілемшелер төсеп тастапты.

– Әжен қайда, Әлия?

– Өзінің бөлмесінде жатқан болар. Жұр, барып көрейік!

Кең де жарық бөлмедегі ені тар төсектің үстінде бір қария отыр. Көзі ілініп кеткен екен, қыздардың дабырынан селк етіп оянып кетті.

– Әлия, сенбісің? Қасындағы әдемі қыз кім болады?

– Бұл – менің сыныптас досым Әсел. Әже, халің қалай? Ас іштің бе? Дөрінді тағы да ішпегенсің бе? Дөрігеріңе шағым жасамасам. Саған укол салсын!

– Тағы да айыпкер болып қалдым-ау. Жарайды, Әлия, үрса көрме. Айтқаның болсын. Мен дәрімді ішейін.

Әсел орындыққа отырып, Әлияның іс-қимылдарын қадағалай қарап отырды.

Мектептегідей емес мүлде өзгеріп кеткен. Құдды ересек адамдардай-ақ өзін емін-еркін үстайды. Ол беліне гүлді алжапқышты шалып алды да, плита жанына барып күйбенде, ас даярлап жұр. Әп сәтте-ақ буы бүркыраған дәмді сорпаны үш тарелкаға қойып, үстелдің үстіне қойды.

– Әже, тұр. Тұскі асты ішейік.

Ол әжесіне төсектен тұруға көмектесті де, ірі-ірі етіп нанды кесіп, үстелдің үстіне қойды. Пештің үстіндегі шәйнек те ысқыра бастады. Кішкене үй иесі құтыға тосап салып әкеліп, үстелге қойды. Әсел таңқалды. Ол мына қыз сияқты пысық емес-ті. Оның үстіне мамасы мұны газ плитасына жақыннатпайды да. Столдың үстіне дастархан мәзірін қойып дайындауды да білмейді. Әсел тек ас ішілгеннен қалған ыдыстарды жуып, еден сыйырады. Өзінің бөлмесін жинайды. Ал Әлия болса ересектердей-ақ үй жұмысын өзі атқарып жұр. Оның бойы да үзара тұскендей көрінді. Тұрі де әп-әсем болып кеткендей. Әсел мұндай қасиеттерін бұрын неғып байқамаған?

— Сорпа қандай болыпты, Өсел?, — деді әжей, — тамақты Әлияның өзі пісіреді. Мен тек оған көмектесемін. Қазір ауырып жүргендіктен мениң көмегім де шамалы болып тұр.

— Оқасы жок, әже, бәрі орнына келер.

Әжесі біраздан соң төсегіне жатып қалды. Әлия ас ішілген соң үстелдің үстін жинастырып, нанның үгінділерін сыйырып алды да, оқулықтарын әкеліп қойды.

— Өсел, мен сені көп үстадым-ау деймін. Кел, сабағымызды оқыық.

— Жақсы. Оқысақ оқыық. Мен мынаны білгім келеді. Сенің атанаң қайда?

— Менің әжемнен басқа ешкімім жок.

— Жоғы қалай?

— Мамам менің кішкентай күнімде қайтыс болған. Содан кейін әкем үйленіп, алысқа кетті. Оның енді басқа отбасы бар.

— Сен онымен бірге неге бармадың?

— Білмеймін. Ол мені әжеммен қалдырып кетті. Кейде келіп тұрады. Ақша, түрлі сыйлықтар әкеліп береді. Әжем өте аурушаң. Өліп қала ма деп қорқамын.

Әлияның көзінен жас шығып кетті. Өсел де жылай жаздал, өзін әрек үстап отыр.

— Осы себепті сен үйде сабақ оқымайды екенсің ғой.

— Үлгере алмаймын. Біз әжем екеуміз бірге ас әзірлейміз, кір жуамыз, үйдің ішін жинастырамыз. Менсіз ол кісі еш нәрсе істей алмайды. Кей уақытта ауруы мендеп, жатып қалады.

— Әлия, мен сенімен бұрыннан бері достасқанда, көмегімді көрсетіп, болысар едім ғой.

Қыздар сабактарын тез оқыды. Өсел досына есептің шығару амалын түсіндірді. Ақырында екеуі де сабақ оқып болғандарына риза болып, қоңылдері көтеріліп қалды. Екеуі бір-бірінен айырылғысы келмеді. Өсел басқа достарымен бірге болғанда өзін осындај жақсы сезінбейтін.

Өсел мамасына Әлия мен оның әжесі туралы әңгімелеп, осы кездесуден мол әсер алғандығын да жасырмай айтты. Мамасы қызының игі іс жасап, досына көмек көрсеткені үшін дән риза болды.

— Адамды білмей жатып, оның ісіне асығыс баға беруге болмайтындығына өзіннің де көзің жеткен болар, Өсел, — деді. — Енді Әлия мен оның әжесіне қалай көмектесуге болатындығын ойластырайық. Өзің білесің, Құдайдың көмегінсіз, камқорлығынысыз

адамдар бақытқа жете алмайды. Сол үйге барып, кішкене Ізгі хабаршы болып, Құдайдың рақымы туралы айтып бер. Тек Жаратушы Құдайға оларға қуаныш өкеліп, бақыт сыйлай алады. Одан арғысын тағы да көре жатармыз.

Сөйтіп, Әсел көгілдір қақпалы кіші-гірім үйге жиі-жій баратын болды. Ол Әлияның туған күніне әдемі тоқыма жағасы бар кейлек, үлкен самса, түрлі-түсті суреттері бар балаларға арналған Киеle кітапты сыйға тартты. Бұл жануяда оны әрдайым қуана қарсы алады. Ендігі жерде олар Құдай сөзін өздері-ак оқи алатын болады. Бұған дейін Әсел оларға Құдай туралы, сенім туралы көп әңгімелер айтып, қалай сиыну керек екендігін үйреткен болатын. Енді, міне, бұл үйде ас ішер алдында Құдайдан бата тілеп, сиынады. Әлия сабакты оқығанда да үйдің басқа да жұмыстарын істеу кезінде де Жаратушының қомегіне сүйеніп, Оған сиынып, дүға-тілектерін айтатын болды. Бірде мектептен оралғанда Әлия белгісіз біреудің үйдің ішін, ауланы жинастырып, кір жуып, колготкасын торлап қойғанын көріп, таң қалды. Тоңазытқыштың ішін бұрын-соңды жеп көрмеген тағамдарға толтырып қойған. Әжей болса, тап-таза ақ үшкіл орамалын басына байладап алып, қуаныштан көзі күлім қағады.

– Рухани сіңлілерім келіп кетті, Әлия, біз енді – мәсіхші, сенуші жандармыз. Қазіргі кезде туыскандарымыз көп, біз енді жалғыз емеспіз.

– Әже қандай әдемі болып кеткен бәрі!

– Солайы солай. Енді маған о дүниеге аттансам да қорқынышты емес. Өйткені қындық сәтте сені шетке тастамай, қол үшын беретініне көзім жетеді.

– Олай деме, әжетай. Маған сенсіз қын тиеді.

Әсел де өзін шексіз бақыттың құшағында сезінгендей. Сенуші болғанын қандай жақсы. Иеміз Исаның адамдардың өмірін осылайша өзгерте алатынын көру қандай ғанибет!

– Мен бұдан былай да бар адамдарға Құдай туралы, оның жасампаздығы, мейірбандығы туралы айтып, түсіндіретін боламын, - деп ойлады Әсел.

– Әже, бізге келген кімдер? Олар бізді қайдан білді? – деді Әлия.

– Мұның бәрін істеп жүрген Әсел фой!.. Раҳмет саған, Әсел! Жаратушы сені жақсылығымен жарылқасын! – деді әжей алғыс сезімдерін білдіріп.

– О не дегенініз, әже, мен не істеді дейсіз сондайлық?

Айтпа деп сұрағандықтан, бұл үйге кім келгенін, кімнің көмектескенін әжей тіс жарып айтқан жок. Әсел босағаның қасынан өзінің мамасының кестелі қол орамалын тауып алды. Қыз кешкісін мамасына оның қол орамалын әкеліп берді. Оған мамасы еш нәрсе айтпады. Тек өзінің жанына шақырып алып, еркелете отырып, болған жайды еске алып, рахаттана күлісті. Олар сөзді бұдан әрі өрбіткен жок. Артық сөздің қажеті қанша? Тек бір-бірінің жүрек қуанышын үнсіз тустанысты.

Мектепте де бәрі жақсы болды. Әлия екіліктерін түзетті. Сабак үлгірімі жақсады. Бұрынғы бүйірі мінезі өзгеріп, өзін сенімді сезінді. Әсемен бірге барып жүрген жексенбілік мектепте де үлгілі окушылардың санатында жүрді.



## ТОТЫ ҚҰС

Мерекедегідей безендірілген үстелге қарап отырып Гүлжан: «Бұғін маған қандай сыйлықтар берер еken, – деп ойлады. Бұғін оның туған күні, ол тоғыз жасқа толды. Туған күн кешіне дос қыздары қонаққа шақырылған. Олардың да келер уақыты таяп қалды. Оның мамасы өз бөлмесіне кіріп, есігін жауып алған. Өйткені ол балаларға арналған күтпеген сыйлық – қызықты ойын бағдарламасын дайындал жатыр. Қызының туған күні болғанда мамасы жыл сайын қызықты да тартымды ойындар үйімдастыруды өдетке айналдырған. Гүлжан бұл үшін мамасына шексіз риза. Міне, есіктің қонырауы шылдырлап, алғашқы қонақ келді. Бұл – оның ең жақын достарының бірі – Әлия. Оның қолындағы не еken? Сойткенше болмай, Әлия оған қарап жымып қойды да, бұлды көтеріп қалды, осы сәт бөлменің ішінде шиқылдаған дауыс естілді! Үлкен тордың ішінде бір тоты құс секіріп жүр. Гүлжан қуанғаннан қолын шапалақтады. Бұл оның талайдан бергі арманы еді. Ах, Әлия, сен қандай жақсы доссың! Сен Гүлжанның барлық тілектерін айтқызбай білесін-ау!

– Рахмет саған, Әлия. Мен оте қуаныштымын.

Бұдан кейін де есік қонырауының шылдыры бір сөтке де толастамады. Той иесінің достары бірінен кейін бірі келіп, ақырында түгелдей жиналды. Қонақтар үстел үстіне жайғаса бастады. Олардың

Әкелген тартуларының ішінде куыршақтар, әр түрлі кітаптар, қорап-корап конфеттер бар, бірақ та Гүлжан қуанышпен, әлсін-әлі терезе жаққа қарай береді. Ол жақта оның тоты құсы – Сарауыз торлы үйшігінде өзімен-өзі шықылышқап отыр. Гүлжанның мамасы әдetteгідей-ақ туған күнге жиналған балалармен түрлі ойындар өткізіп, қызыққа бөледі. Осылайша думандатып жүріп, балалар кештін қалай батқанын да аңғармай қалыпты. Ойын-сауық аяқталып, қонақтар үйді-үйлеріне тарасты.

Гүлжан түнімен үйшіктай алмай шықты. Ол тоты құсының түрлі түске еніп, құбылып тұратын қауырсындарынан сипап, қүйқылжыған үнін естігісі келіп, оның бөлме ішімен қызық көріп ұшып жүргеніне қарағысы келді. Таңға жуық мамасы қызының көрпесін қымтап жауып қойды. Ақырында әйтеуір қызы тынышталды ғой, бірақ сонда да ол түсінде Сарауызымен сөйлесіп жатқан болар.

Гүлжан тоты құсын жақсы күтіп, мәпелеп бақты. Оның торлы үйшігін уақтылы тазартып, ішетін сүн жиі алмастырып, уақтылы азықтандырып тұрды. Сарауыз торлы үйшіктің орта түсында орналасқан әткеншекте тербелгенді қатты ұнатады. Алдында ілулі тұрған айнаға қарап, басын бүлғаңдатып, өзінің құс тілімен дауысын қүйқылжыта шиқылдағанын көрсөн, еріксіз күлесің. Гүлжан інісі екеуі құстың жанында бірнеше сағат бойына тұрып, оның қызығын тамашалауға бар.

Көп ұзамай олар тұратын үйге жаңа отбасы келіп, қоныстанды. Үйдің ауласында балалар әрлі-берлі жүгіріп, ойын қызығына тоймай, асыр салып ойнап жүреді. Жаңа қоныстанушылардың қызы ауладағы орындықтардың біріне отырып алышп, күн ұзаққа кітап оқиды. Ол қыздың аты – Айнүр. Аулада жүрген балалар алғашында ол қызға бағдарлай қарап жүрген-ді. Кейін келе қыздың өздерімен бірге ойнай алмайтындығына қөздері жетті. Ол бір аяғына табаны қалың бөтенде киіп алыпты. Өзі таяққа сүйеніп жүреді еken. Ауланың балалары оған «аксақ» деп ат қойып алыпты. Гүлжан ол қызды қатты аятын. Құдайға дұға еткенде ол әрдайым осы қыз үшін сиынып, Жаратушыдан оның өміріне женілдік, ауруына шипа тілейтін. Сол қызбен сөйлесейін деп талай оңтайланып жүрді. Бір күні соның реті келіп, онымен сөйлесті де. Оған «Исаның өмірі» деген кітапты окуға

берді. Айнұрдың ата-анасы оны ұнатпай қалды. Олар қызына «сектант» қызбен араласуға тыым салды.

Бұл жаз айында болған еді. Кеш батып, қараңғы түсе бастаған. Гүлжан үйшіктар алдында тордағы тоты құсын балконға алып шықты. Сарауыз өзінің жаңа иесіне үйір болып алған. Кейбір сөздерді былдырлап айтатын болды. Оны Гүлжан мақтан тұтатын. Сарауыз болса балконда серуендеуді қатты ұнатады. Торлы үйшігінің ішінде тыным таппай, асыр салып жүгіріп жүреді. Кейде тордан шығып кеткісі келіп, бұлқынады. Гүлжан кенеттен аулада біреудің ақырын дауыспен жылап отырғанын естіді. Анықтап қараса, ауладағы орындық үстінде отырып, жылап отырған «ақсак» Айнұр екен. Ол жалғыз отырып алып, өз-өзімен сөйлескендегі болып, ақырын дауыспен бірденелерді айтап, жылап отыр екен. Гүлжан тоты құсын қалдырды да, тездетіп аулага шықты. Айнұр Гүлжанның өзінің қасына келіп отырғанын байқамай қалды. Оның мейірімді дауысын естіп, селк ете қалды.

– Айнұр, саған не болған? Сен жылап отырсыңғой. Біреу жәбірледі ме? Айнұр одан бетер дауысын шығара жылады. Қандай қайғы түсті сенің басыңа? Айтшы маған!

– Менің тоты құсым ұшып кетті. Менің жанымдай жақсы көретін тоты құсым.

– Ұшып кеткені қалай?

– Мен андаусызда тордың есігін ашық қалдырыппын. Оны алып, серуендеуге шыққанымда ол ұшып кетті. Кейбіреулер үшін бұл жайғана ұсақ-түйек сияқты көрінгенімен, Айнұрға ауыр тиді.

– Сендерге жақсы. Жүгіріп, секіріп ойнайсыңдар. Мен байғұстың көніліме медеу болар ермегім сол бір тоты құс еді, – деді Айнұр жалалыншты үнмен.

– Жылама, папаң мен мамаң саған басқа тоты құс сатып әперер.

– Жоқ, олар менің емделуіме ақша жинап жатыр. Сатып әпер деп айтуда аузым бармайды. Түсінесін ғе?

Көнілі бұзылып, жылап отырған мүгедек қызға басу айтап, тыныштандырайын деп үмтүла бергені сол-ақ екен, ту сыртынан бір әйелдің қатқыл дауысын естіді.

– Айнұр, сен қайдасың? Үйге қайтатын уақыт болды.

Айнұр аяғын ақсандай басып, подъезге қарай бет алды. Гүлжан орындықтың үстінде тағы да біраз отырды. Осы мүгедек қыздың өмірі қандай киын екенін жан жүргегімен түсінді.

– Жаратқан Ием! Мына қыздың тоты құсын қайырып бере ғөр! –  
деп жалбарынды ол.

Осыдан бастап Айнұрдың қабағы қатынды, өзі көңілсіз күйде селқос жүрді. Бұрынғыдай кітап оқығанын да қойды. Тек үйдің айналасында қаумалай өскен ағаштарға қараған бойда, ой үстіндегі отырады. Кім біледі? Мүмкін оның тоты құсы бір кездे қайта оралар. Бір күні Айнұр далаға шықпай қалды. Екінші, үшінші күні де солай болды, «Не болды екен?» деп абыржыды Гүлжан. Қоршісінен Айнұр туралы сұраған еді, оның қатты ауырып, төсекте жатқандығын, жақында оған өте күрделі операция жасалатынын айтты. Гүлжан Айнұрды ойлап қатты толғанды. Үйге кірген соң Сарауыздың торлы үйшігінің жанында отырып ойға қалды.

Гүлжан тордағы тоты құсын қолына ұстап, далаға шығып кетті. Айнұрдың пәтерінің есігіндегі қоңырауды басқан еді, ешкім есік аша қоймады. Біраздан соң Айнұр шықты. Ол үстіне жұқа іш көйлек, аяғына женіл шәрке киіп альпты. Ұзын қара шашы иығына түсіп түр. Мұнды қөздерімен Гүлжанға таңдана қарап қалыпты.

– Гүлжан, сенбісің? Сәлем!

– Сәлем, Айнұр, мен саған келдім. – Үйге кір. Менің мамам сенімен достасуға тыым салған-ды. Қазір ол үйде жоқ. Бірақ сен маған үнайсың.

Гүлжан жай құлімсіреді де, үйге кірді. Айнұрдың аяғында қалың табанды бәтенкесі жоқ болғандықтан қатты ақсап жүр екен.

– Үйге кір, Гүлжан, отыр, – деді де, өзі төсегіне жай fastы.

– Айнұр, мен өзімнің Сарауызымды саған тарту етуге шешім кабылдадым. Мә, ұста! Бұл – өте жақсы құс. Сен оны жақсылап күт, жарай ма?

Гүлжан гүілдеп, көнілдене секен қағып жүрген Сарауыздың торын үстелдің үстіне қойды.

– Ал. Мен жалғыз емеспін. Иса Ием, дос қыздарым, інім бар. Сен болсаң жападан-жалғызың. Алшы, өтінемін!

– Оған папаң мен мамаң не дейді?

– Олар мені түсінеді деп сенемін. Оның үстіне Сарауызды да маған біреу тарту етті фой.

Бөлмеде тыныштық орнады. Айнұр не істерін білмей, дал болды. Үнсіздік шырқын бұзып, Сарауыз асыр салып жүгіріп жүр. Гүлжан мән-жайды түсіндіріп, үнсіз орнынан тұрды.

— Менің кететін уақыттым болды. Тез жазылып кет! Көрісkenше күн жақсы! Мен сенің операцияң сәтті өтуін тілеп, сиынармын.

— Рахмет саған, Гүлжан. Сен – дұние жүзіндегі ең жақсы қызысың! Мен сен сияқты қызды ешқашан да кездестірген емеспін, – деді Айнұр көзінің жасы мөлтілдеп.

Гүлжан үйге Сарауызыз оралды. Ол өзінің қанатты досына бауыр басып, жаңындај жақсы көріп кеткен еді. Сөйтсе де оны Айнұрга бергеніне өкініп отырған жоқ. Қайта жаны жадырап, көnlі орнына түсті. Бұл жайды естігенде шешесі:

— Біздің қызымыз есейіп қалған екен фой, – деді куаныштан көnlі тасып.

Кешкісін Гүлжанның үйіне Айнұрдың мамасы келді. Ол жазықты кейіппен, қымсына күлімсіреді.

— Кіріңіз. Жоғары шығыңыз, – деп жылы шырай танытты үйдегілер.

— Мен бір минутқа фана. Гүлжаннан кешірім сұрайын деген едім. Мен қателесіппін. Кешір мені, Гүлжан! Сен – өте жақсы қызысың. Айнұр екеуіннің достасуларыңа қарсы емеспін. Истеген жақсылықтарың үшін көп рахмет!

Гүлжан ол кісіден мұндай қылышты күтпеген еді. Сасқанынан бүйра басын шұлғи берді.

Көп үзамай торлы үйшіктегі Сарауыз Гүлжанның өзіне қайтып оралды. Айнұрдың ата-анасы оған жақадан көгілдір түсті тоты құс сатып әперген еді. Қанатты досы баяғыдай-ақ дөнгелегіне айналып, өзінің айнадағы кескінімен гүлдей тілдесіп, мәре-сәре болып жүрді. Екі дос қолдарына тоты құсы бар торлы үйшіктерін ұстап, ауладағы орындықта ұзак отыратын болды. Олар өзара шүйіркелесіп, уақыттарын көnlі өткізеді. Кейде оларға Гүлжанның досы Элия да қосылады. Үшеуінің басы қосылғанда олар «Исаның өмір тарихы» атты кітапты және балаларға арналған әңгімелерді оқиды.

## КЕРМЕ АҒАШ

Азаматта ағаштан жасалған рогатка (керме ағаш) пайдада болды. Оны дүкенге нанға бара жатқанда тауып алған-ды. Тауып алған ойыншығы өзіне қатты үнады. Судай жаңа екен. Оны дереу қалтасына салып ала



көйды. Папам мен мамам көріп қоймаса еken деп ойлады. Олар «рогатка – жаман ойыншық» деп айтып отырганын естіген-ді.

«Рогаткадан жайғана атып ойнармын. Консерві құтысын, ағашты қөздел атсам болады. Ал құстар мен аңдарды атуға болмайды. Бұл зат маған өте қажет деген ойларын қөңіліне бір түйіп қойды да, дүкенге жедел басып келді. Нан сатып ала салып, үйіне қарай жүгірді. Жаңағы тауып алған заты қалтасын төмен тартып барады. Бүгін жолым болды.

Азамат мамасынан ойнауга рұқсат сұрады да, баққа қарай асықты. Ол жерде тастар толып жатыр. Қайсысын алып атсаң да өз еркін. Тамаша!

Бастапқыда Азамат сарайдың қабыргаларын, содан соң көрі емен ағаштың діңін, ең акырында дуалды қөздел, рогаткадан тас атты. Дуалда қаншама тақтай болса, соның бәріне бір-бір реттен атып көру керек. Бала ойынға беріліп кеткендігі сондай, дуалдың үстімен жағалап келе жатқан кішкене мысығын байқамай қалды. Рогаткасын керіп тұрып, атып қалған еді, тасы кішкентай мысықтың дәл көзіне тиді. Байғұс мысық дуалдан жерге жалп етіп құлап түсті. Алғашында не болғанын түсінбей қалған Азамат есін жиғандай болды да, жығылып жатқан мысықтың жаңына жүгіріп келді. Жануардың көзінің орнында омсырайған жарағана қалыпты.

– Қонжығым менің, сүйіктім, кешір мені! Тірімісің өзің, қонжық! Сүйіктім менің, сүйкімдім менің!

Бала мысықтың үлпілдеген жүнінен сипап отырып, бода-бода болып жылады. Осы кезде есінен танып жатқан мысық есін жиды да, ыңырысып, жылай бастады. Иә, иә! Ол өзінше мысық мияуға салып, жылай берді. Оны Азамат жақсы түсінді. Әттеген-ай! Не істесем еken? Азамат бұл кішкентай мысықты жақында, жаңа туған кезінде үйге әкелген-ді. Ол кезде мысық көзін де аша алмаушы еді. Сол күні кешке дейін мамасының мазасын алып, мысықты үйге қалдыруға үгіттеген еді. Енді, міне...

Іза болып, рогатканы сирень гүлінің бұталарының астына қарай лақтырып жіберді. Бұдан соң қолына мысықты еппен көтеріп алды да, үйіне қарай беттеді. Мамасы Азаматқа мысықты емдеуге көмектесті. Ең алдымен жаракаттанған көзінің аумағын азғана марганцовка қосқан ерітіндімен сұртті де, жаракатын дәкімен таңып қойды. Содан соң мысыққа жылы сүт беріп тамақтандырды да, торттың қорабына жатқызып ұйықтатты.

Азамат болған жайды бүкпестен мамасына түгелдей айтып беріп, қылышын мойнына алды. Сол кеште аяныш, өкініш, ұят сезімдері оның жанын жегідей жеді.

— Маматай, — деді Азамат мамасының қеудесіне басын сүйеп отырып, — мен бұдан былай ешқашан да қолыма рогатка үстамаспын! Конжықты бұрынғыдан да жақсы қоретін боламын.

Азамат өзінің сөзінде тұрды да. Мен кейде олардың үйлеріне барып тұрамын. Ол кәдімгідей ержетіп қалыпты. Қазір мектепке барып жүр. Мектепке бара жатқанда Азаматтың жалғыз көзді мысыры оны әрдайым дуалға дейін шығарып салады.



## ДОСТАР

Саша мен Женя бала кездерінен бері дос болып келеді. Олардың ата-аналары да бір-бірімен араласып, достық қарым-қатынас жасап тұрады. Балалар жексенбі сайын жиналысқа да, мектепке де бірге барады, бір сыныпта оқиды. Мектептен келген соң сабакты да бірге оқып, үй тапсырмаларын бірге орындаиды. Олар бір-бірін жақсы қореді. Сондықтан араларынан қыл өтпестей дос болып жүр. Егер біреуі ауырып қалса, екіншісі оны ести салысымен, жүгіріп келіп көнілін сұрап, қасында отырады. Қызықты кітаптарды оқып беріп, күлдіргі оқиғалар туралы әңгімелер айтады, мектепте өткен сабактарды түсіндіреді. Егер біреуінің ата-анасы бір себептермен жазаласа, екіншісі келіп, оның көнілін аулап, аяушылық билдіреді. Нағыз адап достарың болғаны қандай жақсы! Біздің мәнгі тірі жанымыздың жауына бұл татулық ұнамады. Ол балалардың достығының шырқын бұзғысы келді. Оның акыры мынадай болды:

...Бірде папасы Сашаға велосипед сатып әперді. Мұндай велосипедті ол бұрыннан-ақ армандал жүретін. Жып-жылтыр, көк велосипедтің отырғышы сәл ғана шикылдайды екен, қонырауының үні сынғырлап тұр. Бұл туралы хабарды ең бірінші болып Женя естіді. Ол досының қуанышына ортақ болып, бірге қуаныш жүрді. Оның өзірге мұндай велосипеді жоқ еді. Өйткені Женяның отбасында өзінен басқа қарындастары мен інілері көп. Ал Саша — ата-анасының жалғыз баласы.

– Уайымдама, Женя. Қаласан, велосипедімді мініп, қыдырып кел, – деп досынға басу айтып жатты. Мә, ұста! Екеуміз кезекпе-кезек тебетін боламыз. Жүр, біздің үйді айнала қыдырайық! Сен бірінші болып шық. Мен сен келгенше сәкіде отыра тұрайын.

Женя Сашаның велосипедіне қарғып мінді де, қоңырауын шылдыр еткізіп басып қалып, алға қарай ызғытып жүріп кетті. Үйді бірнеше рет айналып шықты. Тамаша! Қуанышы қойнына сымайды. Тезірек жүрсем бе екен? Бұл бір тамаша велосипед қой!

Бұл жайдың қалай болғанын Женя өзі білмей де қалды. Велосипедпен зырылдатып келе жатқанда, байқамай, бар пәрменімен гүлзардың ішіне қойып кетті. Велосипедтін алдыңғы жағы оның ішінде өсіп тұрган ағашқа соғылды. Қатты екпіннен ағаш құлап тұсті. Жаракаттанған тізесінен қан сорғалады, қатты үрүп алған иығы зарқағып, ауырып барады. Ағашқа соғылған мұрны лезде өсіп шыға келді. Құлаған ағаштың жаңында Сашаның быт-шыты шыққан велосипеді жатыр. Жанаттың қатты қорықканнан тілі байланып қала жаздады. «Енді не істесем екен», – деп дал болды. Осы сәтте Женя көп кешіккенге, не болғанын білейін деген ниетпен Саша жүгіріп келген еді.

– Саша, мен әдейі істеген жоқпын. Кешірші мені! Мен бір амалын ойладап табармын. Тек сен қатты уайымдама! Жарай ма?

Сашаның көзі жасқа толды. Егер осылай боларын білгенде фой! Ол өзінің жаңа велосипедімен серуендереп те үлгірген жоқ еді. Эй, Женя, Женя! Өстіп тұрганда олардың қасына қоқтен түскендей болып, олардың көршісі Степан жетіп келді. Ол бұрыннан бері осы екеуінің татулығын, достық қарым-қатынасын көре алмай, тісін қайрап журуши еді. Өзінің достары жоқ.

– Мәссаған! – деп Степан ысқырып жіберді де, «Мен саған: Саша, Женяның жаңынан айналшықтап, шықпайтыныңды қой, – деп айтқан едім фой. Өзінің велосипеді жоқ болған соң, ол мұны әдейі істеген шығар. Енді ата-анаңа не бетінді айтасың?»

Жылап тұрган Женя оның бұл сөздеріне ашууланып қалды.

– Жалған! Мен әдейі істеген жоқпын! Сенбे оған, Саша! Женя бұл істің оқыстар, жазатайым болғанын айтып, досын сендерігісі келіп-ақ еді. Саша быт-шыт болып сынған велосипедін үнсіз жинап алды да, үйіне қарай беттеді. Ал Степан Сашаның жаңынан қалмай, қолтығына су бүркіп, айқайлай сөйлеп барады.

— Мен төрөзеден қарасам, ол бар пәрменімен зытып бара жатыр екен. Сол жылдамдығымен гүлзардың ішіне қойып кетті. Міне, сенің досыңың сиқы осы.

Болған жайға қапа болған Женя көзі жасқа булығып, дәрмені кетіп барады. Ол үйіне оралғанда папасы мен мамасы ас үйде отыр екен. Бала өзінің бөлмесіне қарай зып беріп өте шықты. Ол қазір жалғыз қалып, болған жайды ой елегінен өткізіп, Құдайға сиынайын деп ойлады. Ол Жаратушыдан көмек сұрады. Женя бүгінгі болған жай үшін Саша кешірсе екен, жан досы өзіне сеніп, араларындағы қарым-қатынастары да бұрынғыдай болса екен деп тіледі. Екі достың арасында бұрын мұндай дүрдараздық болып көрген емес.

Женя түнімен қорқынышты түстер көріп шықты. Сашаның велосипедімен келе жатып, Степанды басып кеткені, біресе Степаниң өзі тұра Женяға қарай баса көктеп келе жатқаны, біресе Саша өзіне ашулы көзімен қарап оны келемеждең күліп, аузы-басын қисаңдатып, мазактағаны түсіне енді. Тек танға жуық Женя тынышталып, көзі үйқыға кетті. Оның тәтті үйқысының шырқын сағаттың шырылдаған дауысы боліп жіберді. Мектепке баратын уақыт болды.

Женя кешегі оқиғаның өсерінен арыла алмай, дел-сал күйде жүрді. Не істей керек? Папасының бөлмесіне көз тастаған еді, ол Киелі кітапты оқып отыр екен. Тұрі салмақты. Женя папасына сенеді. Әкесінің қасына келді де, көзінің жасын әрен тиып:

— Папа, көмектесші! Мен қырсыққа ұшырадым, — деді.

Әкесі тұңғыш ұлын ыхтиятпен тыңдады. Ақырында істің шешімін тапты да.

— Мен бүгін жұмысқа бармаушы едім. Екеуміз дүкенге барып, жаңа велосипедті сатып алып, Сашаға берейік те, оның сынған велосипедін өзің ал. Мен сатып алатын ақшаны саған қарызға беріп отырмын. Жазда оқушылардың енбек лагерінде жұмыс істегендеге тапқан ақшаннан қайырып беретін боласың. Келістік пе?

— Келістік! Қандай жақсы болды! Рахмет, саған, әке!

— Онда тездетіп жинал, әйтпесе мектепке кешігіп қаласың.

Женя сыныпқа көнілді болып кірді. Ол Сашаның бетіне қарап, жымып қойды. «Әй, Саша, сен ештеңе де білмейсің фой! — деді ішінен, — томсырайсаң томсырая бер. Қазір сен күтпеген жайға күә боласың!


Сабак аяқталған соң, Женя үйіне қарай аяғы аяғына жүқпай жүгіріп келді. Сашаның велосипедінен де жақсы, судай жана велосипед кіре беріс бөлмеде тұрган еді. Женяның папасы қандай тамаша адам десенші! Баласын қандай да қыындықтан құтқарып алады. Женя портфелин жерге тастай салды да, жана велосипедті Сашаның пәтеріне қарай жетектей жөнелді. Досы мектептен келгенше үлгеруі керек болды.

Есікті Сашаның мамасы Клара апай ашты. Женя ол кісіге асыға амандасты да, болған жайды қысқаша айтып өтті. Ол кісі болған жайдан бейхабар екендігін танытты.

– Велосипедті қираткан кім сонда? Сен бе? Қызық екен.

Клара апай осы сөздерді ғана айтып үлгерді. Женя тез-тез қимылдаپ, дәлізде тұрган Сашаның қираған велосипедін алды да, оның орнына жана велосипедті қоя салды. Енді келген ізімен кері қарай тайып тұратын болады. Бәрі ойдағыдан болды! Саша мектептен оралғанша, бәрін жайғастырып үлгеремін. Бұдан кейін папасы екеуі сынған велосипедті жөндейді. Екеуі бірігіп іске кіріссе, бәрі орнына келетіндігіне Женяның күмәні болған жоқ. Бәрінен бұрын өзінің досы Сашаның қандай адап екендігіне көзі жетті. Ата-анасына шындығын айтпай, бар кінәні өз мойнына алған. Ата-анасы велосипедті Сашаның өзі сындырғанына сеніп қалып, оның сазайын берген де болар. Оқасы жоқ. Мұны Женя ешқашан да ұмытпас. Степан қаншама тырысса да, оның ойындағыдан болмады. Құдайға шүкір!

Женя осылайша ой үстінде тұрганында, есіктің қонырауы шыр ете қалды. Есік ашылып, үйге Саша кіріп келді. Екеуі біріне-бірі үнсіз қарап тұрып қалды. Бұл жерде айтпаса да бәрі түсінікті емес пе? Ақ, адап достықтың аясы кен-ак. Осындаі достықты Исаңың сыйлағаны қандай ғанибет!



## ЕКІЛІК

«Екілік» деген бага оның күнделігінің ен бір көрнекті жерінде тұр. Ашық қызыл түсті сия оны мақтанышты және әсерлі етіп-ак тұр.

– Уh, не болар екен енді? – деп күрсінді Алик сабак аяғында үйіне жиналышп жатып.

Кеше мамасына жақсы оқимын деп уәде берген еді. Папасы оған: «Екілік» алсаң, ас үйде тағы бір апта кезекші боласың», – деген еді. Ідис-аяқ жуу деген қандай жаман! «Мениң жолым болмады-ау», – деп іштей ренжіді Алик.

«Құдайым, енді үйде не болады? Маған көмектесші, өтінемін!». Бұл сиыну оған жан тыныштығын әкеле қоймады. Алик тек екінші сиынштағанда да, ар-үжданының дауысын тыңдай алатын. «Ертерек сиыну керек болатын», – дейді ол.

Көнілі құлазып отырганда, оның қасына осы сиынштағы сотқар, төбелескіш бала Дима келіп отырды.

– Алик, сен немене, бір екілік алдым деп үнжырғаң түсіп, уайымдап отырсың ба? Күнделігіндегі екілік қойылған бетті жыртып тастасаң болды.

– Жыртып тастағаны қалай, күнделіктің бұл бетінде басқа бағалар да түр емес пе?

– Қызықсың фой өзің, жақсы бағаларды көшіріп, жана бетке жаза сал.

– Мұнда мұғалімдердің қолдары қойылған фой.

– Айтасың-ау! Олардың қолдарын да аудырмай, ұқсатып қоюға болады. Мен ылғи солай істеймін. Білесің бе, бұл менің қолымнан келеді! Қаласаң, мен саған көмектесейін.

Аликтің көзінен үміт оты жалт ете қалды.

– Шын айтасың ба, Дима, көмектесесің фой?

– Эрине, көмектесемін. Тек ертең маған сол үшін сағыз әкеліп беретін боласың. Түсінікті ме?

– Экеліп беремін, сөз жоқ.

Алик Димаға өзінің күнделігін қуанышпен ұсынды. Дима уәде етілген сағызға дәмелене отырып, күнделіктің бетінде өзіне үйреншікті жұмысын жүргізіп жатқанда, Аликтің ар-үжданы оған тағы да сөйлемді: «Мына істеп жатқан қылышың дұрыс па, қалай ойлайсын?»

Бірақ Алик бұл ойларды мазасыз шыбынды қуғандай қолын бір сілтеп қуып тастанды. Дима болса екілік қойылған бетті жыртып тастап, ондағы бағаларды жана беттерге көшіріп, ол бағалардың түсында түрған мұғалімдердің қолдарын ұқсастырып қойып та жіберіпти. Енді Алик күнделігіне сүйсіне қарады. Екіліктің тіпті ізі де болмағандай. Алақай! Ідисты енді Лена жусын – оның кезегі келді, мамам да маған еш нәрсе айта қоймас. Бәрі жақсы болды фой.

Алик үйге көңілді оралды. «Бұғінгі алған екілігімді тез-ақ түзете саламын. Содан соң бәрі де орнына келеді», – дег ойлады ол.

Кешкісін мамасы оны оқудағы жақсы үлгірімі үшін мақтады. Лена оның ас үйдегі кезекшілігін қолына алды. Папасы да балаларына риза болып отырды. Келесі күні Алик өзі уәде бергеніндей Димаға сағызы әкеліп берді де, көңілі орнына түскендей болып, математика сабағын ынтыматпен жаттай берді. Көп ұзамай ол бұл сабактан алған екілігін жойды. Сөйтіп, болған жай біртіндеп ұмыт қалды.

Бірде олардың мектептеріне бір топ жастар қонаққа келді. Аликтің сыныбындағы балалар абыр-сабыр болып кетті. Олардың бәрі де келгендердің мәсіхіші жастар екендігін жақсы біletін. Олар кішің сыныптағы балаларға Киелі кітап сабактарын аптасына бір рет өткізу деген ұсыныпты. Қандай жақсы. Қонақтар бұғін біздің сыныпқа қарай келеді жатыр – бұғін солардың кезегі келген еді. Сыныпқа екі жігіт және қолына балаларға арналған Киелі кітапты ұстаган бір қыз кіріп келді. Олар балалармен амандасқан соң, Құдай туралы не білетіндері туралы сұрады. Сыныпта отырған балалардың кейбіреуі қолдарын қөтерді. Эрине! Окушылардың басым көпшілігі «Ерекше кітап» атты мультфильмдерді көрген еді, олар сондай қызықты. Бұдан соң қонақтар Құдайдың Жерді қалай жаратқандығы, Жерге жаны бар жаратылыстарды қоныстандырғаны туралы қызықты етіп әңгімеледі. Олар балаларға Жерде пайда болған алғашқы адамдардың бейнеленген суреттерді көрсетті. Ақыр аяғында Қабыл мен Әблін туралы әңгімеледі. Балалар олардың әңгімелерін ден қоя тыңдады. Бір қыз гитарамен Құдайдың сүйіспеншілігі жайлы ән айтып берді. Отырғандар оған қосылып отыруға тырысты. Киелі кітап сағаты өткесін тамаша болып өтті. Қоштасар сөтте жаңағы жігіттердің бірі былай деді:

– Балалар, Құдай сендердің барлықтарыңың мәсіхішін болуларыңды, мейірбанды, шыншыл, тіл алғыш болғандарыңдың қалайды. Біз сендерге қуана-қуана көмектесерміз.

Мұғалім Ольга Степановна да жастардың келіп, әңгіме сабағын өткізгеніне дән риза болды. Кетер алдында әлгі жастар Құдайға сиынғанда ол қатты тебіренді:

– Рахмет, сендерге! Келесі аптада сендерді тағы да күтеміз! Біздің сыныпта да мәсіхіші бала бар. Ол – біздің Алик. Ол өте жақсы бала.

Аликтің беті ду ете түсті де, жүрек соғысының жиілеп, дүрсіл қаққанын сезді. Оның ойынша осы сәтте одан бақытты адам

болмағандай еді. Сыныптас достары оған ерекше бір жылдылық сезіммен қарады. Осы жерде Диманың алғыр дауысы естілді:

– Ол қайдағы мәсіхші дейсіндер? – деді даусын көтеріп.

– Дима, не деп отырсың? Үяттың қайда? – деді Ольга Степановна, оның қылышына ашуланып.

– Маған неге үят болуы керек? Ол ұялсын. Міне, оның шынышлдыры!

Солай деді де, Дима өзінің портфелінен Аликтің құнделігінің жыртылған бетін алғып шығып, отырғандарға көрсетті. Қонақтар аңтаң болып, балаға қарады. Дима сөзін одан әрі жалғастырды:

– Ольга Степановна, сіз оның құнделігіне екілік қойдыңыз ғой. Ол құнделігіндегі екілік қойылған бетті үйінде жазаланбау үшін жыртып таставды. Осы беттегі қалған бағаларды мен құнделіктің таза бетіне көшіріп жазып бердім. Сол үшін ол маған сағыз берді.

Сыныпта бір сәтке томаға тыныштық орнағаны соншалық, тіпті оның жүргегінің дүрсілін сыныптағылардың барлығы да естіп отырған сияқты болды. Ольга Степановна Аликтің құнделігін қолына алғып, оның беттерін парактай келіп, жаңағы Дима айтқан бетке келгенде, қып-қызыл болып кетті:

– Сенің мына ісің үшін мен жерге кірердей болып ұялып тұрмын, Алик. Өзін мәсіхшімін дейді!

Алик қатты қысылғандығы сондай, жылап жіберді:

– Балалар, мен осылай істегім келмеп еді... мен кінәлімін... бұдан былай қайталамаймын, Ольга Степановна!

Ол портфелін алды да, сыныптан атып шықты. Мектептің табалдырығына жете бергенінде оны мәсіхші қыз қуып жетіп:

– Алик, тоқтай тұр. Мен білемін, сен бәрін түсіндің. Диманың әбес қылыштарына ешкім де таңданған жоқ, ал сенен мұндаиды ешкім күтпеген еді, – деді.

– Енді не істесем екен? Иса мені кешірер ме екен?

– Эрине кешіреді. Одан кешірім сұра да бәрін өз орындарына қой: ең алдымен ата-анаңа болған жайдың бәрін айтып, олардан кешірім сұра. Иса саған жәрдемдеседі, мен білемін. Кел, екеуміз дәл қазір бірге отырып, Құдайға сиынып, кешірім сұрайық!

Сиынып болған соң Алик өзінің арқасынан бір батпан жүк түскендей, сергіп қалды, осыдан кейін үйіне қарай тез-тез басып кете барды. Үйінің табалдырығын аттасымен-ақ мамасының қарсы

алдында жылап отырып, бар шындықты айтты. Мамасының бауырына басын сүйеп отырып жылай берді, жылай берді. Шешесі өған кедергі жасамады – тәубеге келгендеңі көз жасы жан-дүниендеңі тазартары хак. Папасы да ұлын түсінді. Осыдан кейін барлығы бірге отырып Құдайдың Аликке деген сүйіспеншілігі мен кешірімділігі үшін алғысын айттып, сиынды. Ал қарындасты Лена болса Аликтің екі апта қатарынаң ас үйдегі ыдыстарды неғып сондай шабытпен жуып жүргенін түсінбеді.

Осы оқиғадан кейін сиынтағы балалар алғашында Аликке сенбестік пиғылмен қарап жүрді. Кейін келе олар Аликтің жақсы бала екендігіне көздері жетті.

## СЕНУШІ БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ

Мектептен оралған Айнұр мамасына:

- Мама, мен сенуші болғым келмейді. Мен де барлық балалар қандай болса, сондай болғым келеді.
- Неліктен? – деп сұрады мамасы одан.
- Себебі, бәрі мені келемеждеп, күледі. Осыған ренжіп жылағым келеді. Егер сен маған Құдайға сенбеуіме рұқсат етпесен, мен мектепке бармаймын!
- Жақсы. Кел, екеуміз бірге отырып әңгімелесейік. Содан кейін өзіннің қалауың білсін.

Айнұр оған келісіп, басын изеді де, мамасының жанына келіп отырды. Мамасы әңгімесін бастап кетті.

– Қызым, сен туғаныңа бес ай толғанда қатты ауырдың. Кіп-кішкентайсың. Отыруға жаңадан үйреніп жүргенсің. Устіңе өзің сияқты кіп-кішкентай койлек, шалбарларды кигізетінбіз. Сен қатты ауырғанда папаң екеуміз жылағанда, етегіміз жасқа толатын. Тұла бойы тұнғышымыз – сені өліп қала ма деп қатты қайғыратынбыз. Дәрігерлер сенің ауруыңа ем қонбайды, – деді бізден жасырмай-ақ. Сен екеуіміз ауруханада жаттық. Дәрігерлер аурудан қинальп, жүдеген қолдарыңа құнделікті дәрі тамызғыш аппараттармен дәрі тамызатын, ауа жетпей демің таусылып, қысылғанда, оттегі толтырылған жастықты аузыңа тосып, неше түрлі уколдарды салатын. Менің үмітім үзіліп, дәрменсіз күйде болдым. Күн сайын сенің денсаулығың

нашарлаған үстіне нашарлай тұсті. Бір күні тұн мезгілінде сен қатты жылап, қолды-аяққа тұрмай, қысылдың. Мен не істерімді білмей, қатты састьм. Осы сәт бір кезде кәрі өжемнің үйреткеніндей, тізерлеп отырып алдым да, бар ниетіммен Құдайға сиынды: «О, Жаратқан, бұл дүниеде бар болсаң, менің ажал аузында тұрған кішкентай қызымды құтқара гөр! Ауруына шипанды бере гөр! Мен мұны ешқашан да ұмытпаспын!» – деп егіліп жыладым. Өстіп отырғанда бірте-бірте жүргімнің қобалжығаны басылғандай болды. Сол сәт өжемнің Иса туралы айтқан әнгімелерін, оған сиыншып, дұға-тілектерін бағыштағанын есіме тұсірдім.

– Маған ешкім де көмектесе алған жоқ. Менің Құдайдан басқа еш сенерім де, сүйенерім де жоқ. Тұсінесің бе, қызым? Сен асқынып, мендеген ауруынан тек Құдайдың көмегімен жазылдың, Айнұр! Сені құтқаруын тілеп Құдайға мен алғаш рет жалбарынғаннан кейін, сен төтті үйқы құшағына бөлендің. Көп ұзамай-ақ денсаулығың түзелді. Денің аман, сап-сая күйінде ауруханадан шығарып алып кеттім. Әрине, дәрігерлер бұған қатты танырқады. Сол кезде папаң екеуміз өзімізді ең бақытты адамдармыз деп санадық. Біз қайда жүрсек те сені Жаратушының құтқарып қалғандығы туралы айтып жүрдік. Сені емдеген дәрігердің өзі де «атеист болуды қойдым» деп шындықты мойыннадады. Осылай, қызым!

Содан бері Құдайға шын ниетпен, жан дүниемізбен сенеміз. Құдайға сеніп, сенуші боласың ба? Жоқ па? Ендігі жерде өзіңнің калауың білсін, Айнұр! Исаңың сені қалай жақсы көретінін, сенің өмірінді ажал тырағынан арашалап қалғандығын түсініп, өз шешімінді ақыл тезіне сала біл. Біреу сені келемеждеді екен деп осының бәрін ұмытуға бола ма? Сен кәп-кәдімгідей естияр баласың. Өзің шешім қабылдай білуін керек. Мен түскі ас әзірлеуге кеттім.

Мамасы Айнұрдың бөлмесіне қайта кіргенде, қызының тізерлеп отырып:

– О, Жаратушым! Кешір мен! Өтінемін, кешіре гөр мен! Менің өмірімді арашалап қалғаныңды білген жоқ едім. Мен әрқашан да бір өзіне сенетін, сенуші болғым келеді, – деген сөздерін құлағы шалды.

Қымбатты достым! Мүмкін сені де мектептегі достарың келемежден, Құдайға сенгенің үшін мазақ ететін болар? Оған бола мұнайын, қамықпа. Сен үшін Исаңың қандай жақсылық істеп, бақыт сыйлағанын әрдайым жадында сақта! Айнұрды аурудан айықтырғаны

сияқты жақсылық іstemеген де болар саған. Бірақ, сенің мәңгі өмір сүруің үшін Ол өз өмірін пида етіп, Фолготаға құрбандыққа барғаның, есіңден шығарма!



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БӘЙГЕ

Жетпіс бесінші нөмірлі мектептің кең де жарық акт залында ертең шығармашылық бәйге өтеді. Оған мектептің барлық сыйыптарының окушылары қатыспақ. Бұл – өте толғанысты әрі қызықты болып өтетін шара. Өздерінің жас шамаларына қарай іріктелген топтарда сыйыска түсіп, жүлделі орындарды жеңіп алғандарға марапаттау сыйлықтары берілетін болады. Мектептің дәлізі де бәйгеге лайықталып әсем безендірілті. Мектептің дәл ізінде бәйгеге қатысуышылдардың еңбектері – түрлі суреттер ілініп, қатар-қатар қойылған үстелдердің үстіне ағаштан, балшықтан, пластилиннен жасалған қолөнер бүйымдары қойылған. Балалар бәйгеге кестеленген, тоқылған бүйымдарын әкелген екен. Кімнің еңбегі жүлдеге ие болатындығы туралы акт залында өтетін бәйге қорытындысында аян болмақ. Бәйгеге қатысқан мектеп окушылары өзара сарапқа түсушілер арасынан озып шыққан ең тандаулы әншілердің, ақындардың, көркемсөз шеберлері мен сазгерлердің – дарын иелерінің жаңа есімдерін естіп, таныс болады.

Света үйіне ренжіп оралды. Ол бәйгеге өзінің суреттерін тапсырған еді, жүлделі орынға ие бола алмады. Өзінің аты атальып, көзге түскісі келіп-ақ еді. 5 «б» сыйыбында оқитын Аняның өлеңдері бәріне үнайды. Оның атын мақтанышпен атап, оны ақын-қыз дейді. Света одан қай жері кем? Жоқ, бір амалын ойлап табу керек.

Кыз үй ішіндегілерге өзінің реніші туралы тіс жарып айтқан жоқ. Өз бөлмесінде оңашаланып отырды. Онда отырып, оның ойында «асқаралы» бағдарлама туындағы. Жас кезінде мамасы да өлең жазатын. Оның өлеңдері Анянікінен кем емес еді. Мүмкін одан да артық болар. Ертең бәйгеге мамасының өлеңдерін оқып берсе қайтеді? Біреудің еңбегін пайдаланып отырған жоқ: Бұл – өзінің мамасының өлеңдері. Мамасының мұқабасы сарғайған дәптерінде жазылған өлеңдердің арасынан өзіне керегін тездетіп таңдап алды. Таңдап алған өлеңдері табиғат туралы. Ол жыр жолдарында айналамызды қоршаған табиғатты, сансыз жаратылыстарды Құдай жаратқандығы туралы

ой өрнектері бар. Мәсіхшілік көзқарас тұрғысынан алғанда өте тартымды ой болады деген тұжырымға келді ол. Жиналғандардың барлығы да оның Жаратушыға сенетіндігін білсін деген ой келді. Света таңдал алған өлеңдерді тездетіп көшіріп алды да, мамасының дәптерін оның жазу столының ішіне қайтадан салып қойды. Әрқайсысы төрт шумақтан тұратын өлең жолдарын жаттап алу қын емес-ті. Светаның есте сақтау қабілеті жақсы. Ол үйкітар алдында erteң бәйгеге қатысуышылардың алдында «өзінің шығармасын» нақышына келтіре, мәнерлеп оқып беріп, жүлделі орынды жеңіп алатындығы туралы тәтті қиял жетегіне беріліп кетті. Сонда Аняның қандай сезімде отыратындығын көргісі келді. Бұдан соң Света тез-тез сиынып алды да, үйкітауға жатты.

Ертеңіне Света мерекеге барадай сәнденіп киініп алды. Әдемі көйлегін киіп, шашына жаңадан сатып алған шаш түйрегішін тақты. Айнаға қарап, үстіндегілері өзіне жарасып тұрганын көргенде, оның өзіне сенімділігі нығая түскендей болды. Сыныпқа кірген бойда одан сыныптастары:

– Бұғінгі бәйгеге қатысасың ба? – деп сұрады. Бәйгені үйымдастырушылар – жоғары сынып оқушылары – өлеңдерін оқуға ниет білдірушілердің аты-жөндерін дәптерлеріне жазып алып жур екен. Света сыныпта отырғандардың барлығы естісін деген ниетпен даусын қатты шығара:

– Эрине, мен де өлең жазып әкелдім, – деді.

Оның аты-жөнін жазып қойды. Таңқалғаннан Аяның көзі шарасынан шығып кетердей болды.

– Света, сен де өлең жазушы ма едің? Неге бұрын мұндай өнерін бар екендігін айтпағансың?

– Дабыралап қайтемін? Мен шошақай емеспін фой.

Света өзін жеңімпаздай сезініп, көңілі көтеріліп қалды.

– Жазған өлеңдерің көп пе? – деп сұрады өзіне көршілес партада отыратын Саша.

– Сенің шаруаң қанша. Көп. Мен бұрыннан бері өлең жазамын.

– Құдай туралы ма?

– Құдай туралы да. Барлық тақырыпта.

– Оқуға бересің бе?

– Өлеңдер – адамның жеке басының тылсым сырлары, Саша.

Осылайша сөйлесіп болған соң балалар акт залына қарай беттеді. Бүгін сабак өтілмейді. Жиналғандар орын-орындарына жайғасты. Бәйгенің төре алқасы «Шебер қолдар» атты бәйгенің қорытындысының әйгіледі. Женімпаз жүлдегерлердің есімдері аталды. Өзі топшылағаныңдай-ақ, Светаның суреттерін ешкім де елеген жок. Ендігі жерде оның үміті өлеңдерде болып тұр. Сахнаға шығып, өлең жолдарын оқып, өзінің дарынды екендігін дәлелдесе болғаны. Света өзін сенімді сезінді. Бәйгенің жүргізушісі оның аты-жөнін атағанда ол қобалжыған жок. Залда жинағандар оның өлеңдерін бар ынталарымен тыңдал отырды. Абзалында өлең жолдары жақсы еді. Света бұл өлеңдерді дәл өзінікіндей етіп, мәнерлеп оқуға тырысты. Алдыңғы қатарлардың бірінде өзінің сынып жетекшісі Надежда Ивановна отырған еді. Ол Светаға разы болып, қызу қол шапалақтады.

Залда отырғандар да ду қол шапалақтап, оған қошемет көрсетіп жатты. Света шаттанған сезіммен өз орнына келіп отырды. Оның артынан оның сыныптасы Аня сахнаға көтерілді. Аняның оқыған өлеңдері Светанікіне қарағанда сүрексіздеу болып көрінді. Залда отырған көрермендер оны қолпаштай қоймады. Айналасында отырғандар Светаға тұс-тұстан айқайлад:

– Жарайсың, Света. Тағы да оқышы! Тамаша! – деп ыстық ықыластарын білдіріп жатты.

Залда әндер айтылып, өлең жолдары оқылып жатты. Кейбіреулер сыйбызығыда ойнады. Бәрі аяқталған соң жиналғандар бәйгенің қорытындысының тағатсыздана күтіп отырды. Қорытынды он бес минуттық үзілістен кейін жарияланатын болғандықтан, залда отырғандар бір-бірімен өзара сұхбатасып отырды. Көп өтпей-ақ бәйгені жүргізуші сахнаға шықты да, бәйгенің қорытындылары туралы салтанатты тұрде жария етті. Жүлдегерлер арасынан өзінің фамилиясын естігенде, Света қуаныштан орнынан секіріп кете жаздады. Сөйтіп, ол балалардың шағын тобымен бірге сахнаға көтерілді. Оған әдемі гүл шоғын, марапаттау қағазын, белінен қызыл лентамен әдемі етіп байланған үлкен қораптыв табыс етті. Бұл – оның алған жүлдесі. Қыз көрермендер отырған жаққа қарады. Залдағылардың арасынан өзіне мактанашибен күлімсірей қарап отырған сынып жетекшісі Надежда Ивановнаны, көршілес партада қуана қол шапалақтап отырған өзінің парталас қөршісі Сашаны, өзіне мұная қарап отырған Аняны көрді. Света оған қарап күлімсіреп қойды.

Япыр-ау! Залдың түпкірінде Светаға ойлы көзбен қарап отырған кім болды екен? Қыздың қолдары дірілдеп кетті. Ата-аналардың қасында отырып, қызына қарап отырған оның мамасы екен. Света мамасын бәйгеге шақырмаған еді. Ол қашан келген? Көрші әйел мамасын қызының женісімен құттықтаған еді, ол жай фана бас изеп, ізет білдірді. Шешесінің өзіне ойлы көзбен қарағанына шыдай алмай, Света сахнадан жүгіріп түсіп, киім шешінетін орынға барды да, киімін кие салып, үйіне қарай зыга жөнелді. Не істeu керек? Қайда барса екен? Ол осы бойда әжесінің үйіне келді. Света ол кісінің өзін түсініп, не істeu керектігіне ақыл беретініне сенімі мол еді.

Әжесі Светаны әрқашан қуана қарсы алатын. Бүгін де солай болды. Мамасы оған бүгін Светаның мектебінде шығармашылық бәйге болатынын айтқан-ды. Әжесі Света қатысқан бәйге қорытындысы қалай болғанын білгісі келіп ынтықты. Света үстелдің үстіне алған жүлделері – қызыл лентамен байланған қорапты, марапаттау қағазын және бір шоқ ғулді ұнсіз қоя салды да, салы суға кеткен бойы орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Әжесі қуанғандығы сонша, алғашында немересінің көңіл-күйінің қандай екенін байқай қойған жоқ. Кезіне көзілдірігін киді де, қағаздағы жазылған сөздерді дауыстап оқи бастады: «Бәйгенің женімпазы Света Степановна өзі жазып шығарған өлеңдері үшін марапатталып, құрметті жүлдеге ие болды». Бұл сөздерден кейін берілген жылы, айы, күні жазыльпты. Оның астына қазылар алқасы мүшелерінің қолдары қойылған. Әжесі қуанғаннан қолын шапалақтап жіберді:

– Немерем-ау, сен де өлең жазатын болғансың ба? Мамаңа тартқан екенсің. Ол да өлең жазумен өуестенетін-ді. Кейде мен үйқыдан ояна кетсем, осы үстелдің жанында отырып, ойланып-толғанып, өлең жазып отыратын ол да. Оның өлеңдерін Құдайға сиыну жиындарында біздің жастар оқитын. Сен енді оның жолын қуып, оның ісін одан әрі жалғастыратын болдың фой. Құдайға шүкір!

Светаның көзінен парлаған жас бетін жуып кеткенін көріп, әжесі таңданып қалды.

– Не болды саған, балам. Біреу ренжітті ме?

Света отырған орындығынан атып түрді да, әжесінің тізесіне басын қойып, отырып, жылағанын одан әрі үдете түсти.

– Әже, мен енді қалай өмір сүремін. Үйге не бетіммен барамын? Не істедім мен? Енді мектепке де бармаймын!

Әжесіне болған жайдын барлығын тәптіштеп түсіндіруге тұра келді. Ол немересіне басу айтып үлгермеді. Есік ашылып, бөлмеге Светаның мамасы кіріп келді. Света шешесінің ашулы жүзіне қарап, ол өзін жер-жебіріне жете үрсады фой деп күткен еді. Бірақ олай болмады. Мамасы салқынқандылық танытып, байсалды қалыпта отырды. Ол бала кезінен-ақ өзінің қуанышын да, күйінішін де Күтқарушымен бөлісіп, бәрін жасырмай айтуға машықтанған-ды. Қызына да солай істеуге кеңес берді. Мамасының өзі мектептен осында келе жатып, жол бойы Құдайға сиынып, Одан қызының жан дүниесін түсіне білуге көмектесе гөр! – деп дүға-тілек білдірген-ді.

Света мамасына қарай жүрді.

– Маматай, сүйіктім менің, кешір мені! Мен кінәлімін. Енді не істесем еken, мама?

– Жарайды, мен кешірдім. Алайда сен Жаратушыдан кешірім сұраған жоқсың. Оны сен менен бетер ренжіттің емес пе? Мектеп саҳнасында тұрып, өзінің әрбір сөзінмен оның бетіне үрғандай болдың. Сен оны қатты ренжіттің. Ол сені жанында жақсы көретінін білесің фой! Оған жалғыз өзін бар. Біз сені осы жерде тоса тұрамыз.

Мамасы Светаға көрші бөлмені мегзеді. Онда кіріп бара жатып, қызы мамасының сөздерін еске алды. Оның әрбір сөзі жанында жатталып қалған сияқты болды. Ол көз алдына жапа шеккен, үстібасы жарақаттанған Исаны елестетуге тырысты. Көзінен жасы аға отырып, оған жүгінді.

Жаратушы Светаның жан жүргімен толғанып тәуба етіп, күнәсінен бас тартып, дүға істегенін тыңдал түрғандай әсер етті. Света бұрын-сонды дүға істеп, сиынып жүрген кездерінде дәл бүгінгідей, Жаратушының әсерін өз жанында түрғандай сезінген емес-ті. Көрші бөлмеде отырған мамасы мен әжесі де «Светаның дүғасы қабыл болса еken» деп тілек айтып отырған-ды. Жаратушы олардың барлығының да дүға-тілектерін естіді.

Сиынып болған соң Светаның жан дүниесінің тебіреніп, әсерленген сондай, ол өзінің өмірінде алғаш рет өлең жазды. Бұл өлең жолдарын ол өзінің Жаратушысына арнады. Бұл жолдар жатық болмағанымен, шын жүрекten шыққан тылсым сезім сырлары еді. Оның шығармасы әжесі мен мамасына қатты ұнады. Света өзінің тырнақалды өлеңі Ісаға да ұнағанына сенімі нық,

Сол кеште Света Аняның үйіне барды. Ол сыныптасына лентасы әлі шешілмеген сыйлықты ұсынып, одан кешірім сұрады.

— Мен өлеңді жаңадан ғана жазып жүр едім. Сенің өлеңдерің менікінен әлдекайда жақсы. Бәйгеде оқығаным мамамның өлеңдері еді. Маған ренжімеші!

— Аня оның бұл қылышын түсінді.

— Егер басқалары сенімен достасқысы келмесе, мен олай етпеймін. Сені бөлек тастамаймын, — деді Аня ағынан жарылып.

Света сыныпта досының бұл сөздеріне дән риза болды. Надежда Ивановна Светаның бар шындықты жасырмай айтқанына риза болды. Бірақ бұл туралы сыныптағы балаларға айтудың қажеті жоқ екендігін ескертті.

— Маған сенің өзінің жазған өлеңдерің қатты ұнады. Сенің бұл өлеңіңдің әрбір жолдары Құдайға деген шексіз сүйіспеншілікке толы екен. Келесі жолы өтетін шығармашылық бәйгеге тағы да өлең жазуға тырыс. Сенің қолыңдан өлең жазу келеріне күмәнім жоқ. Сыныптағы балаларға болған жайды айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Олар сені дұрыс түсінбеуі мүмкін. Мен осы жайдан қорытынды жасап, қателігінді түсінгеніңе қуанамын.

Светаның өмірінде мұндай шығармашылық бәйгелер көп болды. Женіс тұғырынына көтерілген күндері де, женілген сәттері де аз болған жоқ. Ең бастысы, осыдан кейін өзінің жаңын пида етіп, адамдар өмірін сақтап қалған Иса Тәнірғе деген сүйіспеншілігі арта түсті. Светаның Исаға арналған өлеңдер жинағын оқыған болсаныз, оның Жаратушыға деген сезімдері қандай екендігіне көзіңіз жетер еді. Бұл кітапты тамаша туынды дерсін.

## ҚАУЫШҚАН ОТБАСЫ

Бөлмеде тағы да бір нәрсенің қоңырсыған иісі шығады. Шешесі шашы үйпа-түйпа болып, үстіндегі кір-кір халатымен жиналған төсектің үстіне шығып, үйіктап жатыр екен. Берік ақырын басып, бөлмеге енді. Бір нәрсенің шуын естісе, мамасы оянып кетуі мүмкін. Ол оянса, ұлының халі мүшкіл болары сөзсіз. Еденде сөндірілмеген темекі түқылдары шашылып жатыр. Берік оның бәрін сыптырып, жинады да, қоқыс салатын шелекке салды. Кеше ғана еденді тазалап, жуған

еді. Кеше шешесі көнілденіп отырып, бұдан былай ешқашан арақ ішпейтіндігін айтып, ант су ішкен. «Арак ішкенше он жасар ұлымға қарап, қамқорлық көрсетемін» деп те уәде берген еді. Берік жылап жіберді. Не істеге керек? Қалай өмір сүремін? Әрине, мамасын да аяйды. Бірақ көршілердің алдында оның қылыштары үшін бетін басып, үлады. Бала қолын жуып, киімдерін ауыстырды да, үсті жиналмаған үстел жанына келіп отырды. Қарны ашқаннан өзегі талып барады. Бос шөлмектер, күлімсі іісі аңқыған стакандар, жапырақтаң үзілген нан қиқымдары, бос консервілер, суға пісірілген картопты көргенде баланың жүрегі айнып, құсқысы келді.

Берік бір кезде әкесімен бірге тұрганда мамасының пісіретін дәмді көжесін, сорпасын ішкісі келіп аңсады. Сол бір бақытты кездерді есіне алғып, жаны жабырқап қалды. Жаз айларының жайлы кештерінде үшеуі бірге қалалық демалыс паркіне, киноға баратын. Балмұздак жейтін. Ата-анасы мерекелерде Берікке түрлі сыйлықтарды тарту етіп, тәтті конфеттер сатып әперетін. Кейін келе папасы жұмыстан кешігіп келетін болды. Мамасы болса көзінің жасын Беріктен жасырып, егіліп жылап отыратын. Тұннің бір уағында олардың кергілесіп, үрсысып жатқан дауыстарынан оянып кететін. Сонда Берік олардың не себептен жанжалдасатынын түсінбейтін. Бірде папасы үйден мүлде кетіп қалды. Мамасы оған папасының басқа отбасы бар екендігін, бұдан былай ол сонда тұратындығын айтты. Қазір олардың басқа қыздары мен үлдары бар. Олар әкесінің туған балалары болмаса да, оған туған әкесіндей бауыр басып кеткен. Сол кезде Берік өз бөлмесінде бір бұрышқа бұрісіп отырып, қайғыдан ішкүса болып, жылайтын. Папасы басқа балаларға неліктен кетіп қалды екен? Беріктің олардан қай жері кем? Ол – тілалғыш. Бірінші сыныпты кілен беспен аяқтады. Эй, папа, сен неліктен мамамды тастап кеттің екен?

Мамам өте мейірбанды әрі сұлу жан. Бәрінен де жанына бататыны әкесі Берікпен қоштаспай кетті емес пе? Содан бері мамасы жұмыстан әрқашан қабағы қатыңқы, көнілсіз болып оралып жүр. Үстелдің үстіне арағы бар шөлмекті қойып, қырлы стаканға құйып, сіміріп алатаңды шығарды. Берік оның бұл қылышынан жаны түршіге корқатын.

Аракқа қызып алған соң ол Беріктің шашын сипап отырып:

– Қорықпа, ұлым, мен жүреғімдегі қайғымды ұмытайын деп ішіп журмін арақты. Сенің әкенді қатты сағынамын, – дейтін ақталған болып.

Әрине, Берік мамасын түсінетін. Өзі де әкесін сағына күтіп жүреді. Түсінде әкесін көрген тұні осындай тәтті түстердің оянған соң бітіп қалғанына қатты налитын. Кейін келе мамасы арақ ішпесе үйіктай алмайтын болды. Ұсақ-түйек жайларға бола күйіп-пісіп, осылайша қаны қарайып отырғанда қолына түсіп қалса, Берікті қатты сабайтын болды. Осындай күндері Берік мамасын жегідей жек көріп кететін. Әкеме қашып кетсем ғой деп армандайтын. Бірақ оны қайдан тапсын? Берік өзінің ешкімге керек еместігін ойласа, жаны құлазып сала беретін. Таңертенгісін мастығы тарқап, оянған шешесі Беріктен кешірім сұрап бәйек болады. «Бұдан былай арақ ішпеймін» деп ант су іshedі. Бірақ бәрі бір сол бұрынғы әдетін қайтадан қайталай береді.

Міне, бұғін де солай болды. Берік салқын консервінің қалдығын жеді де, сабағын оқуға кірісті. Ол математика сабағын ақсатып алғанды. Соның орнын толтырмаса болмайды. Үш тұн бойына жақсы үйіктай алмай, мектепке үйқысы қанбай барған ол, тақтаға шыққанда мardымды жауап бере алмаған-ды. Тоқсан аяғындағы қорытындыға «үштік» шығып қалмаса жарап еді. Бала оку үлгерімін нашарлатқысы келмеді. Ол сабакты жақсы оқып, өскенде үшқыш болуды армандайды. Берік өзінің балалық қиялында жарқыраған әдемі үшаққа отырып, аспанның үшар биігіне көтеріліп, осы қаладан алысқа самғай үшып кетсем деп армандайды. Оның үшағының айналасында үлпілдек, қазбауыр бүлттар қалқып жүреді. Сол бүлттардың арасынан мүмкін күмістей жарқыраған жұлдыздарды көрсем деп те қиялдайтын. Егер мамасы келіссе, оны да өзімен бірге алып үшпақ. Сөйтіп, олар бұл қаладан алыс жерге үшып кетеді. Мүмкін сонда мамасы папасын ойлауын, арақ ішүін қоятын болар. Өстіп жүргенде ол әлде бір қаһармандық ерлік ісімен көзге түсіп, оның бұл ісі туралы газеттерде мақала жарияланады. Газет бетіне үшқыш формасын киген Беріктің әдемі суреті басылады. Сонда әкесі баласы туралы естіп, билетін болар. Содан кейін әкесі мамасы екеуінен кешірім сұрайды. Бөтен қыздар мен балаларды өз үйлерінде қалдырып, бізге қайтып оралады. Мамасынан кешірім өтініп, оған гүл шоғын сыйлайды. Ал Берікке балмұздак сатып әпереді. Берік те әкесінің қылықтарын кешіріп, оны да көгілдір үшакқа отырғызып, өзінің балалық арманындағы тамаша қалаға бірге алып кетеді. Ол жерде бақытты жанұя алансыз өмір сүретін болады.

Үстелдің үстін жинастырып жүріп, Берік осындай қиял еркіне беріліп, арман көгінде қалықтағандай болды. Енді көшеге барып, ойнап келуге болады. Ал мамам үйықтай берсін. Бала үстіне күртесін киіп, енді далаға шығайып деп тұрғанда, есіктің қоңырауы шыр ете қалды. Есікті ашқан еді, ар жағынан өзінің сынып жетекшісі Айша апай, тұрі қатаңдау көрінетін бір бөгде әйел, жақсы киініп алған екі ер адам үйге кірді. Айша апай:

– Берік, біз сендердің үйлеріңе бір жұмыспен келдік. Мамаң үйде ме?

– Үйде, – деп жауап берді Берік.

Осы жерде мамасының қандай қүйде екендігі есіне тұсті де, үялғанынан жерге кіре жаздады. Берік осы кезде:

– Мамам шамалы науқастанып қалған еді. Қазір үйықтап жатыр. Ол кісіні қазір мазалауға болмайды. Ертең келініздер, – деді мінгірлеп.

Қонақтар дағдарып, бір-біріне қарасты. Дәл осы мезетте төргі бөлмeden масаң тартқан шешесінің қарлықкан дауысы естілді.

– Не болды, үлым? Сен қайдасың, антүрган!?

Сөйткенше болмай, жаңағы келгендердің қасына шешесі жетіп келді. Оның тұрі адам қөргісіз еді: үйпа-түйпа, таралмаған шашы жалаңаш иықтарын жауып тұр. Қыртысталған кір халаты алқа-салқа. Көнектей болып ісіп кеткен көздерін ажырайтып, келгендерге сүзіле қарайды.

– Сендер кім боласындар? Сендерге не керек? – деп айқай салды ол.

Бала әрі үялғаннан, әрі қорыққаннан Айша апайдың иығына басын қойып тұрып, жылап жіберді. Мұғалім баланы жұбатқан болды. Содан кейін қасындағыларға бір нәрсені айтты да, Берікпен бірге далаға шығып кетті. Шешесі олардың артынан аузына келген боктық сөздерін ашып, қөргендеріне таң тамаша қалысты. Шешесінің бүл қылышы Беріктің еңсесін түсіріп, жанына батты.

– Берік, жүр біздің үйге, – деді Айша апай, – бүгін біздің үйде боласың. Мениң сенде жұмысым бар еді. Жүр, кеттік! Екеуміз математика пәнімен шүғылданамыз.

– Жок, бара алмаймын. Шешемді қалай жалғыз тастанап кетемін? Ана адамдар кімдер?

– Біздің үйге жүрсөңші. Сонда саған бар жайды айттып, түсіндіремін.

– Жақсы. Барсам барайын...

Ол Беріктің келіскеніне қуанғаны сондай, оның бетінен сүйіп алды.

– Ақылдым менің! Мені осы жерде тоса тұр. Сенің портфеліңе барып келейін. Ертең мектепке бірге барамыз. Мен жалғыз барып келейін. Әйтпесе сені жібермей қоюы мүмкін. Мамаңа мен бәрін түсіндіремін.

Трамвайға отырып, Айша апайдың үйіне келе жатқанда, Берік мамасын ойлап отырды. Олардың үйлеріне келген адамдар кім болды екен деген сұрақ қөкейінен кетпей қойды. Бірақ мұғалімі еш ренішсіз өзіне қарап мейіріммен күлімдеп қойып, байсалды күйде отыр.

Айша апайдың ақжарқын мінезді күйеуі, кішкентай екі қызы бар екен. Бұлдіршіндер алғашында балаға тосырқай қараганымен, бойлары үрнене келе, оның қасынан айналышықтан, шықпай қойды. Өздерінің салған суреттерін әкеліп көрсетті. Айша апай өз үйінде өте қарапайым көрінеді екен. Ал мектепте өзін мұлде басқаша ұстайды. Ол үстел жайып, оған дастархан мәзірін қойды да, Берікті ас ішуге шақырды. Оның алдына тарелка толы қаймақ қосылған сорпа қойды. Тағамның жағымды іісінен Беріктің басы айналғандай болды. Көженің дәмді болғандығы сондай, ол қосымша тарелкадан бас тарта алмады. Самсамен шай ішіп отырған кезде өзінің туған күнін тойлағаны есіне түсті. Бұдан соң Берік Айша апаймен бірге отырып, математика сабағына дайындалды. Бағанағы әңгімені мұғалімі кейінге калдырды. Берік ванна бөлмесіне барып жуынды да, ақ шаңқандай төсекке барып жатты. Бала өзін ертегі әлеміндегідей сезінді. Айша апай Беріктің көрпесін қымтап жапты да, төсек жанындағы орындыққа келіп жайғасты.

– Берік, саған қазіргі кезде өте қыын тиіп жургенін түсінемін. Сенің мамаң ауыр науқас. Оны жедел тұрде маскунемдікten емдел, көмектесу керек. Берік, сен кәдімгідей ересек баласың фой! Түсінуге тиіссің. Мен сенің мамаңның жақсы адам, қайырымды жан екенін жақсы білемін. Сен де оны жақсы көресің. Солай емес пе?

– Бағанағы кісілер осының бәрін қайдан білген? Мен оларды бұрын-сонды көрген емеспін.

– Ол кісілер сенің маманың жұмысынан келді. Бұл үшін сен алаң болма! Сен маманды тосасың ба?

– Әрине. Мен үйде жалғыз өзім-ақ бола аламын. Мен үйді де жинай аламын, тамақ та пісіремін.

– Сенің атаң, әжең және басқа да туыстарың бар ма?

– Бар. Бірақ олар өте алыста – солтүстікте тұрады. Менің мамам да сол жақтан. Папам әскер қатарындағы қызметін өтеген соң, мамамды осында алыш келген. Олар алғаш кездескенде менің папам солдат болған екен.

– Бәрі түсінікті.

Айша апай сәл ойланып қалды. Біраздан соң тағы да сөйлеп кетті:

– Берік, сені үйіңе жағызы өзінді жіберуге болмайды. Біздің сені жағызы жіберуге құқымыз жоқ. Түсінесің бе? Мен күйеуіммен сөйлесіп көрейін. Меніңше, ол сенің біздің үйде қалғаныңа қарсы болмайтын сияқты. Сен өзің қарсы емессің бе?

...Сөйтіп, Берік Айша апайдың үйінде қалды. Бұл үйде оның жағдайы жақсы болды. Ұстазының күйеуі Берікке жақсы қарады. Кішкентай екі қызы оның мектептен келгенін асыға күтіп жүрді. Бала да бал бөбектерге бауыр басып кетті. Айша апай Беріктің үйінен оның керек заттарын алыш келді. Берікке өзінің жақын туысқаныңдай жақсы қарады. Баланың үсті мұнгатздай таза болып жүретін. Мектептегі сабак үлгірімі де жақсарды. Бірақ бала мамасын қатты сағынып жүрді. Жалғыз қалғанда жастығына басын сұғып алыш, көзінің жасын сыйымдап алатын. Айша апай оның жан дүниесін жақсы түсінетін. Әрдайым жұбатып, алдағы уақытта бәрі жақсы болатындығын, мамасы үйге оралғанда қайтадан жаңа өмір басталып, жақсы болып кететіндерін айтып, көңілін көтеріп, жұбатуға тырысатын. Біраз уақыттан соң ауруханада жатқан мамасынан хат алды. Ол баласынан кешірім сұрап, оны жанында жақсы көретіндігін жазып, ыстық ықыласқа толы сәлемдерін жолдаған екен. Бала осы бір жылды сөздерге сенгісі келді.

Мамасының үйден кеткеніне бір ай уақыт болды. Дөрігерлер Айша апайға емді біраз үзарту керектігі жайлы хабарлап, хат жазыпты.

Демалыс күні еді. Берік кішкентай қыздармен аулада серуендең жүрген-ді. Айша апай асуіде тамақ әзірлең, оның күйеуі өзінің шеберханасында өз ісімен шұғылданып жатқан. Бұл қоктемнің жайма шуақ күндерінің бірі еді. Каникул күндері де жақындаш қалған. Қоктемнің шуақты сөүлесінен еріген қар суы сай-салада сарқырап ағуда. Берік аулада жатқан азғана қардан қыздарға ақшақардың мүсінін жасап беруге кіріскең-ді. Енді оның көздері мен аузының кескіндерін келістіргені ғана қалған еді. Осы сәт Берік өзіне біреудің ту сыртынан

тесіле қарап тұрғанын сезгендей болды. Жалт қарса, жаңында ұзын бойлы, арықша келген ер адам түр. Оның бүйра келген қара шашы жөл екпінімен желбір қағады. Қапсағай денесіне құнгірт түсті күрте киіп алышты. Берік тіксініп қалды. Осы адамның түсі өзіне өте таныс көрінеді. Біраздан соң өзіне байыппен қарап тұрған әкесінің қоңыр көздерін жазбай таныды. Оның көздерінде мұн бар сияқты. Берік колында еріп бара жатқан қарды ұстаған бойы қалшишп тұрды да қалды. Әкесі оны көтеріп алыш, құшағына қысып алды. Бала да әкесінің шаштарынан тәмен қарай сорғалаған әкесінің көз жасын байқады. Әкесі ағыл-тегіл болып жылап түр екен. Бала да әкесінің мойнынан құшақтап алыш, еніреп жылап жіберді.

– Папа, қайта оралдың ба? Сен енді қайтадан кетпейсің бе? Мамамның жағдайы қыын. Мен жалғыз қалдым. Кетпеші, папа! Мен өте тіл алғышын. Мен үшқыш боламын. Жап-жақсы болыш кетеміз алі!

Берік ауыз жаппастан сөйлей берді. Көзінен аққан жас та тыылар емес.

Ол әкесін өзімен бірге қалуды өтініп, сөйлей берді. Аулада жүрген көршілер оларға аң-таң болып қарап қалышты. Айша апайдың қыздары бөтен ағайдың Берікті көтеріп алғанына қорқып, жылап жүр.

Айша апай Беріктің әкесімен сөйлесті де, оған пәтерлерінің кілтін ұсынды. Ол әкесі мен баласын табалдырыққа дейін шығарып салды. Жол бойы олар тіс жарып сөйлеспестен, үнсіз келе жатты. Қол ұстасып келе жатып, бірін-бірі қайтадан жоғалтып алмауға тырысқан адамдарша анда-санда бір-бірінің беттеріне қарап қояды. Пәтердің іші астан-кестең болыш, шашылып жатқан еді. Әкесі мен баласы үйді жинастырды. Кешкі асқа жорық сорпасын пісіріп ішті. Берік мұндай дәмді сорпаны бұрын-сонды ішіп қөрген емес-ти.

– Ұлым-ау, кәп-кәдімгідей ер жетіп қалыпсыңғой! Басыңнан талай қиындықтар өтті. Соның бәріне де мен кінәлімін. Сенің, мамаңың алдында кінәлімін. Мен осы үйден кетпегендеге бәрі бұрынғыдай жақсы болатын еді. Мені кешіресің бе, жоқ па? Қалай болғанда да, айтқандарымның бәрін зер салыштындалап ал!

Берік папасының бетіне қарады. Бәрін былай қойғанда, папам тағы да кетіп қалмаса екен деп күдіктенді. Әкесі болса, өзінің сөзін одан әрі жалғастыра түсті.

– Сендерді тастап, басқа отбасына кеттім. Солармен бірге алыс қалалардың біріне қоныс аудардым. Олармен бірге ұзак түрған жоқпын. Кетіп қалдым. Сендерді сағынып жүрдім. Қайта оралуға намыстаныш, ұялдым. Мен көп жұмыс істедім. Сендерге де ақша салып түрдым. Мамаң мені әрдайым қайтып кел деп шақыратын. Мен болсам, қайтып келгенде бұрынғыдан бакытты өмір сүре алмаспзы деп күдіктендім. Осылайша өмір етіп жатты. Мен тағдыр тәлкегіне түсіп, біресе анда, біресе мұнда жүріп жаттым. Бірде жұмыс орнымдағы бір жас жігітпен таныстым. Алғашында ол жігіттің сөздерін жұмыстағылар әжуаға айналдырып жүрді. Кейін келе оның қағілез, адад да шыншыл екендігіне бәріміздің көзіміз жетті. Ол отырған жерінде Құдай туралы, бізді күнөға батыратын қылықтарымыз, іс-амалдарымыз жайлы айтып жүрді. Құдайдың біздің қалай өмір сүргенімізді қалайтындығы туралы да сөз сабактайтын. Мен оның айтқан әңгімелерін асқан ыждағаттылықпен тындаіттынмын. Иса туралы көптеген кітаптарды оқыдым. Сен Құдай туралы естіп пе едің, үлым?

– Теледидардан көргенмін.

– Мен Құдай бар екендігіне, Исаңың әлі тірі екендігіне көміл сенемін, түсінесің бе? Мен мәсіхшілердің Құдайға сиыну жиналысына барғанмын. Сенуші адамдардың өмірі тамаша. Бірде мен Құдайға құлшылық етіп, сиынып түрған кезімде өзімнің күнәшар, мейірімсіз, жаман адам екендігімді мойныма алып, өзімнің күнәмнан бас тартып, Құдайдан өзім үшін, мамаң үшін, сен үшін кешірім өтіндім. Ол кешірді мені. Содан бері менің өмірім өзгеріп сала берді. Қазіргі кезде мен өзімді шексіз бақыттымын деп санаймын. Сендер де бақыт құшағында болса еken деймін. Ендігі жерде бәріміз бірге боламыз. Құдай бізге батасын беріп, мамаң да көмектеседі, оны қазіргі бақытсыздық жағдайдан құтқарады деп сенемін. Сен де мені барлық істеген жамандықтарым үшін кешіре гөр!

Берік папасының Құдай туралы айтқандарын жақсы түсіне қоймаса да, оның айтқандарына қалтықсыз сенді. Папасын құшақтап алған бойда енкілден жылап отырып:

– Мен сені кешірдім, папатайым! Сенің қайтып оралғаның жақсы болды. Біз сені сағына күтіп жүрдік.

Әкесі баласының басынан сипап отырып, ақырын дауыспен Құдайға сиыншы отырды. Берік болса: «Жаратушы неткен мейірбанды еді, менің папамды өзіме қайырды» деп мәз-мейрам.

– Балам, мен мамана барып қайттым. Біз татуласып алдық. Ең алдымен мен оны іздел жүріп, тауып алдым. Ол саған дүғай-дүғай сәлем айтып, бетіңен өзі үшін құшырлана суюмді өтінді. Жақында барып маманды үйге алып келеміз. Енді мен Құдайға сиыншы, осы басымнан өткендердің бәрін баян етіп, кешірім өтінейін. Біздің қайтадан қауышып, бақытты от басын сақтап қалғанымызға көмектескені үшін шексіз алғысымды білдірейін. Сен де менің жаңымда бол!

Берік әкесінің тізерлеп отырып, Құдайға сиынғанын, кешірім өтінгенін, шын жүректен шыққан алғыс сезімдерін жолдағанын өз көзімен көрді. Әкесі Жаратушының алдында тізерлеген күйі, қазір шекеіз бақытқа кенелгендігін айта отырып, кішкене балаға үқсан, көзінен моншақтап төгілген жасын қолымен сүртіп тастап, ұзак сиынды. Бұдан кейін ол Берік, мамасы, Айша апай және оның туғантұыскандары үшін дүға-тілектерін бағыштап, Исафа сиынды. Берік те әкесіне үқсан сиынғысы келді:

– Рахмет саған, Жаратушым! Сен өте мейірімдісің! – деді дауысын қатты шығарып.

Берік папасы екеуі ауруханаға келгенде мамасы киініп, оларды күтіп отыр екен. Әкесі оның қолындағы кішкентай сөмкесін иығына іліп алды да, үшеуі үйлеріне қарай бет алды.

Бұл оқиғаның болғанына көп уақыт өткен жоқ. Сиыну үйінің кафедрасының алдында Құдай туралы уағыз айтып түрған ұзын бойлы арықша келген адамға қарап, оның Құдайға жүргініп, Исаны өз Құтқарушым деп қабылдағанына әз уақыт болды дегенге сене қою өсте қиын. Беріктің папасы Құдайдың асқаралы сүйіспеншілігі, кешірімділігі жайлы жұрт арасында уағыздар жүргізеді. Ол бар ниетімен уағыз айтқан кезде залда отырғандар арасындағы өз күнәларынан бас тартып, Құдай алдында тәуба етіп жүргендердің көздерінен еріксіз жас парлайды. Мәсіхшілер жексенбілік мектепте сабак беріп жүрген Беріктің мамасын қатты сыйлайды. Берік болса Айша апайдың үйіне барып, оның кішкентай қыздарын ойнатып тұрады. Ол кәдуілгідей есейіп қалды. Берік бұрынғыдай үшқыш болуды армандалап, өзінің қиялына қанат бітірген аспан көгін шарлауды мақсат етуде. Мұмкін

оның нағыз үйі де сол бір ак мамық, қазбауыр бұлттардың аргы жағында болар.



## ИСАМЕН КЕЗДЕСУ

Жұлдыз әжесінің үйіне қонаққа келді. Әжей мұнтаздай таза киініп, жып-жинақы болып жүреді. Бүгін де солай. Ұсақ гүлді үшкіл орамалының сыртынан бурыл тартқан толқынды шаштары көрініп түр. «Сырлы қасықтың сыры кетсе де, сыны кетпейді», – дегендей, ол кісінің жасы үлғайып, бетін әжім басса да, реңді-ак. Сұлулығына мінезі сай, ақжарқын көнілді, мейірбанды адам.

Жұлдыз әжесінің алма қосып пісірген самсасын жеп, шай ішіп отырып, оның жүзіне сүйсіне қарады. Ас ішіп болған соң, әжесіне ыдыс-аяқ жуып, пеш жағуға көмектесті. Далада қаранғы түскен еді. Өрнектеп, кестелеген терезе пердесінен сүттей жарық ай сәулесі үйге түсіп түр. Пештің қасында мысық пырылға басып, үйиқтап жатыр. Оның аты – Аламысық. Бағана шай ішіп отырғанда үстелдің астынан үрланып келіп, Жұлдызың бір тілім самсасын ала қашқан. Сол қылышы үшін Жұлдыз одан өш алғысы келді. Мысықтың жанына келе бергені сол екен, үйге әжесі кіріп келді. Ол немересін бауырына басып, еркелете отырып, оның қал-жағдайын сұрады:

– Қалай тұрып жатырсындар? Өзінің жағдайың қалай? Айта отыр. Жұлдыз әжесінің қолтығының астына тығыла түсіп:

– Мәз емес, әже, кеше көршінің баласы менің қуыршағымды тартып алып, оның үстіндегі су жаңа көйлегін былғап таstadtы. Ол нағыз сотқар бала. Жазира менің үрмелі добымды алған еді, бір демде-ак жарып таstadtы.

Жұлдыз осылайша басынан өткен жайларды айтып, шағым жасап, біраз отырды. Біраздан соң тағы да сөз бастады:

– Әже, егер Қайратты көрсөн, оған амандаусы болма! Ол өзінің қолындағы добымен менің басымнан тарс еткізіп үрып жіберген. «Абайсызда тиіп кетті», – дейді ақталған болып. Ол да бір жексүрүн бала.

Бұдан кейін Жұлдыз өзіне зәбір көрсеткен Еркежан, Асқар, Еркін деген балалар туралы да ызғарлы ашумен әңгімелеп, әжесін мезі етті.

– Байғұс қызым-ау, сені тыңдал отырсаң, сенің бірде-бір досың жоқ екен-ау. Сенімді досың болмағаны жаман ғой. Мұның басты себебі, сен Жаратушыны өлі танып, білмегенсін.

О не дегенін, әже, мен Исаны жақсы білемін. Ол ақырда туған. Судың үстімен жүрген. Оны Фолғотадағы айқышқа қол-аяғын керіп қойып, азаптап өлтіргенін, содан кейін оның кайтадан тірілгенін жақсы білемін.

Қымбаттым менің! Иса туралы көп білуге болады. Бірақ Исаның Өзін екінің бірі біле бермейді. Оны жақсы білетіндер ұсак-түйекке бола біреуге ренжіп, біреуді жазғырмайды. Құдай – сүйіспеншілік. Кім Құдайды білсе, сол барлық адамдарды жақсы көреді. Сен ғой маған өзіңнің таныс балаларынды іске жарағысыз етіп, жамандадың. Өзің қандайсың? Әрқашан мамаң мен папаңың айтқандарын бұлжытпай орындайсың ба? Өзің ешкімді ренжіткен жоқсың ба?

Жұлдыздың беті қысылғаннан ду етіп, қызарып кетті. Қатты үялғандығы сондай, мөлтілдеген көз жасын тоқтата алмай қалды. Сейтті де, әжесінің бетіне қарап: « Қалай етсем, қалай өмір сүрсем болады екен?» – деді.

Әжесі байсалды түрде оның не істеуі керектігін айттып, ақыл қосты.

– Әже, мен де Исаға жүгініп, өзімнің күнөмнан бас тартқым келеді. Исаның менің Құтқарушым, сенімді досым болғанын қалаймын!

Тізерлеп отырып, Жаратушы алдында істеген күнәлары үшін өкінетіндігін айттып, кешірім өтінген соң, Жұлдыздың жаны жай тауып, бойын шаттық биледі.


– О, Жаратқан Ием, – деді ол, – Сені тереңінен білсем деймін. Менің жүрегімнен берік орын алғанының қалаймын. Мен айналамдағы адамдардың барлығын жақсы көргім келеді!

Осыдан кейін Жұлдыздың мінезді де өзгеріп сала берді. Біресе қуанды, біресе қуанғаннан жылағысы келді. Сейтіп, әжесіне разы болып, оның мойнынан құшақтап алды.

– Рахмет саған, әжетай! Сенің арқаңда мен Изамен таныстым.

Терезеден үй ішіне айдың сөулесі молынан түсіп тұрды. Жұлдыз қол аяқтарын бауырына алып, пырылдап үйқытап жатқан мысығының үлпілдек жүнін еппен сипап қойды. Жұлдыз қазір үйге барған соң өзінің қырын қабақ, дүрдараз болып жүрген достарымен ғаттуласуға асықты.

## АРАЙ



Арай – өте күлегеш қыз. Оның жөн-жосықсыз күле беретіні бар. Әсіресе сабак үстінде отырып күлкісі келетін. Жанында отыратын Нұралының одан үй тапсырмасын апыл-ғұптың көшіріп жатқандағы дәп-дөңгелек беті, үстін секпіл басқан тәмпіш мұрны, сап-сары, ұзын кірпіктері, бақырайған көздеріне қарап қалай күлмеуге болады?! Ал қазір Нұралының түрі өзінің жириң күшігі Тузикке үқсан түр.

Ал көршілес партада Бақытгүл Оралова отыр. Бетіне сия жағып алыш, оны өзі байқамайды да. Оны көріп алыш Арай одан бетер қатты күліп жіберіп, мұғалімнен ескеरту алды.

Бірақ сонда да Арай тынышталмады, ол өзіне жақындау отыратын Темірлан Біржановтың алдындағы кітабының жанында жатқан қаламын көрмей, оны әбігер болып іздел отырғанына қарап, бақылаап отырды. Эй, Темірлан, Темірлан! Көзіне көзілдірік кисең болмас па еді?

Неліктен осы Бижамал апай Арайды бос күлегеш деп атайды? Өзі сондай үлкен, ақылды болса да, айналада болып жатқан қызықты жайларды байқамайтыны несі екен?

Міне, Арай деген қыз осындай. Осы дүниедегі еш нәрсе де оның көніл-күйін бұза алмайды. Және оның жылағанын көргендегер бірен-саран.

Бірде мұғалім сынып балаларынан сабак артынан қалуды өтінді. Онда маңызды жай туралы әңгіме болатынын айтты.

– Балалар, біздің мектептің оқушылары өздерінің үйлеріне жақын манда тұратын жалғызбасты карттарды қамқорлыққа алуға шешім қабылдады. Сендердің әрбіреулерінің үйлерінің жанында карт адамдар бар шығар. Сендер де кәп-кәдімгідей есейіп қалған балаларсындар. Қарттардың ұсақ-түйек жұмыстарына қолғабыс беруге шамаларың жетеді деп ойлаймын, солай емес пе? Дүкенге барып, керек заттарын әкеліп берсендегер, бау-бақшаларындағы шөп басқан атыздарын арам шөптерден тазартсандар, үйлерін жинап берсендегер қандай жақсы болар еді! Осы сыныпта оқитын балалар әрқайсың өздеріңің көмек көрсететін карттарды тауып алындар да, соның нәтижесін маған хабарландар. Егер ешкімді таба алмасаңдар,

оған қапа болмаңдар, достарына көмектесерсіңдер. Жарайды, ертең кездескенге дейін.

Арай сабактан соң үйіне қайтып келе жатып, кімді қамқорлыққа алып, көмектессөм еken деген ойға шомды. Мүмкін, олардың көшелерінде жалғыз өзі тұратын қарт әжейге көмектесу керек шығар? Арай сол әжейдің көше жақтағы орындықта жалғыз өзі отырғанын көруші еді. Әжейдің жасы үлғайған, көрі адам ғой, аяғы да ауыратын болар... Ол Арайдың көмегіне қалай қуаныш қалады десеңші! Арай дәл бүтін әжейге барып, онымен танысады деген шешімге келді.

Бибінүр әжей Арайды күтіп отырғандай бүтін де көше жақтағы орындықта отыр екен. Арай ол кісімен амандастып, екеуі бүрыннан-ақ таныс адамдардай шүйіркелесіп сөйлесіп кетті. Арай дүженге барып, нан алып келгеніше, Бибінүр апай тәтті карамель конфеттерімен шай қайнатып қойды.

Ертеңіне мектепке келгенде Арай барлығына мұғалімнің тапсырмасын күшті орындағанын әңгімелеп берді. Сабак бітісімен тағы да Бибінүр әжей күтіп отырған кішкентай, жайлы үйге қарай бет алды.

– Білесің бе, қызыым, бүтін маған достарым келіп көмектесіп кетті, енді маған көмектің қажеті жоқ. Бірақ сен ол үшін қам жеме. Менде бір қызықты да мазмұнды кітап бар, мен оны сондай жақсы көремін. Бірақ қазіргі кезде менің көзім нашар көретін болды, мүмкін сен маған кішкене оқып бересің?

Арай қуаныш кетті. Оқысақ, оқыық! Арай үстелдің үстінен үлкен ауыр кітапты қолына алды. Ескі мұқабасының сыртында алтындағы жалтылдаған, аздап өшіп қалған әріптермен «Киелі кітап» деп жазылып тұрды.

– Бибінүр әжей, сіз сонда сенуші болғаныңыз ба? Міне, керемет! Не оқып берейін сізге?

Әжей кітаптың өзіне жақсы таныс парастарын аударыстырып отырды. Сонын, бірнеше минуттан кейін Арай Мәриям мен Жебірейіл перште, кішкентай нәресте Иса мен зұлым патша Ирод туралы оқып отырды.

Арайдың мінезінің өзі сондай: болымсыз бір нәрселерге бола күле береді және оте сирек жылайды. Ал қазір неліктен екені белгісіз, кітаптың сарғыш тартқан беттеріне оның бірнеше мөлдір жастары тамшылады...

— Рахмет саған, Арай, сенің сабақ дайындастын уақытың жеткен болар, үйіңе барағой! Ертең тағы да келемін десең, қарсы емеспін. Сенің келгенің мен үшін үлкен қуаныш.

Ертеңінде Арай мектепте өмірінде бірінші рет салмақты әрі байсалды болып жүрді. Ол кешегі оқығандарының әсерінен арыла алмай, ой үстінде жүрді. Зұлым патшаның бұйрығымен опат болған кішкене бобектердің, әсіреке Исаңың қызын тағдыры үшін қатты қайғырды. Ах, сабақтар сондай ұзақ болып кетті! Қошениң ең шетіндегі кішкентай үйге тезірек жетсе!

Киелі кітаппен Арай осылайша таныса бастады. Қоپ өтпей-ак ол Исаңың өмірі туралы, оның Фолғотадағы айқыш ағашта айуандықпен жазаланғандығы, артынан керемет қайта тірілуі туралы да оқып, біліп, қоңіліне түйіп алды. Әжеймен бірге өткізген қызықты да мазмұнды кештердің бірінде Арай кішкентай жүрегін Исаға тапсырды. Мектепте де, үйде де барлығы оның жақсы жаққа өзгергенін байқады, әрине, қайта тірілген Иса әлі ешқашан да ешкімді жаман қылған емес. Білесіндер ме, балалар, бұдан кейін Бибінүр әжейдің үйіне Арайдың достары және олардың ата-аналары жиі-жиі келіп тұратын болды. Міне, осылайша Арайдың сыныптастарының жанында тұратын қарттарға қарағанда кішкентай, ескі, сүрғыш үйдегі Бибінүр әжейдің қамқоршылары көбейген үстінеге көбейе түсті.



## ҚҰСПАЗЫ БАЛАЛАР

Құс ұясын биіктеу жерге салған екен. Соған қарамастан Асан мен Бауыржан бірін-бірі жебей отырып, жап-жалтыр ағаш дініне өрмелеп барып, ұяға жетті. Кіп-кішкентай әрі әдемі құстың осында лып беріп кіріп кеткенін Асан өз көзімен көрген-ді. Мүмкін бүл құс балапан шығаруга дайындалып жүрген болар. Балалардың айтқандары айдай келді: үлпілдек мамық толы ұяда шұп-шұбар үш жұмыртқа жатыр екен. Үргашы құстың жаңа ғана орнынан шығып кеткені көрініп түр. Жұмыртқалар әлі жып-жылы күйінде.

— Ә-ә, міне, келді! Ананы қара! Бауыржан!

Әлгі құс балалардың бастарын айнала ұшып, жан дауысы шыға шикылдайды.

– Қорықпассаншы! Біз сенің жұмыртқаларыңды сындырмаймыз, балапандарыңды шығаруға саган көмек бергіміз келеді. Не жаныңа батып барады? Емін-еркін үшіп, шыбын-шіркей аулап, күнінді көре бермеймісін, – деді Асан, ол құс мұның сөздерін түсінетіндей-ақ, – біз балапандарыңды шығарып, жазда өзіңе дайын қойінде қайырып береміз.

Бейшара құс адамның тілін қайдан түсінсін? Тыным таппай шырылдап, балалардың басын шыр көбелек айналып, үшіп жүр. Балалар әлгі жұмыртқаларды еппен жинап алды да, Бауыржанның үйінің жанында тұрган сарайға алып кірді. Бұл жерде балапан шығару үшін бар жабдықтарды алдын ала дайындал қойған-ды. Балапандарға зақым келмеу үшін жұмыртқаларды салқыннатып алмау керек. Ішіне мақта толтырған қораптың үстіне үстел шамымен жылу берсе болғаны, бұлқұстың берер жылуынан да артық. Осының арқасында балапандар жұмыртқаның қауызын мерзімінен бұрын жарып шығуы ықтимал. Балалар тауып алған жұмыртқаларын мақта толы қораптың ішінде мүқият жайластырды да, оның қасында отырып, қиялға беріліп кетті. Біраз уақыт өткен соң Асан жұмыртқаны сипап көрді:

– О-о, деген-ай! Жұмыртқалар кәдімгідей жылжынып қалыпты.

Шамды біраз кейін жылжытыңқырап қойды. Жылу мөлшері аса жоғары болса, балапандарды қапелімде пісіріп алармыз!

– Асан, балапандар қауыз жарып шыққаннан кейін оларды немен гамақтандырамыз?

– Құрт-кумырсқа, шыбын-шіркей аз ба? Құдықтың қасына барып, масаларды аулаймыз да.

– Қандай тамаша! Өзіміздің балапандарымызды ойдағыдай етіп тәрбиелейтін боламыз. Цирктең көгершіндерді көріп пе едің? Бұл құстардың олардан қай жері кем?

– Айтарсың. Өйтеп берсөн олар басқа да жыл құстары сияқты ыстық жаққа үшқысы келмей қалатын шығар? Үшқылары келмесе үшпай-ақ қойсын! Пәтеріміздің ішінде үстармыз. Сөйтіп, қыстан шығар. Әларға арнап кең тор жасармыз.

– Құстар сенің үйінде де, біздің үйде де тұра алатындей етіп, екі тор жасағанымыз жөн.

Асан желкесін қасыды.

– Бауыржан, біз оларды қалай бөлеміз? Екеуміздің бірімізде бір құжалғыз қалады. Содан соң ол жалғызырап, зерігеді ғой. Кей ретте жалғызыдан ішкүса болып, кейбір құстар өліп қалатын көрінеді.

Бауыржан бұл жерде де сөз таба қойып:

– Ондай болса, екеуміздің үйімізге кезекпен апарайық. Сонда олар да зерікпейді, бізге де жақсы болады.

– Жарайды. Солай етейік онда!

Асан мен Бауыржан көптен бері дос болып келеді. Екеуі бірінің ойын бірі қабағынан тани білетін, татулығы жарасқан достар. Олар үстел шамын тағы да үяның жаңына әкелді. Балалар өздерінің болашак балапандарына қоятын аттарын ойластырып, тәтті қиялға берілді.

Кенет сарайдың есігі айқара ашылып, Бауыржанның өзінен үлкен апасы – Сара кіріп келді. Ол үн-түнсіз отырған екеуіне таңырқай қарады.

– Тапайдың талтусінде жарық жағып отырғандарыңа жол болсын. Тағы бірдене ойлап таптындар ма?

– Сенің жұмысың қанша? Өз ісімен шүғылдана бермейсің бе, – деп күнкү етті де, Бауыржан үяны қолымен қолегейлеп, жаба берді.

Сара болса болған жайдың анық-қанығына жеткісі келіп, ынтыға түсті.

Мақта салған қорапты көрген ол: «Мәссаған, безгелдек!» – деп санын соқты. Балалар қызға мақтаныш сезімімен қарап қалыпты.

– Ой, ақымақтар-ай! Не істегенсіндер, құс балапан шығарайын деген екен. Ал сендер...

Бұдан соң Сара екі балаға дүрсе коя берді. Құстың үясын бүзғандықтары, қатыгездіктері, ақылсыздықтары үшін олардың жережебіrine жетіп үрысты. Балалар өздерінің құпияларын еріксізден Сараға ашуларына тұра келді. Бар шындықты оған айта отырып, балапандарға, оның енелері – құстарға да көмектескісі келгендерін айттып, акталды.

– Сендер ақымақсындар. Бұл істі бастамас бұрын ересек адамдармен ақылдастып алмадындар ма? Тірі жан атаулының барлығын да Құдайдың Өзі даналықпен жаратқан. Құстар белгілі бір уақыт бойына өздерінің жұмыртқаларын басып, жылытып отырады. Анда-санда жұмыртқаларды бір бүйірінен екінші бүйіріне алма-кезек аударыстырады. Осында жағдайда жұмыртқалардың ішінде жатып, балапандардың өсіп-жетілуіне қажетті жылылық температурасының

мөлшері де сол жұмыртқаларын басып жатқан құстардың бойындағы жылылық мөлшеріндегі болуы керек. Олай болмағанда қауыздың ішіндегі шәжелер тұншығып немесе суықсырап қалуы мүмкін.

– Балапан шығаратын инкубаторлар қалай жұмыс істейді сонда?

– Инкубаторларды ғалымдар ойлап шығарған. Осынау күрделі қондырғыларды құстардың бойындағы жылулық температурамен дәлме-дәл етіп құрастырған.

Сараның айткандарын тыңдал болған соң балалар қателіктерін түсініп, қапа болды. Білместіктерінің салдарынан бейқүнә балапандарды жазым еткендерін ойлап, қатты өкінді. Уядан жұмыртқаларын алыш жатқанда, болашақ балапандардың енесі жанұшыра мазасызданып, төбелерінде айнала ұшып жүргенін естеріне түсірісті. Қайғырып, ұнжырғалары түскен балаларға Сара басу айтты.

Содан бері Асан мен Бауыржан әркез Құдайға сиынған кездерінде адамның қанатты достары – құстар үшін және олардың балапандары үшін сиынып жүрді. Құстарға қиянат жасауын қойып, қайта оларға қамқорлық көрсететін болды. Біздің бақтағы құстар санының көбейген үстіне көбейе түсуінің де себебі содан болар.

## АР-ҰЯТ



Несерлете жауған жаңбырдан соң күн шайдай ашылды. Сай-салалардан сарқырап акқан жаңбыр сулары ойпаң жерлерге жиналып қалышты. Кәдімгі көл сияқты, көл-көсір болыш, көсліліп жатқан шалшық сулардың төгеуіріндегі толқындарын майда қоныр жел лебі жағалауларға ығыстыра айдайды. «Мына судың тереңдігі қандай екен? – деп оймен Самат шалшық суды кешіп келе жатқан. Судың орта тұсына жете бергенде аяғындағы резенке өтігінің іші суға лық толды. – Жок! Бұдан әрі журе бергенім болмас, кейін қайту керек», – деп бұрыла бергенде, аяғы тайғанап кетіп, шалшықтың дәл ортасына ұзынынан құлап тұсті. Бет-аузы, кол-аяғы, үстіндегі күртесі мен шалбары малмандай су болыш, балшыққа былғанды. «Енді не істесем екен? Мына түрімді көрсе мамам шошитын болар. Оған қалай түсіндірсем екен?» – деп басы қатты.

Самат үйге кіргенде мамасы оның қарсы алдынан шығып қалды. Баласының мына түрін көргенде мамасының көзі шарасынан шығып, қорқып кетті. Басын төмен салып, сүмірейген Самат мұрының қосқостан тартып:

— Мен кінәлі емеспін, мама. Мені Дәурен шалшыққа итеріп жіберді. Кешірші мені, мама, – деді беті шімірікпей.

Мамасы не істерін білмей дал болды. Дәурен деген көршінің баласы. Ол – сегіз жаста. Саматтан бір жасқа үлкендігі бар. Бұл екі бала жиежи жанжалдастып қалушы еді. Сондай кездері Самат жылап-еңіреп үйге келіп, шағым жасайтын.

— Не істейміз енді, сонда да болса оны кешірейік, балам. Әрқайсымыз өзіміз істеген қылықтарымыз үшін Құдайдың алдында жауап беруіміз керек екендігін ол әлі түсінбейді ғой. Сондықтан сен оны кешір. Қазір жылдам шешін де, ыстық шай іш. Әйтпесе суық тиіп, ауырып қаларсың.

Ең алғашында Самат істің осылай аяқталғанына қуанып та қалған еді. Тездетіп киімін ауыстырды да, мамасына үй шаруасындағы жұмыстарға қолғабыс берді. Құдайға сиынып, үйықтауға жатқанда оның ішінде белгісіз біреу отырып алыш: «Сен өтірік айттың. Өтірік айттың. Өтірік айттың», – деп үзбей қайталап түрган сияқты болып көрінді.

Осы сәтте оның ойна мамасының: «Әрқайсымыз өзіміздің істеген қылықтарымыз үшін Құдайдың алдында жауап береміз» деген сөздері орала берді.

Самат түнімен дөңбекшіп, үйықтай алмай шықты. Көздерін тарс жұмыш, басын, құлақтарын жастықпен түмшалап, бекітіп алды.

Бұдан да ештеңе шығар емес, жаңағы бір дауыс оны кінәлап, жазғырып, маза бермеді. Эбден ығыр болып, шыдамы таусылған Самат:

— Мама, – деп айқайлад жіберді.

Баласының үрелі дауысынан шошып оянған шешесі оның бөлмесіне жүгіріп келді.

— Саған не болды, балам? Ақырын сөйле. Қарындастарың оянып кетер. Көз жасына булығып, қысылып отырған Самат мамасының бауырына басын тығып алыш, еңіреп жылап жіберді. Өксігін басқан соң, мамасына бар шындықты жасырмай айттып берді. Ишіндегі бір белгісіз дауыстың оның өтірік айтқанын, шалшыққа өзінің құлағанын,

мамасынан қорыққанынан Дәуренге жала жапқанын әшкелеп, жазғырып, мазасын кетіргенін айтып, ағынан жарылды.

– Ішкі дауыс деп тұрғаның – сенің ар-ұятың, балам. Сенің жан дүниенде жегідей жеп, үйқы бермей, мазалаған да сол. Ар-ұятың сенің жалған сөйлем, күнәға батқаныңды қаламайды. Осы істеген оғаш қылыштарың үшін Жаратушы Құдайдан кешірім етін! Ол сені кешіреді деп сенемін.

Самат жалма-жан орнынан түрекелді де, тізерлеп отыра салып, сиынды: Жаратушыға болған жайды еш бүкпесіз айтып беріп, осы әбес қылыштары үшін кешірім сұрады. Сиыншы болған соң, арқасынан бір батпан жүк түскендей женілденіп қалды. Бұл туралы ол мамасына айтып берді.

– Құдайға шүкір, ұлым! Эрдайым ар-ұятыңды сақта! Ішкі дауыстың үніне құлақ түретін бол!

Мамасы бөлмеден шығып кеткеннен кейін де Самат бірден үйшіктай қойған жоқ. Өмір туралы ой толғап, біраз ояу жатты. «Өзінің ар-ұятыңды тізгіндегі білудің өзі қандай жақсы» деп ойлады ол іштей қуаныш. Құдайға сенбейтіндерге қандайлықты қын екендігін де жақсы түсінді.

## КУШПК

Көктемнің көңілді каникул күндері басталған шақ. Күн май тоңғысыз жып-жылы болып тұр. Күні кеше ғана бүр жарған ағаштардың жапырактары кәдімгідей қалқан құлақтанып қалыпты. Көктемнің алғашқы хабаршысында болған ақжағал бәйшешектер, айналамыздағы саф алтындағы таза ауа, тамылжыта сайраган құстар үні адамның көңіл көгін баурап алғандай.

Табиғаттың тылсым сұлулығын тамашалап, жаны жайдарылана түскен Қанат далада үзак серуенде жүрді. Оның мамыражай көңілін дәл жанына келіп, ышқына тоқтаған машина үні бөліп жіберді. Өзінің жанында тұрған жап-жасыл түсті судай жана машинаның ішінен жалма-жан атып шықкан жүргізуші әлдебіреулерді балағаттай жөнелді. Сейтті де, қорыққаннан бір уыс қана болып бүріскең ақ күшікті машина дөнгелегінің астынан жұлып ала салып, жолдың шетіне қарай лақтырып жіберді де, өзі өрі қарай кете барды. Қанаттың қорыққаннан

жаны түршікті. Жалма-жан күшіктің жанына жетіп келді. Келсе, күшік тірі екен. Байғұс жануардың қатты қорыққандығы сондай, тілерсектері дірдек қағады. Ол Қанатқа қарап, аянышты дауыспен қыңсылап қоя берді. Дүкендердің сөрелерінде тұратын ойыншық күшіктеги сияқты кіп-кішкентай, әдемі күшікті Қанат қолына алды. «Мына күшік бұл жерге қайдан келді екен?» – деп Қанат оның қорыққаннан үрпиген жұмсақ жүндерінен сипап, бауырына басты.

– Қорықпа! Мен сені өзіммен бірге алып кетемін. Біздің үйде саған жайлыш болары сөзсіз.

Үйге келісімен Қанат жаңадан тапқан төрт аяқты досына жылы сүт беріп, тамақтандырды да, ағаш жәшіктің ішіне төсөніш салып, күшікті сол жерге жатқызды. Көп ұзамай күшік пысылдал, үйқыға кетті. Тек анда-санда қорқынышты түс көргендегі ауыр күрсініп қояды.

Қанат одан көз алмай қарап отыр. «Мен сені ешкімге бермеспін» деп ойлады. Көп ұзамай үйге ата-анасы да келіп қалады. Оларды күшікті үйге қалдыруға үтіттеу керек.

Мамасы мен папасы үйге келгенде, Қанат Тузикті тамақтандырып отырған еді.

– Мына күшікті қайдан тапқансың? – деді әкесі. Ал мамасы оны қолына алып, қызыға қарап түрді.

– Балам, сенің Тузигің асыл тұқымды күшік. Кіп-кішкентай бүйра жүнді осы бір сүйкімді жануардың түрін пудель деп атайды. Бұл неліктен далада қалған екен?

– Мүмкін адасып кеткен болар? Сен оны қайдан тауып алдың?

Ата-анасы Қанаттың күшікті үйге қалдыруына рұқсат берді. Тек оған: «Көршілерге барып сұрастыр, біреу-міреу күшігін жоғалтпады ма екен» деп ескертті. Қанаттың бақытына орай, көршілердің барлығы да күшікті танымайтындықтарын айтЫП, бастарын шайқасты. Сөйтіп, кішкентай Тузик мәсіхшілердің отбасында біржолата қалды. Қанат күн сайын күшігімен далаға серуенге шығып жүрді. Бүйрық берсе, алдыңғы аяқтарын көтеруге, бейтаныс біреуді көрсө, үріп, дауыс беруге үйретті.

Бірде ол күшігін ертіп, дүкенге сүт сатып алуға барған-ды. Бүгін оның көңілі тым жабырқау еді. Өйткені көңілді каникул күндері аяқталған. Ертең тағы да мектепке баруы керек. Ол жоқта Тузиктің іші пысары сөзсіз. Осында сүрексіз ойлар жетегінде келе жатқанда мүгедектерге арналған арбада отырған біреу оның алдын кесе

көлденендей келіп, тұра қалды. Арбаның үстінде шашына ұлпілдек ақ бант таққан қара көзді қыз отыр екен. Оның жаңында арықша келген мосқал әйел жүр.

— Әже, әже, ананы қара! Біздің Торғыл ана баланың қолында келеді. Мен оның табылатынын білген едім!

— Қай жерде, Айжан? Иә, дәл өзі. Балақай, сен бұл күшікті қайдан алдың? Бұл біздің Торғыл фой. Оны Айжанға туған күніне тарту еткен.

Қанат аңтарылып тұрып қалды. Қарт әжей мен кішкентай қыз бірінің сөзін бірі қостап, бастырмалатып сөйлеп кетті. Олар өткен аптада күшіктерін жоғалтып алғандықтарын, Айжанның зар илеп жылағанын, әжесінің күшікті ізdemеген жері қалмай, әбден әбігер болғанын айтсып жатты. Осы жерде шыдамы таусылған Қанат:

— Бұл Торғыл емес, бұл — менің күшігім Тузик, — деді ызага булығыш.

Солай деді де, Тузикті қолтығына қысып алған күйі басы ауган жаққа қарай жүгіре жөнелді. Куанғаннан жүрегі алып-ұшып, күшікке қолын созған қарт әжей мен бар дауысымен жылаған қыздан алысырақ кетіп, олардан тезірек құтылғысы келді. Қатты жүгіргеннен әлі құрып, жаны алқымына тығылғандай болды. Осы сәт ол бір-біріне жапсарлас тұрган көп үйлердің бірін алдындағы орындыққа келіп отырды да, күшігін бауырна қыса түсіп:

— Қорықпа, Тузик! Сен — менің күшігімсің. Сені ешкімге бермеймін!  
— деді.

Қанат ыңғыл-жыңғыл, бұралан жолдармен жүріп отырып, үйіне оралды.

Сүтке баарда өзімен бірге алып шыққан бос шөлмектер салынған мамасының сөмкесін сол күйімен қайтып әкелді. Мамасы кешіккенінің себебін сұраған еді, кезек қутушілер тым көп болғанын, сол себепті оған сүт жетпей қалғанын айтты. Дүкен жаңындағы кездесу туралы ол тіс жарған жок. Басына құйтырқы ойлар келіп, мазасын кетірді. Ең ақырында Қанат бұдан былай дүкенге бармауға, мектепке айналмалы жолдармен баруға, Тузикті алып далада серуендеуеге бел байлады. Пудель күшіктің иесін бұдан былай кездестіргісі келмеди.

Мамасы мен папасы Қанаттың мінезінде өзгеріс пайда болғанын анғарды. Дүкенге барып келуді сұраса, оның біресе басы, біресе іші ауыратын болды. Мектепке баратын әдептегі жолын өзгертіп, ұзак жүретін, бұрылыш-қалтарысы көп көшелермен жүретінді шығарды.

Тузикті де ауланың сыртына шығармайтын болды. Егер біреу сырттан есікті қақса, жүгірген бойда өзінің бөлмесіне кіріп кететінді шығарды.

– Балам, соңғы кезде сенің міnezің мұлде өзгеріп кетті. Не болып жүр өзіңе? Айтшы маған? Мүмкін, менің көмегім тиер? – деді әкесі.

Қанат өзіне мейіріммен қарап түрған әкесіне одан соң өзінің аяғының қасында бұк түсіп жатқан күшігі – Тузикке қарады. Сол кезде оның көнілі қатты бұзылып, көзіне келіп іркілген көз жасын әрен тыбып қалды. Ойы сан саққа жүгіріп, не істерін білмей күмілжіді. Тузикті қорғаштаймын деп әбігерге түсіп, әбден амалы таусылған еді. Ол бұрынғыдай алаңсыз өмір сүріп, көшеге емін-еркін шыққысы, балалармен бұрынғыдай-ақ асыр салып ойнағысы келді. Ата-анасын да үнемі алдап жүргені оның жаңына қатты батып жүр. Осының бәрі кешірілместей күнә ғой. Бәрінен бұрын күшігіне қолын созған кішкентай қызды ойласа, көнілі құлазып сала береді. «Неліктен ол қызы мүгедектерге арналған арбада отырды екен?» деген ой мазасын кетірді. Ол қызды қатты аяды. Папасы оның ойын бөлместен, әңгімесін бастағанын күтіп, байсалды күйде отыр. Ақыры аяғында Қанат ағынан жарылып, бар шындықты әкесінің алдына жайып салды. Бала өзінің істеген өрекшел қылықтары үшін кешірім сұрады. Оның істегендері үшін жазалауын өтінді. Папасы оның айтқандарын тындал болған соң, ешқандай жаза қолданбайтындығын айтты.

– Онсыз да сен өзіңің қылықтарың үшін Құдайдан жаза тарттың. Сен ең алдымен Жаратушыдан істеген ағаттықтарың үшін кешірім өтініп, сиынуың керек. Одан арғысын көре жатармыз.

Қанат бұрын-соңды осылайша жан-дуниесімен беріле сиынып көрген емес. Бірінші рет өзін нағыз күнәшардай сезініп, Исадан кешірім өтінді. Әкесі де баласының жаңында тұрып, Жаратушы алдында баласы үшін дүға-тілектерін айттып, оған Қанаттың өміріне сабак болардай себеп болғаны үшін мың сан алғыстарын жолдан шын ниетімен сиынды. Сиынып болған соң Қанаттың жаңы саябыр тапқандай болды.

– Енді не істейсің, балам? – деп сұрады әкесі.

– Папа, ол қызды қайдан тапсам екен?

– Ол қызды міндетті түрде табуың керек. Ол – бақытсыздыққа душар болған мүгедек бала. Өзің сияқты қол-аяғы сау болса бір сөрі. Сен сияқты асыр салып, ойнай алмайды. Ол әрқашан жалғызысырап жүретін болар. Осы күшікті көніліне медеу тұтып, зеріккенде ермек

еткені күмәнсіз. Күшігінің жоғалғанына қыз қатты қайғырып жүрген шығар. Ал сенің істегенің – мынау. Бұдан кейін ол айналасындағы адамдарға қалай ғана сенеді? Сондықтан да сен оны міндепті түрде тауып, күшігін өзіне қайтарып беруін керек.

– Жарайды, папа, – деді Қанат сыйырлай сөйлеп.

Ол алдағы істің қандайлықты қызын болатындығын жақсы түсінді. Бірақ Жаратушының көмегімен бәрін орнына келетіндігіне үміті зор еді.

Кешкі астың басында отырып, отбасының мүшелері жаңағы қызды қайдан табу керектігі туралы ойластырып, әркім өз ұсыныс-пікірлерін айтып жатты. Ол қыздың жақын маңда тұратыны күмәнсіз. Әркім-әркімнен сұрастыру керек. Біреу болмаса, біреу оның тұратын жерін білуі мүмкін, – деп шешті бәрі бірауыздан.

О, Жаратқан Ием, көмегінді бере ғөр! – деп Қанат шын ниетімен сиынды.

Ертеңіне Қанат Тузикті тамақтандырды да, оған істің мән-жайын айтып түсіндірген болды. Бұдан соң сиынып алды да, қызды іздеуге аттанды. Дүкеннің алды жүрт көп жиналатын жер ғой. Осы жерде тұрғандардың бірі Тузиктің иелерін қалай табуға болатындығын айтып, жөн сілтеді. Есігінің алдында сирень гүлі жайқалып өсіп тұрған үйдің қақпасындағы қоңырауды басқанда Қанаттың жүрегі лобылып, аяқ-қолдарында діріл пайда болғанын сезінді. Осы сәт Жаратушыға сиынып, көмек сұрады. Үйден өзіне таныс арықша келген мосқал әйел шықты. Баланы, оның қасында тұрған күшікті көргенде карттың жүзі жайнап сала берді.

– Қош келдіңдер! Төрлетіңдер!

Қанат аула арқылы өтіп, үйге енді. Бөлме түпкірінде мүгедектерге арналған арбаның үстінде отырған қара көзді қызды көрді. Ол мүқабасы көгілдір түсті, өзіне таныс, балаларға арналған Киелі кітапты оқып отыр екен. Қыз Қанатқа қарап, қуана күлімсіреді. Қанат жауап ретінде оған күшігі Тузикті ұсынды.

Кешір мені! Мынау – сенің күшігің. Ала ғой! – деді Қанат.

– Отырсаншы! Сенің атың кім? – деп сұрады қарт әйел.

– Менің атым Қанат.

– Мен Айжанмын. Біз әжем екеуміз сені баяғыда-ак кешіргенбіз. Қам жеме! Иса бізді кешірімді болуға үйретеді емес пе?

Қанат қысылғаннан кірерге тесік таптай қалғандай болды.

Қыз сөзін өдан әрі жалғастырды.

– Алғашында мен қатты жыладым. Содан соң жылағанымды қойып, сен үшін дұға тілеп, сиындым. Сенің келгеніне қуаныштымын.

Қыздың әжесі үстелге ас әкеліп қойып, балаларды дастархан басына шақырды. Алғашында Қанат ас ішуден бас тартты. Айжан қояр да қоймай сұраған соң, келісімін берді. Үстел басында отырып, ас ішердің алдында Айжан Құдайға сиынып, Қанатпенен, Тузикпен кездескені үшін алғысын айтты. Осы сәт Қанатқа қатты әсер етті. Шай ішіп отырғанда Айжан әжесінің үйіне қонаққа келгендігін айтты. Мектептегі оқуы аяқталғандығын, үйде мамасымен бірігіп сабак оқып, алғырлық, қабілеттілік танытқаны үшін мұғалім оны мерзімінен бұрын каникулға жібергендігін, енді келесі оқу жылына дейін – көктем, жаз айларында әжесінің үйінде болатындығын ағынан жарылыш, әңгімелеп отырды. Қыз Қанатқа балаларға арналған Киелі кітапты үсынды.

– Оқығың келе ме? Өте қызық кітап. Мұндағы жазылғандардың барлығы да Құдай туралы.

– Рахмет, Айжан! Менде де осындағы кітап бар. Мен де сенуші баламын.

Айжан оған таңырқай қарады:

– Қалайша?

– Тағы да өтінемін сенен! Кешірші мені! Кеше Исадан кешірім өтініп, сиындым. Болған жайға жаңым жабырқап, қатты өкінемін. Бірақ, сенін күшігің Тузикті жақсы көріп кеткендігім сондай, басында өзімнің ісіме есеп бермедім.

– Жарайды. Ақталып қайтесін. Мен бәрін де түсінемін.

Айжан Тузикке қарай қолын созған еді, күшік мұрнын шүйірді де, Қанатқа қарай жылжып барып, оның бауырына тығылды.

– Айжан, күшігінді ала ғой! Мен үйге қайтайын. Сабак оқуым керек. Саған көп рахмет!

– Сен кетпей тұра тұр, менің саған деген күтпеген сыйлығым бар, – деді де:

– Торғыл, Торғыл, мұнда кел, – деп біреуді шақырды Айжан.

Көрші бөлмеден домалаң қағып, бір ала күшік жүгіріп шықты да, Тузикке қарап шәуілдеп үре жөнелді. Тузик те қарап қалған жоқ. Ол да бар дауысымен оған жауап қайырды.

— Мынау Торғыл, менің күшігім. Оны маған күшігім жоғалғанда сыйға тартқан. Тұрі қызық өзінің. Біздің күшіктеріміз кейін келе достасып кетер ме екен?

— Бәрекелді! Айжан, рахмет саған! Ертең Тузик екеуіміз сендердің үйлеріңе келсек бола ма?

— Әрине, болады. Мен сендерді күтемін.

— Содан кейін сендер біздің үйге қонаққа келесіңдер.

— Жақсы. Келістік.

Қанат өзінің төрт аяқты досын құшақтап алып, жүгірген бойда, үйіне қалай жеткенін де аңғармай қалды. Ол үйдегілерге Тузиктің үяласы Торғыл туралы қызықтай әңгімеледі. Айжанмен бірге жексенблік мектепке бірге баратындығын, күшіктерімен бірге серуендайтіндіктерін көз алдына елестетіп, қиял жетегіне беріліп кетті. Айжанды, оның әжесін, күшігі Торғылды туған күніне шақырып, оларды ата-анасымен таныстыруды үйғарды.

Үйықтар алдында Қанат Құдайға сиынып отырып:

— О, Жаратқан Ием! Сен маған өмір сабактарын менгеруді үйреттің. Енді мен нағыз сенуші, адал дос болудың маңызы қандай екендігін жақсы түсіндім. Сен бүтін маған тек Тузикті ғана тарту етіп қойған жоқсын, менің жаңа дос табуыма ықпал еттің. Мың сан рахмет Саган! Әумін!

## ҚАРБАЛАС

Дәүлет – жақсы бала. Оның басындағы бір кемшілігі сол, ол бастаған ісін аяғына дейін жеткізбейтін тиянақсыз. Ата-анасы баласының бұл қылышы үшін қатты қынжылатын. Дәүлеттің іске түрлаусызы қарайтындығына көздері әбден жеткен. Сабак оқуға кіріспі, есептерін шығара бастайды да, «әжемнің үтігін жөндеп беруші едім», – деп сабағын аяқсыз қалдырады. Үтікті бөлшектеп, жөндей бастайды да, футбол добының ішіне жел толтыру керек екені есіне түсіп, үтікті жөндеп болмай жатып, қолына допты алады. Добына жел толтырып болмастан тағы да басқа жұмысқа кіріседі. Осындай карбаласпен күні өтеді. Ақыраяғында бірде-бір жұмысты аяғына дейін жеткізбейді. Осы қылышы үшін Дәүлеттің досы Нұрлан оған «Дәүлет – қарбалас» деп ат қойды. Папасы мен мамасы да оған іске осылайша тыңғыштықсыз

болғаны үшін талай ескеरту жасап, ақылдарын айтқан. Бірақ одан еш нәтиже болмады. Папасы оған:

— Дәulet, сен ақылға салып көрші, осындай тұрлаусыз болуға бола ма? Егер Құдай сен сияқты болса, не болар еді? Ешбір істі аяғына жеткізбейтін, тиянақсыз болса жер жүзінде не жағдай болар еді? Айналаны әлем-тапырық, ретсіздік жайлар еді ғой. Жаратылыстары аяғына дейін жеткізілмеген жан-жануарлар бейне бір құбыжық іспеттес болар еді. Егер Адам атанын бір аяғы немесе бір қолы жоқ болып жаратылған болса, қазір біздің күйіміз қалай болмақ? Бақытымызға орай, Жаратушымыз ондай ағат қылыштар мен кемшиліктерден пәк. Иса жер бетіндегі адамзат атаулының өмірлеріне арашашиболып, өзінің өмірін пида етті. Ол жер бетіне келгенде көктегі Әкесінің еркін толығымен ойдағыдай атқарды. Ойлап қарасаңшы, егер ол бастаған ісін аяқсыз қалдыратын тұрлаусыз болса, мына сенің, менің, барша адамзат баласының жағдайы қандай болмақ?

— Мен бәрін түсінемін. Бірақ, түзеле алар емеспін, — деп Дәulet күнк етті.

— Осыны түсінгенің де шүкір. Кел, екеуіміз бірге отырып, Жаратушы Иеге сиынайық! Оның бізге көмектесетіндігі шуббесіз.

— Рахмет саған, әке! Кел онда, сиынсақ, сиынайық!

Осылайша әкесі мен баласы бірге отырып, Жаратушыға бар сырларын айтып, сиынып, дұға-тілектерін бағыштады. Олардың жүректерінен шыққан шынайы тілектері Құдайдың құлағына шалынғандықтан ба, содан бері Дәuletтің өмірінде түбегейлі өзгеріс пайда болды.

Дәuletтің жазу үстелінің үстінде үлкен аквариум тұр. Тұрлі-тұсті тастардың арасынан жайқалып өскен балдыр шөптер, бауырымен жорғалайтын моллюска – ұлу, әдемі балықтар көздің жауын алады.

Аквариум балықтарын өсіру Дәuletтің ерекше өуестенетін, құштар ісі. Әркез ата-анасының мектепке түскі ас ішу үшін берген ақшаларынан үнемдеп, қаладағы зоологиялық дүкеннен балықтың жаңа тұрлерін сатып алыш, аквариумның ішін жандандыра түсетін. Осы аквариумына оның таныс балалары қатты қызығатын. Бірде Дәulet аквариумның суын ауыстырып, оны тазаламақшы болды. Әдетте Дәulet тастарды әдемі етіп қалап, балықтарға «бекініс» жасайтын. Балықтарға да мұндай «бекіністер» үнайтын. Бүгін де солай етемін деп ойлады ол.

Судағы балықтардың бәрін ұстап алып, су толы қазанға салды да, аквариумның шынысын тазалап жуды, балдыр шөптер мен тастарды да жуып-шайды. Осы жолы балықтарға тастардан не салып берсем болар екен? – деп ойлады. Осы сөт даладан біреудің ыскырганы естілді. Дәulet ыскырып тұрған Нұрлан екенін біле қойды. Терезеден басын сұғып сыртқа қараған еді, Нұрланның дәл өзі екен.

- Ей, Қарбалас, не істеп жатырсың тағы да? – деп сұрады Нұрлан.
- Балықтардың сүйн ауыстырып жатырмын.
- Содан соң ауыстырасың. Папам маған күшік сатып алуға ақша берді. Менімен бірге жүр. Баратын жеріміз осы жақын маңда. Күшік тандауымы көмектесесін.
- Бәрекелді! Арманың орындалыпты ғой, болды! – деді Дәulet қуанышы қойнына сыймай, – жарайды, күте түр мені. Мен қазір шығамын.

Дәulet шөңкениң ішінде жүзіп жүрген балықтарға қарады да: «Ештең етпес, біраздан соң келіп, аквариумға салармын. Үйде де ешкім жоқ, сұранып жатудың қажеті жоқ» – деп ойлады да, далаға шықты.

Нұрланның көңілі көтерінкі еді. Ол паркте серуендереп жүрген бір әйелдің жетегіндегі әдемі болонка туқымдас итті көргенін айтты. Оның қасына жақын келген еді, иттің жанындағы енесінен аумайтын үш күшікті көреді. Нұрлан осындағы күшік алғысы келіп, армандап жүретін. Ол әйелден күшігін сатуды сұрады. Бағасына келісіп алды да, әкесінен оны сатып алатын ақша сұрап алды.

– Эй, Дәulet, мен күшігіме Жолбарыс деп ат қоятын боламын. Енді менің өмірім қызыққа толады. Күшіктің орны бір бөлек. Сенің аквариумыңа қарағанда әлдеқайда жақсы. Балықтармен серуенге шыға алмайсың ғой!

– Серуенге шықпаса не болады екен? Менің бөлмемдегі балықтарға қызықтай қарап бірнеше сафат бойына отырғаныңды ұмыттың ба? Мен бүгін аквариумның ішіне тамаша бекініс орнатамын, – деді Дәulet.

– Ха, бекініс деймісің?! Енді сенің бекіністерінді қызықтайтын уақытым бола қоймас. Енді мен итімді жаттықтыруым керек. Мен оны танқаларлық құлдіргі әрекеттер жасауға үйрететін боламын. Оны қызықташ жүріп, сен өзіннің балығынды да ұмытып кетерсің.

...Иттің иесі балаларды ақжарқын пейілмен қарсы алды. Бірақ Нұрланның сатып аламын деген иті тістерін ырситып, ырылдап, сес көрсетіп, жетекке көнбей біраз әуреледі. Өзінің ақ мамық жүнді үяластарын қимай тұргандай.

Күшкіті жетектеп үйге келе жатқанда балалар көп уақыттарын зағаштады. Итті саябақтың ішінде серуендегіп, біраз жүріп қалды. Оның танауын шөппен қытықтаса, мұрның шүйіріп, пыскыра бастайды, жонынан сипаса, құйрығын бұлғандатып, еркелеп қояды.

Дәulet үйге келсе, оның бөлмесіндегі еденге су жайылып кетіпті. Балықтар шөңкенің құрғак түбінде сүлесөк күйде жатыр. Бала сасқанынан не істерін білмей, дағдарды. Апыл-ғұпыл ваннадан шылапшынға су құйып әкелді де, балықтарды соның ішіне жібере салды. Жансыз балықтар бауырымен жоғары төңкерілген күйде судың бетіне қалқып шықты. Балықтардың ішіндегі ең кішкентай біреуі құйрығын бұлғаң еткізіп, судың ішінде самарқау күйде жүзе бастады. Дәulet қазанды ала салып, түбіне көз жүгіртті. Түбінде көзге көрінегін бес кішкене тесік пайда болған екен. Ол болған жайды енді түсінді. Осы тесіктен су жайлап тамшылап, еденге аға берген екен фой. Балықтар да бірінің артынан бірі өле берген. Дәulet бастаған ісін аяқсыз қалдырмай, осы аквариумды тазалауды аяғына дейін жеткізгенінде, қырылып жатқан мына балықтар дәл қазір суда емін-еркін жүзіп жүрген болар еді. Бала өзінің тиянақсыздығының салдары неге әкеліп соғатынын жаңа ғана түсінгендей болды. Ол балықтарын есіктің алдында өсіп тұрған жас үйенекі ағаштың түбіне жерледі. Осы оқиға оның жанына қатты батқандығы сондай, өзінің тиянақсыздығынан біржолата арылуға өз-өзіне серт берді.

Сол кезден бері Дәulet өзінің бастаған ісін әрдайым аяғына дейін жеткізіп, тындырымдылық танытатын болды. Өйтпегендеге ше? Өзінің салдыры-салактығының салдарынан қаншама зардан шекті.

Дәулеттің аквариумында түрлі-түсті, өсем балықтар пайда болды. Солардың ішінде өзінің еренсіздігінен қырылып қалған балықтардың арасынан аман қалған балығын ерекше мәпелеп, жақсы көреді. Ол балық Дәүлеттің ағаттығын әркез есіне түсіріп тұрғандай болады.

## АНТОШКАНЫң СЫРҚАТЫ



Антошка өте жақсы бала. Ол тоғыз жаста. Өзі үшінші сыныпта оқиды. Оның достары өте көп. Жексенбі сайын ата-анасымен және екі қарындасымен бірге Құдайға сиыну үйіне барып тұрады. Жиында өлең оқиды. Онда жиналған карттардың оны мадақтап, мақтаныш тұтатыны үшін біршама қысылып, өзін ыңғайсыз сезінеді. Ол өзін бақыттымын деп санайды. Бірақ мектептен келген соң үйде отырып, үй тапсырмасын орындауды суқаны сүймейді. Ол сабақ оқып отырғанда терезенің алдында футбол добын қуып, секіргіш жіппен секіріп, ойнап жүрген балалардың даусын естіп отырып, қалайша шыдасын?! Қыс мезгілінде далада ойнау одан да қызық. Балалар қардан бекініс жасап алып, бірін-бірі қармен атқылап, шабуыл ойынын ойнайды. Антошка өсіреле шанғы тебуді ұнатады. Оны бәрі де түсінеді. Бірақ мектептегі мұғалім Анна Ивановна оны түсінгісі келмейді. Ол кісіге көбейту, бөлу амалдарын орындаудан басқа ешқандай іс жоқ сияқты көрінеді. Кеше Антошка математика сабағынан тағы да екілік алып қалды. Ал өртөң осы сабактан бақылау жұмысы болмақ. Осыны ойласа, Антошканың төбе шашы тік тұрады. Антошка осы шырғалаңнан қалай шығарын ойладап, басы қатты. Тағы да қанағаттанғысыз баға алып қаламын ба? – деп күдіктенеді.

Кешкісін оның ата-анасы әжесінің үйінде жүрген екі қарындасын алып, үйге келген-ді. Олар басын сұлғі орамалмен таңып алып, төсекте жатқан Антошканы көріп, үрейлері ұшты. Оның тыныс атуы жиілеп, кірпігі әрең қимылдан жатыр екен. Қолтығына дененің ыстығын өлшегіш-градусникті тығып алыпты. Мамасы баласының маңдайына қолын қойып көрді. Содан соң градусникке қарады.

– Отыз жеті де үш. Үстығы жоғары емес. Сенің қай жерін ауырады, үлым?

Антошка көзін жоғары төңкерे қарады да:

- Басым қатты ауырып барады, мама!
- Осының бәрі сенің шанғы тепкенінен болды, – деді папасы.
- Қанша рет үйге кір десем де тыңдамадың, – деді мамасы ренішті дауыспен, – сонда қатты тоңып қалғансың ғой.
- Жоқ, мама. Бұл шанғының қырсығынан болған ауру емес. Мен сабақ оқымын деп зорықканнан ауырып жатырмын!

– Иә, айтарсың-ау. Сабак оқып зорыға қоймассың сен! Жарайды, онда жата бер. Мен саған арнап кешкі ас өзірлеп, дәрі әкелейін, – деді де, мамасы оның көрпесін қымтап жапты, – таңертеңге дейін жазылып кетерсің.

Мамасы қателескен екен. Таңертеңгісін Антошканың тыныс алуы жиілеп, одан сайын демікті. Басым ауырды деп ол зар иледі. Мамасы оның қолтығына тағы да градусник қойды да, кішкентай қыздарды әжесінің үйіне апарып тастамақ болып, киіндіріп жатты. Содан соң жұмысқа баруы керек. Біраздан соң ол баласының қасына келіп:

– Істығың қандай? Отыз жеті де екі. Бүтін үйде болағой, балам! Түскі асты өзің жылтырып ішерсің. Устелдің үстіне ішетін дәрілерінді қойып кетермін. Міндетті түрде іш. Жұмыстан ерте келуге тырысармын. Ал қазір бірге отырып, Құдайға сиынайық!

– Мен сиынЫп алғанмын. Сен бара бер. Қыздарың күтіп қалдығой. Маған бола жұмысыңан қалып қаларсын.

Көп ұзамай-ақ Антошка үйде жалғыз өзі қалды. Сол-ақ екен, төсектің үстінде турып алып, секіре бастады. Содан соң басын ораған сұлгісін аспанға атып, біраз ойнады. Устелдің үстіне мамасы қалдырып кеткен дәрілерді қолына жинап алды да, терезенің желдеткішінен сыртқа қарай лақтырып жіберді. Енді не істесем екен? – деп ойлады ол. Сол сәт қасында жатқан әңгімелер жинағын қолына алды. Әңгімелерді оқу математика сабағынан есеп шығарудан өлдекайда жақсырақ қой, – деп ойлады Антошка.

Ата-аналары үйге келгенде Антошка қайтадан бұрынғы қалпына түсіп, ауру адам сияқты төсекке сұлық түсіп жата қалды.

– Халиң қалай, Антошка? – деп сұрады әкесі.

– Басым әлі де ауырып тұр, папа. Бірақ бұрынғыға қарағанда тәуірмін.

Градусник қойғанда тағы да «отыз жеті де екі» деген цифрлар бой көрсетті. Антошка тағы да үйде қалды. Ол жалғыз қалған соң тағы да бір қызық ойынды ойлап тапты. Содан соң кітап оқыды. Дәрілерді жинап алды да, унитазға тастады. «Мектеп балалардың өміріне зиянды екен ғой», – деп ойлады ол.

Түске қарай оған сыныптас досы Саша келіп, көнілін сұрады. Ол келген кезде Антошка ауру адамға үқсан, сұлық жатты. Үй тапсырмасын орындаудан да бас тартты.

- Антошка, ертең орыс тілінен шығарма болады. Мектепке келесің бе? — деп сұрады Саша.
- Ол не дегенің, көріп тұрсың фой, мен ауырып жатырмын. Анна Ивановнаға жағдайымды айта баарсын.
- Жақсы. Айтып баармын мұғалімге жағдайыңды, — деп Саша күнк етті.

Үйге келген ата-анасы баласының жағдайын көрді де, дәрігер шақыру керектігі жайлы сөз қозгады.

- Істығы да онша жоғары емес. Жөтелмейді. Мұрнынан су ақсан емес. Тез жазылып кете ме деп ойлаған едім. Ауруының осыншама созылып кеткенін себебі неден екен? — деп мамасы қатты қиналды.
- Папасы Антошқа градусникті берді де, оның жаңына келіп отырды.

- Антошка, сенің мектептегі үлгірімің қалай? — деп сұрады папасы.
- Жақсы, папа. Сен оған қам жеме! Әлі-ақ қуып жетермін. Тоқсанның аяғына дейін өлі уақыт көп!

Әкесі үлгіна шәй әкеліп бермек болып бөлмеден шығып кетті. Ол бөлмеге қайта кіргенде Антошқа термометрді жылу батареясына тақап қойып, қыздырып тұрганын көрді. Папасын көре салысымен ол жалма-жан көрпесінің ішіне қойып кетті де, термометрді қолтығына тыға салды. Папасы термометрді қолына алған еді, ондағы көрсеткіште сынап бағанасы “отыз тоғыз да бес” деген цифрга келіп тоқтаған екен.

- Антошка, сен термометрді сілкіп, отыз жеті де екіге түсіріп үлгермеген екенсің, ә? Осы ретте жолың болмады сенің, Антошка, — деді папасы.

Антошка не істерін білмей, сасқанынан басын көрпемен бүркеп алды. Жүргегі қорыққаннан дұрсіл қафады. Бір сәт басын қылқытып шығарып қараса, папасы жаңында отыр екен. Оның қолында Киелі кітап бар.

- Үлым, Құдайдың сөздерінің кейбір жолдарын оқып, еске түсірейік! Оның саған тікелей қатысы бар. Мынаған назар аудар: «Ақырында әшкере болмайтын бірде-бір құпия жоқ». Тағы да: «Алайда қорқақтар мен сенімсіздер, зұлымдар, кісі өлтіргендер, азғындар, сиқыршилар, жалған тәңірge құлшылық етушілер мен бүкіл өтірікшілердің үлесі құқірт жаңыш тұрган отты көл болмак» — деген жолдарды оқыды да, — Антошка, жалған айтылған сөздің барлығы

күнөға батыратынын сен білмеуші ме едін? – деді баласының бетіне сынай қарап.

Антошка әкесінің айтқандарынан қатты ұялғандығы сондай, оның бетіне қарай алмай, көзін төмен салды.

– Бұдан кейін біз саған қалай сенеміз, балам? Жаратушы да енді бірде-бір маңызды істі саған сеніп тапсыра алмас. Есінде ме, бір кездे Ізгі хабаршы болуды армандаушы едің ғой.

– Осының бәрі мектепке байланысты болды ғой, папа, түсінесің бе?

– Түсінуін түсінемін. Сен де мені түсін. Егер сенуші адамдардың барлығы оқымаған, қаранды адамдар болса, ондай сенушілердің уағыздарын кім тыңдасын? Сен соны неге ақылға салып ойламайсың? Ізгі хабаршы болу үшін терең білімін болуы керек екендігін білесің бе? Өтірік ауырып, сабаққа бармай жатқаныңда не ойладың? Егер дәл қазір Иса Өзінің қауымын алыш кетуге келсе не істер едің? Сен осы туралы ойладың ба?

Оттың үстіндегі шәйнек баяғыда-ақ қайнаған. Мамасы шәй даярлаған еді. Есікті ашып қарағанда баласының сиынып жатқанын көрді де, ас үйге оралды. Біраздан соң Антошка ас үйге кіріп, тағамын іше бастады. Оның басында таңыш алған орамалы жоқ. Асқа да тәбеті жақсы. Ас ішіп болған соң дереу сабак окуға отырды. «Әкесі мұны қандай дәрімен емдеді екен», – деп таңданды шешесі. Келесі күні баласы мектепте шығармадан төрттік бағасын алғанда, оған әкесі таңданған жоқ. «Тәрізі, менің балам Ізгі хабаршы болайын деп шешім қабылдаған екен ғой», – деп ойлады ол.



## КОЛЯ АҒАЙДЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Саша мен Олег Коля ағайдың келгеніне қатты қуанды. Үлкен қаладан өздеріне қонаққа келген сайын ол өзінің қарындастының балаларына неше түрлі сыйлықтар әкеліп беріп, риза ететін. Осындайда Саша мен Олег көршілерінің балаларын жинап алыш, әдеттегідей Коля ағаймен бірге балық аулауға барады.

Кешкісін балық аулау жабдықтарын алдын ала дайындалған кояды да, таңсәріден түрып алыш, ауылға таяу жерде орналасқан тоғанға барып, күн ұзағына балық аулайды. Сол кеткеннен түн қарандырылып

түсіп, аспанда самаладай жарқыраған жұлдыздар пайда болған мезетте бірақ оралатын.

Балық аулап, құмарлары тараған балалар алау жаңында отырып, Коля ағайдың пісірген балық сорпасын ішкенді ұнатады. Оттың табына пісірлген картоп қандай дәмді десенші! Алаудың жаңында жантайып жатып алып, піскен картоп пен балық сорпасын сүйсіне ішіп жатқан балаларға қарап, Коля ағай мейіріммен күлімсірейді. Осындай кездерде Коля ағайдың әдеттегідей Құдай туралы, мәсіхшілер және олардың қыындығы мол өмірлері жайлышынан өнгіме бастап кететініне балалар әбден үйреніп алған-ды. Ол кісінің әңгімелерін тындаудың өзі бір ғанибет!

Коля ағайдың жас достары осы жолы да оған қояр да қоймай қолқа салып, Құдай туралы әңгіме айтып беруін сұрады. Коля ағай балық сорпасынан босаған ыдыстарды кейін ығыстырып қойды да, көк майсалы көгалдың үстіне жантая кетті.

– Осы жердің ауасы қандай тамаша десенші! Мен де осы ауылда туып өстім. Сендер бақыттысындар, балалар!

– Коля ағай, одан да бізге әңгіме айтып беріңізші, – деп өтінді Олег, нағашы ағасының әрдайым күлкі ойнап тұратын қоңырқай көздеріне күлімсірей қарап.

– Не туралы айтып берсем екен?

– Өзініздің Құдайға қалай сенгендігіңіз туралы айтып беріңізші! Сіз бұл туралы ешқашан да әңгімелеген емессіз, – деді Саша.

– Айтыңызшы, Коля ағай! Айтыңызшы! – деп балалар түс-түстан қаумалап, шуылдап кетті.

– Тындандар онда! Әңгімелесем, әңгімелеп берейін!

...Мен ол кезде не бары алты жастағы баламын. Алапат соғыстың жаңа фана аяқталған кезі. Біз – мамам, мен және осында тұрған Саша мен Олегтің мамалары, менің кішкене қарындасты Зина үшеуміз осы бір жасыл желең жамылған кіші-гірім ауылда тұратынбыз.Әкеміз майдан даласында қаза тапқан-ды. Мен әкем соғысқа аттанғанда әлі естияр бола қоймаған жас баламын. Сондықтан да әкемнің түрі есімде жоқ. Сол бір сұрапыл соғыс жылдарындағы ел басына күн туған қысталан шак, қын кезендер жайлыш кітаптан оқып, билетін боларсындар. Сол жылдары шешем колхозда жұмыс істейтін. Фермадағы бұзауларды күтіп-бағатын. Олар демалыс дегенді мүлде білмейтін. Жасым кіші болса да, мен шешеме колхоздың жұмысында

да, үй шаруасында да қолғабыс беріп, бір жағынан сүйеніш болуға тырысатынын. Зина да қолынан келгенше тырысып бағатын. Сол жылдар бұғанасы бекімеген жас балаларды ерте есейтті емес пе?

Күндердің бір күнінде біздің ауылдың шетіне таман орналасқан үйлердің біріне қаладан көп балалы отбасы көшіп келді. Соғыс жылдары қалада өмір сүріп, күнелту ете қын болғандықтан, қаланың көптеген тұрғындары ауылдарға көшіп келіп жататын-ды. Жаңадан қоныстанушылардың отағасы сауаты жоғары, салиқалы жан көрінеді. Еңбек десе ішкен асын жерге қоятын еңбеккор еді. Біздің колхоздың жұмысына белсene араласып кетті. Соғыс жылдары ел ішінде ер адамдар ілүде біреу фой. Соғыстан аман қалып, елге оралғандар, белгілі бір себептермен тылда қалған еркектер жеті-сегіз адамның атқаратын жұмысын бір өздері атқарып жүрді. Ол кездегі өмір талабы сондай еді.

Жаңадан қоныстанушылардың отағасының аузынан ешқашан да әбес сөз естімейтінсің. Арақ ішпейтін, темекі тартпайтын, айналасындағылармен әркез биязы, жылы шыраймен қарым-қатынас жасайтын. Оның балалары да биязы мінезді әрі тәртіпті балалар еді. Қандай істе де әкелерінен үлгі алатын.

Алғашында ауыл тұрғындары осы отбасының мүшелерін, онын отағасын келемежге айналдырып жүрді. Кейінде олардың жайсан жанды адамдар, тәрбиелі отбасы екендігіне көздері жеткен соң, оларды қатты сыйлап, қастерлейтін болды. Біз сөз етіп отырған отбасынын балалары жұмыстан бос уақыттарында жасы үлгайған карттар мен күйеулері, балалары соғыстан қайтпай, майдан даласында қаза болғандарға қолғабыс беріп, олардың үйлерін жөндеп, баубақшаларының жерін қазып беретін. Ең қызығы сол, олардан ешкім көмек сұрамаса да, өздері барып көмектесетін және ол үшін ақы алмайтын. Егер кімде-кімге көмек көрсетсе де, оларға Құдай туралы әңгіме айтуда тырысатын. Көрші ауылдағы шіркеудің қазіретіндегі емес, ете қызықты да әсерлі етіп, ұғынықты тілмен әңгімелейтін. Сондықтан да болар, олардың айтқандарын жұрт қызыға, ынталана тындаитын. Бір таңқаларлығы, олар мойындарына крест тақпайтын, икондарға (әулиелердің суретіне) қарап шоқынбайтын. Жаңадан көшіп келген отбасының бибісі де мейірімді әйел болатын. Біреу ауырып қалышты деген хабарды естісе болды, дереу оған қол үшін беріп,

көмектесуге асыфатын. Ол әйел қалада түрғанда медбике болып істеген көрінеді.

Қызмет етіп жүрген кезінде ол сырқаттарды тек дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіп қана қоймайтын, олардың ауруларына шипа тілеп, Жаратушыға сиынатын.

Көп ұзамай біздің ауылда сенушілердің шағын топтары пайда бола бастады. Майданда қаза тапқан майдангерлердің жесір қалған әйелдері жексенбі сайын қауымға барып, Құдайға сиынып, өздерінің дүға-тілектерін бағыштайтын. Колхоз басқармасына бұл жай мүлде ұнамайтын. Сол кездері қауымдарды жабу басталды. Көрші ауылдағы қауымды жауыш, мәдениет ошағы – клубқа айналдырды. Оның бер жағында сенуші адамдар туралы ақылға сыймайтын лақап тарап, ауылда бір келенсіз жағдай болса, бір нөрсе жоғалса, немесе біреудің малы өлім-жітімге үшіраса болды, діндар адамдардан көретін. Өсек-аяң таратушылар көбіне-көп бұл дін біздің дініміз емес, діндармыз деп жүргендер өздері қайырымды сияқты болып жүреді де, астыртын зиянкестік істейді, – деп жала жабатын болды. Міне, содан былай сенушілерге колхозда қысым жасай бастады. Бірде еңбекақыға берілетін дән таратар кезде сенушілерге сапасы нашар дән берді. Біресе олардың балаларын мектепке кіргізбей қоятын болды.

Жоғарыда сөз етіп отырған отбасы мүшелерін мен жақсы білетінмін. Мамам Зина екеумізді жексенбі күндері өтетін солардың жиынына ертіп барып тұратын. Біз онда Құдай туралы көп білдік, өзіміз де сиынуға үйрендік. Мамам мойнындағы күміс кресін шешіп тастанды. Сөйтіп, ауыл маңындағы шағын өзен жанында суға шомылдыру рәсімінен өтіп, мәсіхшілердің қауымына қабылданды. Ол рәсімге бес адам қатысты. Әдетте, алғашқы қадамның қындықтары да мол болады емес пе? Сол кезде шешеміздің де басынан осындағы ауыртпалықтар өтті. Оны мазаққа айналдырған кездері де болды. Соған қарамастан ол кісі сенімінен бас тартқан жок. Құдайға сенгеннен кейін мамамның қөніл-күйі дәл бүгінгідей жадымда жатталып қалыпты. Ол байсалды әрі қуанышты қөнілде жүретін. Содан бастап біздің отбасымызда өзара ынтымак, жарасымдылық пайда болды.

Құзде әлгі мәсіхшілер отбасының ауылдан көшіп кетуіне тұра келді. Олармен айырылысу сәті бізге өте ауыр тиді. Кететін күні олар тағы да бір рет суға шомылдыру рәсімін өткізді. Олар қалаға кетерлерінде мүмкіндігінше келіп тұруға, біз үшін сиынуға уәде берді. Біздің ауылдағы

ақсақ жылқы бағушыға Киелі кітапты қалдырып кетті. Осы жерде жиындар өткізіп түруды да соған тапсырды. Сөйтіп, мәсіхшілер бұдан былай да жиындарда бас қосып тұратын болды.

Қыста шешем ауырып қалды. Қын жұмыстардың салдарынан онсыз да нашар денсаулығы одан сайын нашарлай түсті. Қектем шыға ол кісі дүние салды. Қайтыс болар алдында шешем Зина екеумізді қасына шақырып алды да, батасын беріп, бетімізден сүйді. Сөйтті де жанағы мәсіхшілердің мекен-жайы жазылған умаждалған қағазды менің қолыма ұстата салды.

— Сен оларды тауып ал, ұлым. Зина екеуің соларға барындар. Олар сендерді қындықта қалдырmas. Мен титықтап қалдым. Енді Исаға баруға бет бүратын уақытым болды. Қандай да бір әбестік болса, кешіріңдер мені, балаларым!

Кеберсіп, көгере бастаған еріндерін әрен қымылдатып жатып, шешем бізге: “Құдайды ұмытпаңдар. Әрдайым сиынып жүріндер. Бір-біріне қайырымды болындар”, – деп өсiet айтты өлерінде. Біз қарындастым екеуміз көзімізден жас парлап жылап отырып, аяулы анамызбен қоштастық. Біздің шағын қауым шешемізді біз тұратын жердегі шағын молаға жерлеуге көмектесті. Бізге басу айтып, екеуміздің өмірімізге женілдік тіледі.

Мамам өлер шағында бізге Құдайды ұмытпаңдар деген еді ғой. Шынтуайтқа келгенде біз қалайша Жаратушыны ұмытпақпзы? Ендігі жерде Жаратушыдан басқа бізге сүйеу болар да, көnlімізге медеу болар да ешкім жоқ еді.

Сол жылы қектем айында біз – қарындастым екеуміз өзіміздің мәсіхшіл достарымызды іздеуге аттандық. Біз жаяулап жүргеннен жалаң аяқтарымыз жарақаттанып, әбден шаршаған күйде қалаға әрен жеттік. Қындықтардың бәрі артта қалды ғой деп ойлаған едік. Қателескен еkenбіз. Базар алаңына токтап, тамақтанып алайық деген едік, панасыз, қанғырып жүрген балалар бізді қоршап алды. Олар біздің жұпины киім-кешегімізді, ауылдан алып шыққан азын-аулак тамақтарымызды тартып алды. Сол сәтте бізді арашалайтын да ешкім болмады. Қарындастым екеуміз бүрсіп бір-бірімізге сүйеніп отырып, Құдайдан көмек сұрап, сиындық. Сөмкеміздің түбінде мәсіхшілердің мекен-жайы жазылған қағаз жатыр еді. Панасыз балалар бізді ең соңғы үмітімізден айырды: олар түйіншек сөмкемізді тартып алды. Енді шан басқан ұзак жолмен келген ізімізбен кері қайтуға тұра келді. Осыны

ойласақ, жылағымыз келеді. Бірнеше күн бойына жаяу жол журіп, арып-ашып келген едік. Ол кезде азын-аулак тамағымыз да бар еді. Енді ол да жоқ. Сол кезде мен жаным күйзеліп тұрып, Құдайға сиындым:

– О, Жаратқан! Егер Сен бар болсаң, бізге көмегінді беріп, мәсіхшілерді тауып алуымызға көмектесе гөр! Біздің халіміз мүшкіл болып тұр, – дедім шын ниетіммен.

Менің жаным түршігіп, басыма неше түрлі құдікті ойлар келді. Құдайға шүкір, біздің басымызға тұскен қындықтан құтылуымызға Құдайдың көмегі тиді.

Қарнымыз ашып, шаршаған күйде ауылға қайтып келе жатқанымызда Зина абайсызда жығылып қалып, аяғын шығарып алды. Ол мүлде жүре алмай қалды. Мен өзіміз тұрган жердегі үйлердің бірінің қақпасын қақтыйм. Үйден шыққан әйелге жағдайымызды түсіндірдім де, бізге көмек беруін өтіндім. Үй иесі әйел бізге пісірілген картоп берді де, қақпасын жауып алды. Оған да қуандық. Картопты жеп, біршама әлденіп алдық. Осы көшедегі бір үйдің жанындағы кен сәкінің үстіне бүрісіп жатып, Зина екеуміз үйықтап қалыпты. Бір уақытта бізді бір әйел оятып, жағдайымызды сұрады да, өзінің үйіне ертіп барды. Біздің үйықтаған жеріміз сол әйелдің үйінің жаны екен. Жаңағы әйел біздің басымыздан өткен жайларды тыңдал отырып, көзіне жас алды. Біз өзіміздің бастан өткен өнгімемізді сонау жылы біздің ауылға мәсіхшілердің келгенінен бастадық. Содан соң шешеміздің қайтыс болғанын, осы әйелдің өзімен қалай кездескенімізді тәптіштеп айтып бердік. Үй иесі әйел үлкен құлақшынға су ысытты да, екеумізді шомылдырыды. Содан соң үстел басына отырғызып, тамақ берді. Тамағы өте дәмді екен. Біздің көңіліміз жай тауып қалғандай болды. Осылайша біраз отырғаннан кейін, жаңағы әйел өнгімесін бастап кетті:

– Сендердің іздел келген адамдарынды мен білемін.

– Жақсы болды ғой. Онда біздің солардың үйіне ертіп барыңызшы, апай, – дедік біз.

– Олар жақында біздің қаламыздан басқа жаққа көшіп кеткен еді, балалар. Нағыз сенуші адамдарға өте қын тиеді. Оларды әрдайым қысымға алады. Соған байланысты олар тұрғын жайларын жиі-жіі ауыстырып, көшіп жүрулеріне тұра келеді. Бұл Құдайдың ықтиярындағы іс болар. Өйткені олардың барған жерлеріндегі адамдар Жаратушыны танып, Мәсіхті қабылдайды. Мен де сондай

сенушілердің бірімін. Сендердің достарың осы жақын маңда тұратын. Олардың үйлерінде әрдайым көп адам жиналатын. Мен де өзімнің көптеген көршілерім сияқты солардың үйлеріне барып жүргендे мәсіхшілер қатарына қабылданым.

Біздің жүргімізде жаңа ғана пайда болған үміт сөулеңі лезде сөнгендей болды. “Достарымызды енді ешқашан да көре алмайтын болдық қой”, – деп қатты қиналдық.

– Балалар, менің үйімде қалындар. Жаратқан Иеміз сендердің дүғатілектерінді қабыл алып, менің үйіме алып келген болар. Мен жалғыз тұрамын. Сүм соғыс мені жақын адамдарымнан айырды. Бірге болсақ көңілді болар.

Үй иесі әйел арық саусақтарымен көзінен аққан жасын сүртіп тастады. Біз оған сеніп, ұсынысын қабыл алдык.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Есейе келе мен, Құдайдың бізді Зина екеумізді жебеп, қорғағанын және сол апаймен ұшырастыра отырып, көмек көрсеткендігін үғындым. Бір жыл өткен соң бізді өзінің бауырына басып, қамқорлығына алған апайды “мама” деп атайдын болдық. Ол бізге жүрек жылуын, ыстық ықыласты аналық сүйіспеншілігін бере білді. Біз де ол кісіге қатты бауыр басып, жақсы көріп кеттік. Өкіл шешемізбен бірге мәсіхшілердің Құдайға сиыну жиындарына барып, Киелі кітапты бірге оқып, бірге сиынып жүрдік. Құдай бізді барлық ісімізде жебеп, қолдап отырды. Біз есейіп, ер жеттік. Зина осы сендердің ауылдарында тұратын мәсіхші жігітке тұрмысқа шығып, осында көшіп келді. Мен шешеммен қалада қалдым. Ол кісі өлер-өлгенше менің отбасында бізben бірге тұрды. Енді екі мамамыз да бізді аспан көгінде тосып жүр. Уақыты жеткенде біз ол кіслердің рухымен қауышарымыз хақ. Солай емес пе, балалар?

... Алау оты шытырлап жаңып, үшқын атады. Жақын көлшіктерде бақалар шулап, бақылдайды. Коля ағайдың әнгімесінен қатты әсер алған балалар үнсіз күйде отыр. Коля ағай алауға қараған бойда бірсыптыра отырды. Үйге келген соң Саша мен Олег қалалық әжелерінің сарғайып, ескірген суретіне кадала қарап, ойға батты. “Мамамыздың басынан небір ауыртпалықтар өткен екен-ау”, – деп ой толғады балалар. Мамаларының әрдайым тілін алып, айтқандарын екі етпей, сыйлагандары қандай жақсы болған. Балалар осы қылыштары үшін өздеріне риза болысты.

## СҮЙКІМДІ АЖАР

Анардың ата-анасы жас сәбидің дүниеге келуін асыға құтуде. Мамасы өзінің төрт жасар қызы Анарға: “Жақында сенің інің немесе сіңілің болады”, – деп ескертіп қойған-ды. Бұл жаңалық Анарды қатты қуантты.

– Енді мен де нағыз бесік арбамен жол жиегіне шығып, серуендейтін болдым фой! – деп шаттанды Анар.

Кішкене сәби туған соң, оған өзінің жаңа ойыншықтарын беріп, оны ойнататын болады. Мына бұрышқа кішкене баланың ұйықтайтын тәсегі қойылмақ. Осы төсекте кішкентай кезінде Анардың өзі жатқан болатын. Ойыншықтар мен ойнай білу үшін ол алдымен біршама өсүі керек. Мамасы болашақ бөбектің киім-кешек, төсек-орнын, жөргектерін алдын ала дайындал қойған-ды. Баланы жөргектейтін үстелдің жаңында тұратын шкафтың ішіне жаңа туған нәрестеге кигізетін түрлі-түсті ғұлдері бар киімдерді жинап қойыпты. Осының бәрін аударыстырып көрген соң, Анар болашақ бөбекке арнап әдемі ойыншықтар және басқа да сыйлықтар алу керектігін айтты, мамасын асықтырды. Мамасы қызына еш жауап қатпастан тек езу тартып құлді де қойды.

Ұйықтар алдында Анар Құдайға сиынып, өзінің жүрек түкпірінде жүрген тылсым сырларын ақтарды: “Мамасы іні сыйламай, сіңілі сыйласа екен”, – деп армандастынын айтты. Інің болғаны да жақсы фой. Бірақ сіңілің болғаны одан да артығырақ. Өйткені оның шашы өскенде, тұлымшағын өріп, үлпілдеген өсем банттардың неше түрлісін тағуға, үлбіреген өсем шілтерлермен өрнектелген көйлектер кигізуге болады. Өзімде бар қуыршактардың бәрін де соған сыйлар едім. Ата-анасы, өсіресе папасы неліктен үл тұғанын аңсайды екен!? Олар үл балалардың көбіне-көп шәлкес мінезді, сотқар болатынын білмей ме, әлде?...

Соңғы кездері Анар қызық түстер көретін болды. Бірде бесік арбаны сүйретіп, қөшениң қақ ортасымен келе жатады. Оның ішінде отырған екі беті томпиған бал бөбек өзіне қарап құліп, кішкене қолдарын созады. Енді бірде кіп-кішкентай сүйкімді қызбен қуыршак ойнап отырады. Тағы бір жолы мамасы егіз бөбек туған екен, бір інісінің, бір сіңлісінің дүниеге келгеніне мәз-мәйрам болып қуанып жүреді.

Бір күні үйқыдан оянған Анарға папасы мамасының перзентханага түскендігін хабарлады. Экесі мен қызы таңтереңгі астарын ішे салысымен мамасының қал-жағдайын, дүниеге келген перзенттің үл не қыз екендігін білу үшін әйелдер босанатын үйге барды. Бөлімше алдында тізімге қарап тұрған әкесі Анарға қарап жекесін қасыды:

– Анар, саған інішек сыйлаудың реті келмеді. Енді кішкентай сіңіліне қандай ат қоятыныңды ойластыр!

– Рас айтасың ба, папа?! Қандай жақсы болды. Өзім де сіңілім болса деп армандал жүруші едім. Құдайға да солай сиынғанмын.

– Е-е, менің ұлым болмағанына сен кінәлі екенсің ғой?! – деді папасы әзіл-шыны аралас, – жүр, онда маманды құттықтайтык!

Аурухананың биік терезесінен қарап тұрған мамасына Анар бастырмалата сұрақ қойып жатты:

– Мама, менің сіңлімнің түрі қандай? Әдемі ме? Маған тартқан ба? Қалай жылайды?

Анар үйге көнілді оралды. Кешкісін папасы екеуі жаңа туған нәрестеге қоятын атты ойлап бастары қатты. Ақырында тапты да. Үйиқтар алдында папасы: “Кішкентай қыздың атын Ажар қояйық”, – деп ұсыныс жасады. Енді папасының Анар және Ажар деген екі қызы бар.

Мамасы мен кішкентай сіңлісі перзентханадан оралғанда, Анар кішкентай сіңлісінің түрін көруге асықты. Өзінің Нұрия атты қуыршағына ұқсаған сүйкімді шығар деп ойлады ол. Жөргегін ашқанда, көзіне мөлтілдеп жас толған, тақыр бас баланы көрді. “Аузында бірде-бір тісі жок. Ажар қалай тамақ ішер екен, – деп уайымдады Анар. Мойыны қатпар-қатпар, қарны қампиган, қол-аяғы шидей. Нұрияға мұлдем ұқсамайды ғой мынау!”

Анар өзінің кішкене сіңлісіне қарап тұрып, көнілі жабырқады: “Мұндай бебекті далаға бесік арбамен алып шығып, серуендетудің өзі үят қой! Көрші үйде тұратын Айнұрдың сіңлісі өте сүйкімді-ақ. Шашы бүйра, көздері тостағандай, тістері де әдемі. Ата-анасы жаңа туған сәбидің жанынан шықпай, еміренетіні несі екен?”

Анар Исаға сиынып, сіңлісінің өзінің көніліндегідей болмағаны үшін ренішті екендігін айттып, мұнын шақты.

– О, Жаратқан! Мен бұдан басқа сіңлім болса деген едім. Мен үшін түрі әдемірек сіңлі тауып бере алмадың ба? – деді Анар жыламсырап.

Мамасы Анардың бір нәрсеге ренжіп жүргенін қабағынан таныды. Оның себебін білген соң, ол ішек-сілесі қата күліп алды да, қызының құлағына сыйырлап:

– Қамықпа, қызым! Мен саған бір құпия сырдың бетін ашайын. Тындалп ал! Жаңа туған кезінде сенің де түрің осындай болған. Мен Жаратушыға күн сыйын сиына отырып, сенің өп-әсем, денің сау, үлкен қыз болып өсуінді тіледім. Менің тілеуім Құдайдың құлағына шалынғаннан ба, сенің тістерің, шаштарың есті. Аяқ-қолдарың өзінің резинадан жасалған құыршағының аяқ-қолдары сияқты топ-томпак, сүйкімді болып қалыптасты. Енді, міне, сен қәп-кәдімгідей есейіп қалдың. Сен де Ажар үшін сиынып көр. Көрерсің әлі, Жаратушы бәрін де өзгертеді.

– Рас айтасың ба, мама?! Ол әдемі қыз бола ма?

– Өте әдемі болады. Тек шыдамдылық, сабырлылық керек. Жаратушы Құдай біздің Ажарды лезде өзгерте алмайды. Біртінде өзгертеді. Осыған мойынсұнып, әрдайым сиынып жүруге сенің шыдамың жетер ме екен?

Анар ойланып қалды. Ендігі жерде кішкене сіңлісінің өсіп-жетілуі, дene бітімі, бет-әлпетінің қалыптасусы өзіне байланысты екендігін ойлады, өзіне жауапкершілік жүргі түскенін сезінді. Сіңлісін осындай күйде қалдырысын ба? Құдайға жалбарынып жүріп: “сіңлі бер” деп сұрады. Енді сол істі аяғына дейін жеткізу керек.

– Жарайды, мама, сіңлім үшін сиынармын. Осыдан не шығар екен, көрейік.


Сол күннен бастап Анар үзбей сиынып, Құдайдан кішкентай сіңлісінің тістері, шашы өсіп, өзі сүйкімді де тәтті қылышты бөбек болуын тіледі.

Анардың тілектері Құдайдың құлағына шалынған ба, Ажар күннен күнге өзгеріп, беттері томпиып, қап-қара бүйра шаштары өсіп шықты. Қызыл иектерінде қылтиып шыққан тістерін көргенде Анардың куанышы қойнына сыймады.

– Менің Жаратушыға сиынғаным зая кеткен жоқ. Тілектерім орындалды! – деді Анар куаныштан жүзі бал-бұл жайнап. Мамасымен екеуі кішкентай Ажарды бесік арбаға отырғызып алып, аулада серуенде жүргенінде сіңлісін көрген көршілер:

– Қандай сүйкімді қыз! Нағыз қуыршақ іспетті, – деп қызығатын болды. Мамасы мен Анар біріне бірі үнсіз қарап жымышп қояды. Олар

Ажардың осындағы сүйкімді болғанының сыры неде екендігінің сырын жақсы біледі емес пе?



## ҚУЛПӘШ ӘЖЕЙ

Күлпәш әжейдің мінезі шайпау да мазасыз еді. Оның бұл мінезінен мезі болған аула балалары оның көзіне түспеуге тырысып, қашқалақтап жүретін. Ересектеу балалар әжейдің титығына тиіп, бір затын бұлдіріп тастауға тырысып, ол кісінің әбден зығырданын қайнатуға өуес. Қабағын қарс жауып, бұлтша түнеріп жүретін адаммен шүйіркелесіп сөйлесудің реті келе бермейтін. Айдардың да Күлпәш әжейді суқаны сүймейтін. Қарт әжей оның Құдайға сенетінін бетіне басып, келемеждеген күндері де болған. Әжейдің бұл қылышын әкесі мен шешесіне айтып келген еді, олар:

— Ол кісі үшін сиынып, Құдайдың рақымы түсіп, мінезін өзгертсе, ол кісінің жүргегіне сүйіспеншілік, ілтипат сияқты абзal қасиеттерді дарытса екен, — деп сиынған орынды. Ол кісіні әбес қылышы үшін жазғыруға болмайды. Өйткені ол Құдайды танып, білмеген адам, — деп Айдарға басу айтты.

— Осындағы мінезі нашар кемпірдің қай жерін жақсы көріп, қай қылышы үшін сиынуға болады? Түк түсінсем бүйірмасын, — деді Айдар күйіп-пісіп.

Айнала қызық думанға бөленіп, жаз шығып келе жатты. Балалар далада асыр салып ойнайды. Олар түннің бір уағына дейін далада жүреді. Ересек адамдар да осы мезетте далада отырғанды үнатады. Шал-кемпір атаулы ауладағы орындықтардың бәріне жайғасып отырып алады. Осы үйдің ауласындағылар Күлпәш әжейдің көптен бері көрінбей кеткендігін айттып жүрді. Біреулер “Күлпәш әжей төсек тартып, ауырып жатқан көрінеді”, — деген хабарды жеткізді. Дәл сол күні кешкісін Айдар осындағы “қуанышты” хабарды ата-анасына айттып келді.

— Жақсы болды фой! Енді ауланың балаларына күнкілдең үрсатын, оларға ақыл үйрететін, құлақтарынан жүлқылайтын ешкім жоқ, — деді Айдар қуанғанын жасырмай.

Ата-анасы Айдардың бетіне қарап, біраз үнсіз отырып қалды.  
Біраздан соң мамасы оған:

— Құдайды танымаған адам жақсылыққа бой үсына алмайды. Сен Құлпәш әжейді көп кінәлай берме! Ол кісі ел басына күн тұған сұрапыл соғыс жылдарында көптеген қындықтар мен ауыртпалықтарды басынан кешірді. Оның басына түскен бақытсыздық жағдайға қуана көрме, балам. Одан да екеуміз барып, ол кісінің көнілін сұрап келейік! Біз осындаі қайырымды болмасақ, бізге Құдай риза болмас. “Мен сырқаттанған едім, көнілімді сұрамадындар, өзегім талып, ашыққан едім, тамақтандырмадындар”, – деп бізге Иса реніш білдірері хақ.

— Мама, мен ол кісі үшін үйде отырып-ақ сиына берейін. Сен өзін барып кел, жарай ма!

Мамасы қағаз қапшыққа жақадан пісірілген самсаны толтырып, шағын құлақшынға сорпа құйып алды да, Құлпәш әжейдін үйіне қарай беттеді.

Айдар мамасына уәде еткеніндей, ол кете салысымен сиына бастады:

— О, Құдайым, Құлпәш әжейге өмірлік сабак үйреткениң үшін рахмет! Бұдан былай ол балалардың мазасын алып, оларға қағажу көрсетпейтін болады. Оның істеген қылыштары үшін жазалағаның игі болды. Мен де оны осылайша жазалаған болар едім. Сиынып болған соң бала ойнауга кетті. Біраз уақыттан сон аулаға “Жедел жәрдем” машинасы келіп тоқтады. Ақ халатты дәрігерлер осы үйдің бір есігіне кіріп кетті. Біраздан соң олар аурухананың үлкен зембіліне салып, Құлпәш әжейді алып шықты. Қарт әрен демалып жатыр екен. Кірпіктері әрен қимылдайды. Зембіл көтерген медицина қызметкерлерінің сонында мамасы келе жатты. Ол қабағы түсіп түрган баласы Айдарды құшағына қысып тұрып:

— Бұл кісінің ауырганын ертерек білмегеніміз өкінішті-ақ. Құдай ол кісіні жақсылығымен жарылқап, шипасын бере ғөрсін деп тілейік!

Сол күні Айдардың мамасы ауруханаға барып, әжейдің көнілін сұрап қайтпақ болды. Ал ертеңіне ауруханаға Айдардың барып келуін өтінді. Құлпәш әжейге қажетті бір зат апарып беру керек еді. Амалсыздан Айдар мамасының өтінішін орындауға келісім берді.

Дәрі иісі анқыған палатада Құлпәш әжейден басқа тағы да екі әйел жатыр екен.

— Сен кімді іздең жүрсің? – деді сол әйелдердің бірі.

- Мен Күлпәш әжейге келген едім.
- Күлпәш әжей, сенің немерен қандай сүйкімді бала! – деп әлгі әйел жылы шырай танытты. Сөйтті де, бөлменің бұрышына таман орналасқан Күлпәш әжейдің төсегін мегзеді.

Карт кеберсіген еріндерін өзөр қымылдатып, Айдарға қарап езу тартты. Оның түрінен хал-жағдайы нашар екендігі көрініп тұр. Айдар ол кісіге не айтарын, не туралы сөйлесерін білмей, сасқалақтап қалды. Тек төсегінің жанында тұрган кішкене үстелдің үстіне мамасы беріп жіберген түйіншек затты коя салып:

– Мынаны мамам сізге беріп жіберген еді, – деді.

– Рахмет, балам! Бір сәтке қасыма отыршы!

Айдар оның төсегінің жанында тұрган орындыққа отырды. Ол әжейдің әппақ қудай болған шашына, аурудың зардабынан шүнгірейіп, солғын тартқан көздеріне, кеберсіген еріндеріне қарап, оны аяп кетті. Қарттың қазіргі келбеті жанжалқой, пысық әжейдің бұрынғы түріне мүлде үқсамайды. Ол кісі кенеттен өксіп жылап жіберді. Содан сон көздерінің жастарын сығымдан қойып:

– Кешір мені, Айдаржан! Құдай үшін! Мен саған зәбір көрсеткен едім. Кешір! Менің о дүниеге аттанатын сәтім де жақындан қалған іспетті. Сен Құдайға сенесің ғой. Менің оғаш қылыштарымды кешу етсін деп Құдайға сиыншы! Өтінемін сенен! Өлімнен қорқып, жаным түршігеді.

Айдар жақында ғана осы әжей үшін Құдайға сиыншып, дұға істегені есіне түсіп, ұялғанынан жерге кіре жаздады. Бала әжейге басын изеп, ишарат білдірді де, тездетіп палатадан шығып кетті. Өлім туралы Айдардың ойына келменті. Дәл осы сәтте өлім аузында жатқан картқа иненің жасуында болса да, көмек бергісі келді.

– О, Жаратқан Ием, Күлпәш әжейді кешіре ғөр! Оны бұдан былай жазалай көрме! Ол кісінің қалай қиналып жатқанын көріп тұрган боларсың, – деп Айдар бар ниетімен сиынды.

Келесі күні ата-анасымен ақылдасып алды да, қолына Киелі кітапты алып, ауруханаға беттеді. Ол Күлпәш әжейдің төсегінің жанында отырып, Осы Киелі кітаптан Иса туралы, Оның сүйіспеншілгі, кешірімі жайлы оқып берді. Көрші палатада жатқан аурулар да осында келіп, Айдардың оқығандарын ерекше қөніл қойып, сүйсіне тыңдасты. Айдардың әкесі де әжейдің қөнілін сұрап, халін біліп тұрды. Ауруханада жатқандар ол кісіге өздерінің ойларында жүрген көкейкесті

сұрақтарын қойып, көп жайдан хабардар болғандары үшін дән риза болды.

Сол жылдың көктемінде Күлпәш әжей дүние салды. Өлер алдында ол Исаны жүргегіне қабылдаған еді. Оның өлімнен қорықпай, аспан көгіндегі мәңгі өмірге берік сеніммен аттанғаны да осыдан болар. Соның әсерінен қарт әжей дүние салар алдында өзінің мәңгі тірі болатын рухын, Исаның даңқы асқан салтанаты күтүлі екенін жақсы түсінген болатын.

Уақыт жылжып өтіп жатты. Айдар да кәдімгідей ержетіп қалды. Өзінің жадында жатталып, бала көңілінде мол әсер қалдырған сол бір күндер есіне түскен сөтте ол қолына Киели Кітапты алып, ауруханаға баратын. Ондағылар Айдардың келгеніне қатты қуанатын. Ауруханада жатқан сырқат адамдардың арасынан Құдай Сөзін, гибраты мол әңгімелерді тыңдал, Құдайды таныған соң, тәубеге келіп, өздерінің күнөларынан бас тартып, жақсылыққа бет бүратын адамдар кездеспесіне кім кепіл?



## ВАСЯ – СЫҒАН БАЛАСЫ

Вася өзінің көрі әжесінің артынан еріп, жол шетімен келе жатты. Ол тым болмаса бір тын тауып алсам ғой деген үмітпен жолға қарап келеді. Балмұздақ жегісі келіп барады. Құннің шыжыған ыстығы оның бүп-бүйра қара шашын қатты ысытып, басын пысынатып жіберді. Шөлдегеннен тамағы кеберсиді. Ол кей кездері әжесінен ақша сұрап алатын. Дәл қазір әжесі оған еш көңіл бөлместен, өзінің сорайған темекі трубкасын тартып, өзімен-өзі болып келе жатыр. Оның беліне байлап алған қапшығында ақшасы бар. Қапшығының аузын түйреуішпен түйреп алыпты. Ол ақшага Васяның қолы жете алмас. Жол бойы көзін сүзіп, қарап келеді. Сонда да тапқан ақшасы жоқ. Бала «кімнің ақшасын жымқырсам екен» деп қиялға шомды. Ақырында олар үлкен дүкеннің жанына келіп тоқтады. Әжесі дүкенге қарай беттеді. Вася осы жерде ақша тауып, табысқа кенелудің реті келіп түрған шығар деген үмітпен әжесінің артынан томпаң қағып жүгіре жөнелді. Қарт кезекте түрғандардың ең сонына барып, кезекке түрді. Вася дүкеннің басқа бір бөліміне қарай беттеді.

Бұл жерде адамдар өте көп екен. Мұнда тұрғандардың сыртынан бағдарлай қарап жүрген Васяның көзіне әдеміше келген жас әйел ілкіт. Ол ешкімге көңіл бөлместен өзімен-өзі болып, дүкен сөрелерін қарап жүр екен. Қолындағы ұлкен сөмкенің ауыз жағынан сырты гүлдермен әшекейленген әмиянның бір шеті көрініп тұр. Осындай қазына көзін көргенде Васяның қуанғаннан басы айналып кеткендей болды. Вася жаңағы әйелдің жаңына ақырын басып келді де, әмияның жып еткізіп суырып алды. Жаңағы әйелдің бетіне қарауға дәті бармай, ол кейін шегініп бара жатқан еді, кенет бір адам қарулы қолдарымен оның құлағынан ұстай алды. Сыған баласы басын көтерген еді, түрі сұсты бір карт өзіне ажырая қарап тұр екен.

— Ой, ұры неме! Қарында, мынау сіздің әмияныңыз ба? Мен сенің көкенді көзіне көрсетермін, — деп гүжілдеген дауыспен әлгі қарт балаға сес көрсетті.

Ақырында жаңағы адам баланың басынан үрайын деп қолын кезей берген еді, бала жан дауысын шығара әжесін шакырып, айқай салды. Сол-ақ екен әжесі де келіп жетті. Сөйтіп, жаңағы қартпен әжесі ежікелесіп, ұрсысып кетті. Осы кезді пайдаланып, Вася дүкеннен тайып тұрайын деп үмтүлған еді, жаңағы әмиян иесі оның қолынан мықтап ұстап алып, тырп етіп қозғалуға мүрша бермеді. Вася ол әйелдің әдемі көздеріне қарап тұрып:

— Кешіріңізші, апай! Мен абайсызда... Кешіріңізші, — деді жалынышты дауыспен. Жаңағы келіншек оны ерткен күйі далаға шықты.

— Корықпа, балақай, саған ақша керек пе? Шындығынды айта ғой, — деп сұрады ол жұмсақ дауыспен.

— Иә, біраз ғана ақша керек еді. Балмұздақ сатып алу үшін. Әжем өте сарап, маған ақша бермейді. Менің балмұздақ жегім келеді.

— Сенің атың кім?

— Вася.

— Жасың нешеде?

— Білмеймін. Жетіде ме, өлде сегізде ме? Мүмкін, тоғызда болармын. Әжемнен сұрасаңыз болады. Сол біледі.

Жаңағы келіншек баланың басына қолын созды. Вася ол ұрып жібере ме, немесе құлағын жұлқи ма деп сескеніп қалды. Бірақ келіншек олай етпеді. Қайта еркелетіп, басынан сипады.

— Эй, үркесімағым-ау! Сенің жымқырып алғаның әмиян емес еді, — деп жаңағы дорбашаның ішін ашты. Қараса ішінде кіп-кішкентай жалаңаш куыршақ, шілтерлі қол орамал мен екі тал конфет жатыр екен. Бұл — менің кішкене қызымының сөмкесі. Ол папасымен бірге үйге кайтып кетті. Мен дүкен аралайын деп осында қалған едім. Ал ақша салған әмиян міне — менің қолымда. Жүр, менімен бірге балмұздақ сататын дүкенге баралық. Саған балмұздақ сатып әперейін. Өзімнің қызыма да ала салайын.

— Апай, сіз өтірік алдамайсыз ба?

— О не дегенің, өтірік айттып негылайын?

Осы жерде Васяның әжесі дүкеннен шықты. Қатты ашууланғаны сондай, демігіп, екі иығынан дем алады. Қолында бір бөлке наң және шылымы бар. Қарт жас келіншекке шүйліге қарап қалды. Осы кезде Вася өзінің тілінде бірденелерді айтқан еді, оның ашыу басылып, сабасына түсті. Келіншектің басынан аяғына дейін көз жүгіртіп, сын көзбен қарады да, аяғын жай басып, үйіне қарай беттеді.

— Вася, кеттік пе?

Жаңағы келіншек дүкен жаққа беттеді. Бала қуанып кетті. Ол лездеде ақ жолдың ар жағына өтіп барып, дүкен жанында кезекте түрғандардың қатарына барып, кезекке түрді. Қоپ өтпей-ақ қөніл көгіндегі арманы балмұздақ оның қолына тиді де. Сырты шоколадпен қапталған «эскимо балмұздағы» қолына тиісімен, оның қуанғаннан көздері гүл-гүл жайнап кетті.

— Қандай тамаша! Жай ғана балмұздақ емес, сыртында шоколады бар балмұздақ! — деді қуанышты дауыспен.

— Сенің үйің қай жақта? — деп сұрады келіншек, — мүмкін баратын жеріміздің бағыты бір болар?

Сыған баласы кір-кір саусақтарымен өзінің үйіне баратын жолды нұсқады. Сөйтіп, ол екеуі сол бағытты бетке алып, жүріп келе жатты. Бала балмұздақты сүйсіне жеп келеді. Жеп болған соң балмұздақ ораған қағазды алды да, оның жағын түрған үйдің дуалына жапсырайын деп ынғайланды.

— Ей, достым, тұра тұр! Маған бер қағазын, — деді де, қағазды оның қолынан алып, сөмкесінің үстінгі жағына сала салды.

— Бекер істедіңіз фой! Өте әдемі еді.

— Әдемі екені рас. Бірақ осы үйдің қожайындарына ұнамауы мүмкін.

Вася, сенің папаң мен мамаң қайда? – Не дейсіз? Мен әжемнің баласымын фой. Маған ол кісінің баласы болғаным жақсы. Бірақ кейде әттеген-ай дейтін кездер де болады.

– Оны қалай түсінуге болады?

– Кей кездері әжем мені қатты сабайды.

Вася өзінің шашын бес саусағымен сығымдап ұстап алып, әжесінің өзін қалай үратынын бейнелеп, көрсетпек болды. Келіншек оның бұл қылышына ішек-сілесі қата күліп алды да:

– Сендер кіммен бірге тұрасындар? – деп сұрады.

– Кіммен болушы еді. Бәрімен бірге тұрамыз. Әжем мені ешкімге де ренжіттірмейді.

Екеуі сөйлесіп келе жатып, келіншектің үйінің жанына жеткенін байқамай қалды.

– Анау көк дарбазасы бар үйдің ар жағында тұрған үйді көрдің бе? Сол – біздің үйіміз. Егер асықпасан, біздің үйге жүр.

Вася үялуды білмейтін өжет бала еді. Жәудіреген қара көздерін ойнақшытта:

– Барсақ, барайық! Әжем білмейді менің қайда екенімді.

Вася қақпадан жүгіріп шыққан алба-жұлба төбетті көргенде зәресі кете қорықты. Жалма-жан апайының юбкасынан қапсыра ұстап алыпты. Сөйтіп, олар үйге де кірді. Жаңағы келіншек бес жасар қызы Нұргұл және оның папасымен таныстырыды.

Нұргұл қуанғаннан мамасының мойынынан құшақтай алды да, оның қолындағы балмұздакқа қол созды. Содан соң өзінің кішкентай сөмкесін алды. Васяны көрген кішкентай қыз бейтаныс баланың бетіне таңырқай қарап қалыпты. Бұрын-сонды Нұргұл өзінің үйінде мұндай қонақты көрген емес. Баланың бүйра шашы тікірейіп, үйпатауypa болып тұр. Үстіне киген майкасының қарынындағы түсында үңірейген жыртық бар. Қысқа шалбарының белін солдат белдігімен буынып алыпты. Қол-аяғы, беті кір-кір. Ол жалт-жұлт еткен қара көздерімен қызға қарап күлімсіреді. Нұргұл балаға аңырайып қарап тұрып, қолындағы балмұздағының еріп бара жатқанын да байқар емес.

– Біздің үйге келген қонақ кім болды екен? – деп күлімсіреді күйеуі. Келіншек баламен қай жерде, қалай кездескенін қызық етіп айтып

берді. Бұл ретте ол Нұргұлдің сөмкесі туралы тіс жарып ештеңе айтпады.

— Бірнеше минуттан соң Ләйлә апай Васяны қояр да қоймай ваннаға кіргізді. Ол ваннаға кіре салысымен Ләйләнің көзін ала беріп, көгілдір түсті, хош иісті сабының дәмін татып көрді. Сол-ақ екен, жүрегі айнып, лоқсып көпке дейін аузындағы сабын татитын көбікті түкіріп жүрді. Апай Васяның басына бір сүйық затты құйып, шашының кірін езіп, жуа бастады. Қарсыласайын деген еді, ол Васяға:

— Қарсыласатын болсан, Нұргұлдің папасына сөмкесе туралы айтып беремін. Сонда ол сені жақсылап сабайды, — деп қорқытып қойды.

Вася қорыққанынан дымын шығармай, төзіп бақты. Апай оны душтың астына тұрғызып, шомылдыра бастағанда ол судан тұншығып, қатты қысылғандығы сондай, жылағысы келіп, өзін әзер тоқтатты. Тезірек сыған әжесіне кеткісі келді.

Шомылдырып болған соң, Ләйлә апай оны құдды бастықтың баласындей, мұнгаздай етіп киіндірді. Оның жас шамасы дәл Васядай баласы бар көрінеді. Қазір ол ауылдағы әжесінің үйіне қонаққа кеткен екен. Оның баласы күзде үшінші сыныпқа барады. Сөйтіп, Вася көгілдір түсті майканың сыртынан алабажақ гүлді жейде, кара түсті қысқа шалбар киіп, әп-әсем болып ваннадан шықты. Вася айнадан өзінің кескінін көргенде көңілі көтеріліп қалды. Ол дәл осы сәтте сығандар биін билеп, әжесінің сүйіп айтатын әнін айтқысы келіп кетті. Бірақ оның концертінің шырқын ісі тамаша, дәмді ас бөліп кетті. Вася адамдар күнделікті осылай өмір сүреді екен-ау деп таңданып қалды.

— Ой, мен бекер сыған болып туған екенмін, — деді ол түскі асты ішіп болысымен. Оның бұл қылығына Ләйләнің құйеуі ішегі қата куліп алды. Васяның үйіне қайтқысы келмедин. Ләйлә апай оның шашын қысқартып қырқа бастаған еді, оған да қарсы болған жоқ. Бұдан соң ерлі-зайыптылар оның қолына түрлі суреттері бар кітапты берді. Ол суреттерде ақ киім киіп алған қанатты адамдар, әте қымбат киімдер киген бай адамдар бейнеленіпті. Айқышқа шегеленген адамның бейнесі баланың көзіне оттай басылып, ерекше әсер етті. Оны көрісімен Вася суреттегі адам өзіне таныс екендігін, суреттегідей айқышты әжесі мойнына тағып жүретіндігін айтты. Бұл кім деп сұрағанында ағасы: Бұл — Иса Мәсіх деген еді.

— Ол біздің өмірімізді сақтап қалу үшін өзінің өмірін пиде етті. Содан кейін ол қайтадан тірілді. Енді Ол аспан көгінен біздерге қарап тұр. Ол сені өте жақсы көреді.

— Не үшін?

— Сенің адам баласы болғаның үшін, тұсінесің бе? Ол сенің әрқашан тамағың тоқ, киімің бүтін болып, денің сау, бақытты болуынды қалайды. Сен Ол үшін өте қымбатсың!

Бала апайдың айтқандарының түгелін тұсіне қоймаса да, аспан көгіндегі Адамның өзіне деген осындағы ілтиштесінде сүйіспеншілігі, камқорлығы жаңына жайлышы тиіді.

— Енді үйіне бара ғой, балақай. Егер Иса туралы егжей-тегжейлі білгің келсе, біздің үйге тағы да келерсің. Басыңа қыындық түсіп, көмек қажет болса, бізді іздел тап!

— Жарайды.

Вася әдете біздің естіп жүргеніміздей, алғыс айта алмаушы еді. Ол үйдегілердің бәріне құлімсірей қарады да, апайдың қолынан сүйіп алды. Иттің қасынан өтіп бара жатқанда бала онша сескене қойған жоқ. «Ит маған үйрене берсін, мен бұдан былай осында келіп тұрамын ғой», — деп ойлады ол ішінен. Дарбазаның сыртына шыға салысымен Вася әжесіне қарай жүгіре жөнелді. Өзінің басынан өткендерін оған айтып беруге асықты.

Қарт өзінің немересін өрөн таныды. Баланың әңгімесін тыңдалаң отырып, ол арлы-берлі теңсөліп жүрді. Ұзын тұтікті шылымын тартып, ой үстінде болды. Өзі жер бетінде өмір сүргелі қашшама уақыт өтті десенізші. Өзінің ұзақ өмірінде жақсыны да, жаманды да көрді. Бірақ алба-жұлба болған сыған баласына осылайша ілтиштесінде көрсетіп, камқорлыққа бөлекен адамды көрген емес. Әңгімесін айтып болған соң бала әжесінің тізесіне шығып алды да, оның мойнындағы крестінде бейнеленген адам бейнесіне ұзақ қарап отырды. Вася әжесіне мейірбанды Иса туралы тұсінгенінің бәрін айтып берді.

Кешкісін Васяның бір топ туған-туысқандары бір жерге жиналышп, мәре-сәре болып, көнілдерін көтерісті. Біреуі күледі, біреуі тандайларын қағады. Әйтеуір самарқау қалған ешкім болған жоқ.

Көгілдір дарбазалы үйге баруға Васяның аңсары ауып тұратын болды. Ертеңіне сол үйге бармақ болып жиналған еді, әрқашан даналығымен ерекшеленетін әжесі немересінің көкейіндегі ойын тұсіне қойды да, ол үйге баруға асықпауын өтінді. Әжесі Васяға: “Ол үйге

барғанда олардың бір нәрсесін сұраусыз алушы болма, оған көнбесен таяқ жейсің”, – деп қолындағы таяғын көрсетті. Бірақ Васяда ондай жаман ой болған жоқ еді. Бала Ләйлә апайды, оның кішкене қызы Нұргұлді және күйеуін, өте қызықты кітапты көргісі келіп, ынтызар болды. Бірнеше күн өткен соң сыған кемпір немересіне ол үйге баруына рұқсат берді.

– Сен неғып жоғалып кеттің, Василек, – деді Ләйлә апай оны қуана қарсы алып.

Ол Васяға мейірімді көздерімен елжірей қарағандығы сондай, баланың көңілі босап, жылап жібере жаздады. Бұрын-сонды оған ешкім де осылайша мейірімді қараған емес-ті. Ол Ләйлә апайдан көз алмай қарап қалды. Кішкентай қызы Нұргұл мен оның папасы бір жаққа кеткен екен. Үйде екеуі ғана қалғанына қуанып кетті. Ләйлә апай Васяның беті-қолын сабындан жуғызды да, столға отырғызып, тамақтандырды. Тамаққа қатты тойғандығы сондай, оның басы айналып кетті. Ләйлә баланы креслоға отырғызды да, оның сығандық өмірі туралы айтқан әңгімелерін көңіл қоя тыңдады. Бала сондай бір күлкілі оқиғаларды айтуда тырысып бақты. Бірақ оның айтқан әңгімелерінен Ләйлә апайдың түсі өзгеріп, жүзін мұн басқанына түсіне алмай-ақ қойды. Ақырында Вася осы үйде көрген кітабы туралы сөз сабактады. Ләйлә апай ол кітапты шкафтың үстінен алып, оның беттерін асықпай парастап отырып, Васяға Исаңың дуниеге келуі тарихы жайлы байышпен әңгімелеп берді. Ақырында сөз тиегі Исаңы айқышқа шегелеп, азаптап өлтіргеніне келіп тірелді. Бала бұл оқиғаны да демін ішіне ала отырып, көңіл қоя тыңдады. «Адамдар неліктен Иса Тәнірge қатыгездік көрсетіп, әділетсіз жазалаған екен» деп қапа болды.

– Менің жазығым болмаса да жиі-жиі сабайды, – деді Вася ағынан жарылып. Мен фой өзімді қорғай алмаймын. Жас баламын. Иса сондай күшті бола тұра Өзін жәбірлегендерді неге өлтіріп тастамаған?

Ләйлә апай Васяның басынан сипап отырып, Исаңың не себепті қаза болғанын балаға үғынықты тілмен түсіндіріп беруге тырысты.

– Ол мен де Құдайдың қасында өмір сүрсін деп, өз жанын пида еткен бе?

– Иә, Василек. Мына суретті қарашы! Мұнда біздің Исаңың қайтадан тірілген бейнесі суреттелген. Міне, Ол аспанға көтеріліп барады. Сол аспан көгінде Ол өзіне сенгендерді күттеде.

— Мен де Оған сенемін. Мына суретте бәрі ап-анық суретtelген ғой. Қалайша сенбессің? – деді сыған баласы таңданып.

— Білесің бе, Василек, дәл қазір Иса аспан көгінен саған қарап тұр. Сенің сөздерінді естіп, сенімен тілдескісі де келетін болар.

— Сонда қалай, сіздердің үйлерініздің төбесі бөгет болмай ма?

— Жоқ, қымбаттым. Ол – Құдіретті Құдай. Оған еш нәрсе де бөгет бола алмайды. Оған бөгет болатын – тек біздің жүргегіміздегі жауыздық, жамандық, қастандық сияқты жат қылықтар мен күнелар. Егер қаласаң, қазір мен Оған сиынып, саған қамқорлық жасап, әрдайым көмектесіп жүруін сұрап, дұға етейін.

— Эрине, қалаймын. Бірақ, Ол маған қалай көмектеседі?

Осы бір көгілдір қақпала үйде отырғандардың бірі сұрап берсе, екіншісі оған жауап беріп, көп отырды. Ең акырында Ләйлә апай жайғана биязы дауысымен Құдайға сиынып, дұға тілектерін айтты. Осы бір жылы жүзді, ақ-жарқын әйел Васяның өмірін куаныш пен үміт сөүлесімен нұрландырғандай болды. Осы сәт балалардың сайқымазағына, үрып-соққанына шыдап жүргенше, Исаға кетіп қалғысы келді. Сыған баласы Вася үшін бұл дүниеде өмір сұру кын-ақ. Өйткені ол – тұл жетім.

Жаз айы тез-ақ өте шықты. Вася сүйіспеншілікке толы кішкене жүргімен Исаны жақсы көріп, оған қалтықсыз сенгенін өзі де анғармай қалды. Бала өзінің ең алғаш рет Құдайға сиынғанын жадында сақтап қалды. Ол жүргегіне жылы да жақын көрінетін отбасының жаңында тізерлеп отырып, өзінің ағаттық істері үшін Құдайдан кешірім сұрап, Одан өзін ешқашан да шетке тастап кетпеуін өтінді. Қазір Вася күнө деген не екенін жақсы түсінеді. Күнәдан арылуға тырысып бағады. Сығандардың барлығы жиналып келіп, оны келемеждесе де, ол бұдан былай боқтық сөз айтпайды, үрлық жасамайды, қолын жайып, қайыр сұрамайтын болады. Ендігі жерде Құдайдың өзін әке тұтты. Өмірде бұдан асқан игілік болар ма?

Күзге қарай Васяның өмірінде жаңын жегідей жеген күйінішті жай болды. Сығандардың үлкен отбасы басқа қалаға қоныс аударды. Оның себебін ол білмейтін еді. Ләйлә апай мен оның отбасындағылармен қоштасу сәті оған әсіресе қын тиді. Сол кеште ол Ләйләның үйіне келді. Оның тізесіне басын қойып отырып, солқылдаш жылағаны-ай. Болған жайдың анық-қанығына жеткен соң, Ләйлә да көзінің жасын тия алмай, балаша еніреп жылады.

Васяның кір-қожалақ бетінен сүйіп алды. Қоштасар сәтте Ләйлә Васяға Кielі кітапты сыйға тартты. Оған қоса түйіншекке салынған бірсыпты затты қоса берді. Барлығы бірге отырып сиынды да, алдағы уақытта бір-бірімен кездесуді армандады.

– Мен неліктен сіздің баланың болмаған екенмін? Мен неліктен сиған болым екен, – деді Вася сыйбырлай сөйлеп.

– Оның себебі Құдай сенің халқында да жақсы көреді. Осыны есінде сақта, Василек! Өз халқын үшін сиыншып, олардың да Құдайға сенуіне көмектес. Осыған уәде бересің бе?

Васяны олар үйіне дейін шығарып салды. Оның үйіне барған соң Ләйлә мен оның күйеуі Васяның әжесімен және үзын бойлы әдемі сиғанмен ұзақ уақыт бойына әлдебір жайлар туралы сөйлесіп отырды. Дәл осы кезде өзінің тағдыры туралы сез болып жатқанын Вася білген жоқ еді.

Сығандар жол жүріп кеткеннен кейін Ләйлә жабырқап, көңілсіз күйде отырып қалды. Балалар өз бөлмесіндегі кілемшелерге Васяның суреттерін іліп жатты. Олардың папасы Васяның өмір сәттерінің әр кездерін бейнелеп, суретке түсіріп алған-ды. Бір жерде сиған баласы өзінің қалай билей алатынын көрсетіп тұрса, мына бір жерде Кielі кітаптың беттеріндегі түрлі суреттерді тамашалап тұр. Ал мына суретте ол балалармен бірге Құдайға сиыншып отыр.

Бір жыл бойына Вася туралы еш хабар болмады. Жыл бойына бүйра басты сиған баласының амандығы үшін сиыншып журді олар. Бір жыл өткен соң олар бір сүйкі хабар алды да, соларды іздел жол жүріп кетті. Бірнеше күн өткен соң олар Васяны альш, үйге оралды. Бала жүдеп-жадап, үстіндегі киімдері де алба-жұлба болып ескіріп кеткен. Ол машинадан түсіп, үйдің жанындағы дарбазаға сүйеніп тұрып, дауысын шығара жылап жіберді.

Жылама, ұлым. Енді сен өз үйіңе біржолата оралдың! – деді Ләйлә апай. Бала апайының сөзіне қуаныш қалды. Бірақ, Құдайды танымастан-ақ дүниеден өткен өзінің әжесін қатты аяп тұрды.

Осыдан бірнеше жыл өткен соң Вася өзінің алдына айқын мақсат қойды:

– Мама, мен өзімнің сиған баласы екенімді ұмытқан жоқпын, – деді ол, – оқып сауатымды ашамын да, өзімнің халқыма Ізгі хабарды жеткізетін боламын. Олар былайша өмір сүрмеуі тиіс.

– Құдай сені жебеп, көмектесе ғөрсін, – деді шешесі оны қуаттап.

Өздеріңіз тұратын өлкеден ұзын бойлы әдемі келген сыған жігітті кездестіргендеріңіз бар ма? Қолына Киелі кітапты ұстап, арқасына жеті ішекті гитарасын асынып жүретін жас сыған Құдайдың Ұлы туралы өсем сазды әндерді айтып, өзінің халқы үшін әрдайым сиынып жүреді.

## КІШКЕНТАЙ ІЗГІ ХАБАРШЫ

Балалар үйі Ардақ оқытын мектепке жақын жерде орналасқан-ды. Мектептен қайтып келе жатып Ардақ балалар үйінің алдындағы аланда ойнап жүрген балаларды көретін. Олардың жас шамалары әр түрлі болғанымен, мінез-құлықтарында, көзқарастарында ортақ ерекшеліктері бар екендігін аңғару киын емес-ти. Мектептен қайтып келе жатқанында балалар осы дарбазаның жаңында тоқтап тұрып қалатыны бар.

Олардың кейбіреуі осы балалардың арасынан өздерінө достар тауып алған болса, екінші біреулері соларды келемежедеп, темір шарбақтарға қолдарын сұғып, ол балаларға конфет, печене, сағыз немесе сағыздың қосымша беттерін ұсынатын. Балалар үйінің жеткіншектері мұнда келгендермен тез-ақ шүйіркелесіп, танысып кететін, берген сыйлықтарын қымсынбай-ақ қуана-қуана ала беретін. Ал ересектеу балалардың мінез-құлықтары мүлде басқаша еді. Олар өздерін жоғары ұстайтын. Оның себебі де бар болар. Ардақ кей ретте сол дарбазаның ар жағында ойнап жүрген жасы үлкен балалардың кішкене балаларды жәбірлегенін байқап қалатын. Сондай сәттерде Ардақтың қөздеріне еріксізден жас тольш, кішкене балаларға қол ұшын беріп көмектескісі келетін-ди. Оның қолынан не келсін? 5-сыныпта оқиды. Бірақ жас балғындарға көмектесудің басқа жолы да бар еді. Ол – Құдайға сиынып, бал бөбектерге жақсылық тілеу. Ол Исаға сиынып, жәбір көрген балаларға көмектесуін талай рет сұраған. Үйге келгенде сінлісі мен мамасына мұнын шағып, болған жайды баяндайтын. Оның айтқандарын тыңдал отырған папасы балаларына өздерінің бақытты өмірі, өздерін аялы камқорлыққа бөлеп отырған бақытты отбасы үшін Құдайға мың сан алғыс жолдан сиынуды ұсынып, ақыл беретін.

– Папа, ана балалар неліктен балалар үйінде тұрады? – деп сұрады сонда төрт жасар Майғұл.

Папалары балаларды бақытсыздық күйге ұшырататын алуан түрлі оқиғалар туралы әңгімелеп беретін. Мамасы да ата-анасыз өскен баланың өмірі ауыр екендігін айтып түсіндіретін. «Ондай балалардың басына қындық жағдай туса, оларға қол ұшын беріп, көмектесер, мейірімін төгіп, еркелетер ата-анасы болмағаны қандай қын десенші!» – дейтін мамасы қатты қайғырып.

– Ең қыны сол, осындай балалардың барлығы дерлік Құдайсыз өмір сүреді. Олар өздерінің бастарына түсken қындықтарын Исамен бөлісіп, оған сүйеніп отырса, олар есейіп, ержеткенде көnlдеріне куаныш ұлаған, бақытты адамдар қатарында болар еді.

Осы отбасының мүшелері күнделікті балалар үйі үшін сиынып, игі тілек тілеп жүретін. Ардақ биік дуалдың жанынан өтіп бара жатып, сол жерде ойнап жүрген балаларға Құдай туралы балаларға арналған кітапшаларды сыйға тартып, оның ішінде жазылғандар туралы әңгімелеп беруге тырысатын. Бұл жерде көп балалар Ардақты жақсы танып алған. Ол әкелген кітаптарды алып оқушылар, оның әңгімелерін тыңдаушылар да көп еді. Олардың басым көпшілігі жас бүлдіршіндер еді. Ардақ сонда барып жүрген кезінде ересектеу балалар кекесінді түрмен самарқаулық танытып, шеткерірек тұрғанымен, кішкене Ізгі хабаршының айтқандарына құлақ түріп жүретінін анғарып қалатын.

Кей күндері сәтсіздіктер де кездесіп қалатын. Тілек дейтін шашы сап-сары келген, тәмпіш мұрынының үстін секпіл басқан ұзынтура бала келіп қалса болды, Ардақтың ісі онға баспай қалатын. Ол Ардақты көрсе болды:

– Тайып тұр осы жерден, құдайшыл неме! Өмір туралы не білемін дейсін сен? – деп тістене сөйлеп, айбар көрсететін...

Тілек Ардаққа балағат сөздер айтатын. Оны естігенде Ардақтың беті қызырып, жерге кірердей болып ұлатын. Осындайда Ардақтың айтқандарын үйіп тыңдайтын балдырғандар да Тілектен сазайын тартады. Ұзынтура олардың желкелерінен түйгіштеп, жәбірлейтін. Ардақ мұндай жағдай болған кездерде үйге жылап келетін де, өз бөлмесіне кіріп алып, ұзақ уақыт бойына Құдайға сиынып отыратын. Бұдан соң бүкіл отбасы мүшелері болып Тілек үшін сиынып, Құдайдан оны дұрыс жолға түсуге көмектесуін сұрап, дұға тілеп жүрді.

– Сен Тілекке ренжіме, қызым, оның өмірі өте қын. Ол – өте бақытсыз бала, – дейтін әкесі қызына басу айтып. Ең бастысы басқа

балалармен сөйлесіп, олармен әңгімелесуінді жалғастыра бер! Ол балалардың кінәсі жоқ қой.

Ардақ әкесінің айтқан ақылын көңіліне түйіп алды. Көп ұзамай папасы Ардаққа қуанышты хабар жеткізді.

— Біздін қауым балалар үйін қамқорлыққа алатын болышты. Ендігі жерде біз ол балаларға материалдық жағынан көмектесетін боламыз. Ен бастысы, онда жексенбілік мектеп ашуға мүмкіндік туды. Қызым, сені балалар үйінде өткізілетін сабактарға қатыстыруды үйарып отырымын. Ондағы балалардың басым көшшілігі сені жақсы таниды.

Ардақ қуанғанынан қолын қатты-қатты шапалақтап жібергені сондай, Майғұл оянып кетті. Кешкісін отбасы мүшелері Жаратушы Құдайға сиынып, олардың дұға-тілектерін қабыл алғаны үшін алғыс сезімдерін білдірді.

Ардақ балалар үйі ғимаратының табалдырығын алғаш аттаған күнін өз өміріндегі ерекше күн деп санайды. Бұл күні мамасы оның үстіне талғаммен тігілген қарапайым киімдерін кигізген еді.

— Балалар сенің үстіңе киген киімдеріне емес, өзіңе қарауы керек. Олардың үстілеріне киген киімдері де қарапайым екені сөзсіз. Сондықтан да сен олардан өзгеше көрінбей, солардың өздері сияқты болғаның дұрыс, — деп мамасы қызына ақылын айтты.

Ардақ мамасының айтқандарын құп алып, басын изеді. Мәсіхшілік мектеп тобының есігі айқара ашылғанда, оның жүргегі қобалжып, аяқтары дірілдеп кетті. Бұл топты өзінің папасы басқарып жүрді. Оның қасында Ардақтан басқа тағы да екі жігіт және қолында гитара ұстаған бір қыз болды. Осы балалар үйінің қабырғасында оларды не күтіп тұр екен десеніші!

Олар ең алғашында мұғалімдер бөлмесіне енді. Онда бұларды асыға күтіп отыр екен. Бұдан соң қонақтар үйдің екінші қабатындағы акт залына қарай беттеді. Залға жас шамалары әр түрлі балалар жиналыш, қонақтарды тосып отыр екен. Қонақтарды көре сала олар ду қол шапалақтап, қошемет көрсетіп жатты. Залда жиналғандардың арасынан Ардақ өзіне қарап, күлімсіреп отырған таныс балаларды байқап қалды. Әкесі балаларға жай, ұғынықты тілмен өздерінің осында келгендегі мақсаттары, мәсіхшілердің кімдер екендігі туралы, өздерінің кімді пір тұтып, жан дүниесімен сенетіндігі туралы ұғынықты тілмен әңгімелеп берді. Мәсіхші қызы сахнаға шығып, гитарамен бірнеше ән

орындағы. Балалар үйінің кітапханасы балаларға арналған қызықты өңгімелер жинақталған Киелі кітаппен толықты.

Кеш қорытындысында Ардақ балаларға өлең оқып беруі керек еді. Бұл өлеңді ол бүрыннан білетін. Осы жыр жолдарын ол мектепте, қонақта болған жерде, үде талай рет оқыған-ды. Бұл өлең Иеміз Исаның бақытсыздыққа душар болған жесір әйелдің ұлы мен Жайырдың қызына деген асқан сүйіспеншілігі туралы еді. Жүрек түпкірінен шықкан шынайы сезіммен оқылған бұл өлең тыңдаушыларға қатты әсер етті. Өлеңді оқыған кезде Ардақтың дауысы өте мәнерлі де нақышты болып шықты. Балалар оны асқан ыждығаттылықпен зер сала тыңдалғанда отырды. Ардақ ішінен өзіне-өзі риза болып, көнілі көтеріліп қалған-ды. Кенеттен ол залда отырғандардың арасынан өзіне кекесінмен тыржия қарап отырған Тілекті байқап қалды. Қыз қобалжығаннан өлеңнің кейбір сөздерін ұмытып, шатасып қалды. Оның қатты күйінгені сондай, көзіне мөлтілдеп жас толды. Ақыры ол әкесі тұрған жаққа қарай жүрді.

– Қобалжыма, Ардақ. Есіңе түсірге тырыс!

Қыз өлең жолдарының ұмытып қалған жерлерін есіне түсірмек болып, ойланып тұрған еді, зал жақтан шыққан дөрекі дауыс оның ойын бөліп жіберді.

– Оқитын өлеңінді жаттап алсаң болмай ма? – деді Тілек.

Оның бұл сөздеріне залда отырғандар ду күліп жіберді. Ардақ бұдан әрі шыдап тұра алмады. Жүгірген бойда залдан, содан соң үйден шығып, баяғы өзіне таныс зілдей ауыр қақпаға қарай беттеді. Қақпаның ар жағында жүрегіне жылы да жағын сезілетін мектебі көрініп тұр. Осы мектепке барып, оқып жүргеніне бес жыл болды...

Шешесі қызын осындай жабырқау күйде қарсы аламын деп ойламаған еді. Ол Ардақты жұбатпақ болып тырысқанымен одан еш нәтиже шықпады. Сол сәт анасы қызының көніліне Құдайдан өзге ешкім жұбаныш бола алмайтындығына көзі жетті. Әкесі үйге оралғанда қызы мен шешесі қатар отырып, Құдайға сиынып отыр екен.

– Әке, енді мен ешқашан да балалар үйіне бармаспын. Тілек үшін де бұдан былай сиынғым келмейді! Мен оны жегідей жек көремін. Осының бәріне кінәлі – сол!

Әкесі оның айтқандарына қарсы болған жоқ. Ішінен бұл туралы реті келгенде басқа уақытта сөйлесермін деп шешті. Үйшіктар алдында

папасы Ардақтың бөлмесіне келді де, еш нәрсе болмағандай-ақ сөз бастап кетті.

— Келесі жолы балалар үйіне барғанда балалар хорына қатысушылар арасынан бірнеше баланы өзіммен бірге ерте бармақпын. Балалар үйінің балалары бізді куанышпен қарсы алды емес пе? «Тағы да келініздер, — деп өтініш жасады. — Мына заттарды сені танитын балалар беріп жіберді», — деп сурет салатын альбомның бірнеше парагын Ардаққа ұсынды. Ол парактардың әрқайсысына балалар алуан түрлі суреттер салып, олардың астынғы жағына өздерінің Ардаққа деген ыстық ықыласты ізгі тілектерін жазып, әрқайсысы өздері салған суреттерінің астына өз қолдарын қойыпты.

Ардақтың жүргегі жылып сала берді.

— Папа, сонда да болса мен ол жерге қайтадан бара алмаспын!

— Жоқ, сенің бүл шешімінді құптамаймын. Сен мәсіхшілердің қыындыққа мойымайтын жігерлі жандар екендігін дәлелдегенің жөн болар. Сенің нағыз қайсар қызы екенинді Тілек те білсін. Тілекті жаза күтіп тұр. Балалар үйінің директоры оған бұдан былай акт залына кіруге рұқсат бермейтідігін айтты. Мен ол кісімен сөйлесіп, райынан қайтып, шешімін өзгертуін өтінгім келеді.

— Оның қажеті қанша? Ол елдің бәрінің титығына тиіп болды емес пе?

— Қызыым, Құдайдың Сөздерін естіген соң ол қырысқ әрі керегар пиғылынан бас тартып, тәуба етуі ықтимал. Исаңың: «Мен адамзатты соттауға емес, құтқаруға келдім». Немесе: «Дәрігерге дені сау адамдар емес, ауру адамдар мұқтаж» деген сөздерін есіңе алғаның жөн болар. Иса Тілекті де жаксы көреді. Менің айтқандарымды ой елегінен өткізіп, ойланып көр. Мен өз бөлмеме кеттім.

Ардақ Тілек туралы папасының айтқандарын ойлап, ұзак отырды. Ақыры көзі үйқыға кетіп бара жатып, осы бір дөрекі мінезді баланың істерін кек санамай-ақ, ол үшін сиынатындығы, міндетті түрде балалар үйіндегі достарына баратындығы туралы шешім қабылдады.

Ертеніне мектептен қайтып келе жатып темір дарбаза жанына жеткенде жүрісін баяулатты. Осы жолы оны бір топ бүлдіршіндер күтіп отырған еди. Олар темір шарбақтың ар жағынан Ардаққа қолдарын созып, өздеріне қарай шақырды. Ұмытып, шатасып қалған жерлерін қайтадан есіне түсіріп, кешегі өлеңді қайтадан оқып беруін өтінді. Ардақтың көңілі босап кетті. Дәл сол жерде тұрып, олардың өтініп

сұраған өлеңін оқып берді. Балалар Ардаққа риза болып, алғыстарын айттып жатты. Осы кезде бұл жерге тағы да Тілек жетіп келді. Оны көре сала тағы да желкемізден түйгіштеп жүре ме деп үрейленген балалар тым-тырақай болып қаша жөнелді.

Ардақ Тілектің бетіне қарап еді, еріксізден күлкісі келді. Оның бүгінгі түрі бұрынғыдай ызғарлы емес, күлкілі болып көрінді. Оның дәл қазіргі түрі өзінен өзі қоқыланып тұратын қоразға үқсан кетті. Ардақ оның сөздерін естісе де, мән бермesten, сабырлы, жайбарақат күйде үйіне қарай бара жатты. Осы баланың Құдайдың сүйіспеншілігіне зәру екендігін ол жақсы туғынды.

Осылайша уақыт етіп жатты. Балалар үйі мен қауымның арасында тығыз байланыс қалыптасты. Жазғы каникул жақындан қалған кезде мәсіхшілер балалар үйінің балаларына арнап күтпеген сыйлық дайындаған бастады. Бұл туралы Ардақ бейхабар еді. Өзінің папасы мен мамасы және олардың достары мен таныстары әрдайым кешкілік бас қосып отырғанда, құпия түрде сыбырласып, әлдебір мәселелерді талқыласып жүретін. Ардақ ол құпияны білгісі келіп, әбден ынтызар болды.

Күндердің бір күнінде Ардақ мектептен келе жатып, балалар үйіне соққан еді. Кішкене балалар шарбактың ар жағында тұрып, оған Тілектің ауруханаға түсіп қалғандығын, оның соқыр ішегіне операция жасағандығын айтты. Олар Ардаққа: «Бұрынғыдай жасқаншақтамай-ақ дарбазаның қасында қанша тұрамын дегің келсе, сонша тұра бер» дегенді айтты. Ардақ бұл хабарды ести салысымен үйіне қарай тез-тез басып, асығыс кетіп бара жатты. Балалар оның бұл қылышына түсінбей, аң-таң болды.

Ардақ есіктен кірмей жатып:

- Мама, мама, Тілек ауруханаға түсіп қалыпты. Соқыр ішегіне операция жасалған көрінеді. Ол жападан-жалғыз жатқан болар. Оның ешкімге де сүйкімі жоқ балағай! Түсінесің бе?
- Эрине. Мен қазір балалар үйіне телефон шалып, оның қай ауруханада, қай палатада жатқанын білейін. Кешкісін папаң екеуің оған барып қайтарсындар.
- Ол таңырқайтын болар. Рахмет саған, мама!

Кешкісін Ардақ папасымен бірге қалалық ауруханада жатқан Тілектің көңілін сұрай барды. Ол жататын палатаның жанына келгенде Ардақ папасынан:

– Папа! Мен оның палатасына жалғыз өзім кірсем қайтеді? – деп сұрады.

– Кірсөн, кіре ғой! Мен сен үшін сиынайын. Құдай жар болсын өзіне!

• Тілектің түрі мұлде өзгеріп кетіпті. Көздерінің алды шұнірейіп, еріндегі кеберсіп, ісіп кетіпті. Шашы үйла-түйпа.

Ардақтың келгеніне ол қатты таңырқады.

– Сенбісің? Мұнда неғып жүрсің? Өлең окуға келдің бе? Тайып түр келген жағына қарай!

– Жанжалдасуды қояйық! Келген қонақпен осылай сөйлесуге бола ма екен? Егер өлең тыңдағың келсе, оқып беруге бармын, – деді Ардақ сабырлы дауыспен.

Тілек кекесінмен мырс етті де қойды. Ардақ өзі ұмытып, аяқсыз қалдырған өлеңнің жалғасын басынқы дауыспен жайлап оқи бастанды. Тілекке жақын жерде көздері күлімдеп тұратын, мұртты кісі жатыр екен. Ол да өлең жолдарына ден қойып тыңдал отырды.

– Өте жақсы өлең екен. Мен бұрын-соңды мұндай өлеңді естімеген едім. Сенің атың кім болады? – деп сұрады әлгі кісі.

– Ардақ. Мен сенушімін. Жексенбілік мектепте біз осындаі өлеңдерді оқимыз.

– Сен кімге сенесің?

– Исаға сенемін. Қаласаңыз ертең сізге Інжілді әкеліп, оқып берейін!

– Әкелсөң әкел. Оқып көрелік!

– Көріскенше күн жақсы, Тілек! Мен ертең осы уақытта тағы да келермін. Саған папам мен мамам сәлем айтып жатыр.

– Тілек тағы да кекесінмен мырс етті де, күнгірлеп түсініксіз бір нәрселерді айтып жатты. Ардақ оған көңіл бөлген жоқ. Өзінің келгеніне дән риза болып, үйіне қайтты.

Ол ауруханаға жеті күн бойына үзбестен барып тұрды. Тілек болса өзінің Ардақтың келгенін күтіп отырған сыңайын білдіргісі келмей, тырысып бақты. Бірақ Ардақ оның бүл қылышын жақсы түсінді. Ауруханаға келгенде Ардақ өздерінің жексенбілік мектептерінде өтетін сабактар туралы әңгімелеп беріп жүрді. Балаларға арналған қызықты әңгімелерді оқыды. Тілектің қасында жатқан Қайрат ағайдың сұрактарына жауап берді. Тілекті емдел жатқан дәрігерлерге Інжіл кітабын үlestірді.

Тілекті аурұханадан шығаратын күн жазғы каникулдың бірінші күнімен түспа-түс келді. Ардақ үйқыдан оянғанда Тілекті қарсы алуға уәде бергені есіне түсті. Мамасы ас даярлап, әбігер болып жүр. Көп үзамай-ақ отбасы мүшелері таңертеңгі асқа отырысты.

– Бүгін құпия сырды аштын уақыт жетті, – деді папасы құлімсіреп.

– Қандай құпияны айтасын, папа!?

– Біздің қауым басшылары балалар үйінің балаларына күтпеген, тосын сыйлық жасауды үйғарған-ды. Ондағы жоғары сыныптарда оқытын балалар өздерінің каникулдарының жартысынан көп уақытын мәсіхшілердің жасөспірімдерге арналған демалыс лагерьлерінде өткізбек. Ал жасы кіші бүлдіршіндерді мәсіхшілер үйді-үйлеріне альп, олардың каникул күндерін көңілді өткізуіне жағдай жасамақ.

– Рас па? – деп Ардақ қатты қуанып кетті.

– Балалар отбасында болып, үй жағдайында жүріп, уақыттарын көңілді өткіzsін. Біз өзіміздің үйімізге үш бала алатын боламыз. Біздің үйде отбасы мүшелері аз. Ол балалар өзін емін-еркін сезінетіні сөзсіз.

Папасы сөзін одан әрі жалғастырды:

– Біздің үйге келетін қонақтардың екеуі – кішкене балалар. Ал үшінші кім екенін ойлап тапшы, кәне?

– Кім болмак, папа? Шынымен-ақ Тілек пе?

– Дұрыс таптың, қызым! Оған операция жасалғандықтан жүдеп-жадап, әлсіреп қалды. Лагерьде оған қын тиетін болар. Жорықтарға шығып, суда жүзу керек. Ал Тілек емін жалғастырып, күтім алуды керек. Бұған сен қарсы емессің бе, қызым?

– Қалай ойлайсың, мұның ыңғайы келе қояр ма екен? – деп Ардақ күмілжіп қалды.

– Бәрі дұрыс болады, – деп кішкене Майгүл олардың сөздерін бөліп жіберді.

Бұл жай Тілекті таң қалдырыды. Ол Ардақтың қызық мінезіне, қайырымдылығына кәнігі болып қалған. Бірақ мынадай жақсылықты одан күтпеген еді. Ертеңіне Тілек Ардақтың үйіне келді.

Каникул күндері қызықты да мазмұнды болып өтіп жатты. Жексенбілік мектепке келушілердің саны көбейген үстінен көбейе түсті. Көген көзді кішкене бүлдіршіндер, жасөспірім балалар Ізгі хабаршылардың айтқан қызықты әнгімелерін ерекше ден қоя тындал жүрді. Күндердің күнінде Тілек жексенбілік мектепте, ең алғаш рет Құдайға сиынып, Исаны Құтқарушысы ретінде жүргегіне қабылдады.

Оқу басталар алдында балалардың бәрі балалар үйіне денелері шымырланып, көнілдері көтерінкі болып оралды. Мұғалімдер мен тәрбиешілер олардың бойындағы осындағы өзгерістерді байқап, дәнғириза болысты.

Тілекті қақпаға дейін шығарып салып:

- Көрісkenше, Тілек! – деді Ардақ.
- Көрісkenше, Ардақ. Ертең сабактан кейін әдеттегідей сені күтеміз, – деді Тілек.

Өздерінің қонақтарымен қоштасқан соң Ардақ достары Аскар мен Дәуренді қимай, жыламсырап тұрған сінілісі Майгүлді ертіп үйіне қарай бетtedі.

Құдайға сенген адамдардың Жаратушының ыстық сүйіспеншілігіне бөленип, өздерін бақытты сезінетіні, сенім жолында жүріп, өздерінен көптеген достар, сенуші үстаздар табатыны қандай фанибет десеңізші! Иеміз Иса өз өмірін пида еткені бекер емес екендігін, өзіне сенуші адамдар үшін аспан көргіне жол ашқанын көріп, риза болары сөзсіз! Бұл туралы Ардақтың отбасында, қауымда, жексенбілік мектептеге балалар үйінде жан-жақты сөз болғанды.

# ШАРАПАТ

Балаларға арналған рухани-тәнімдүк журнал



ҚЫМБАТТЫ БАЛАЛАР!

Сіздерді жаңадан

жарық көрген

“ШАРАПАТ” журналына

жазылуға шақырамыз.